

Қазақстан Республикасындағы Өрт қауіпсіздігі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2006 жылғы 8 ақпандағы N 35 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 20 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4126. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 22 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2012.01.16 № 22 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Шаруашылық жүргізу объектілеріндегі және тұрғын үйлердегі өрттердің алдын-алу, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығын, олардың мүлкін қорғау мақсатында және Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы Өрт қауіпсіздігі ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 9 шілдедегі N 19»"Қазақстан Республикасындағы Өрт қауіпсіздігі ережесін бекіту туралы. Негізгі талаптар. 08-97 КР ӨҚЕ" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімінде N 866 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері бюллетенінің 1999 жылғы 11-12 нөмірлерінде жарияланды) қаулысының;

2) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының 2000 жылғы 19 қарашадағы N 214 "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің 1999 жылғы 9 шілдедегі N 19 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімінде N 1273 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінің 2001 жылғы 5 нөмірінің 319 бетінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар бірінші вице-министрі Н.Қ.Бижановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жариялануынан он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
8 ақпандағы 2006 жылғы
N 35 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасындағы Өрт қауіпсіздігі ережесі

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Жалпы ереже 1-тарау. Жалпы талаптар

1. Қазақстан Республикасындағы Өрт қауіпсіздігі ережесі (бұдан әрі - Ереже) азаматтардың өмірі мен денсаулығын, жеке, заңды тұлғалардың мүлкін, меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік мүлікті қорғау, қоршаған ортаны қорғау мақсатында меншік нысанына қарамастан, жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың оларды қолдануы және орындауы үшін өрт қауіпсіздігі талаптарын анықтайды.

2. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың, кәсіпорындардың басшыларына жүктеледі. Ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары атқаратын лауазымы бойынша немесе қолданыстағы нормативтік құқықтық және басқа да актілер күшінде орындалатын жұмыстың сипатына қарай тиісті өрт қауіпсіздігі ережелерін орындайтын және белгілі жұмыс учаскелерінде олардың сақталуын қамтамасыз ететін тұлғаларды тағайындайды.

3. Ұйымның барлық жұмысшылары тек өртке қарсы нұсқаулықтан өткеннен кейін ғана жұмысқа жіберіледі, ал жұмыс сипаты өзгерген жағдайда ұйым басшылары бекіткен тәртіппен ықтимал өрттердің алдын алу және сөндіру бойынша қосымша оқудан өтеді.

4. Ұйым жұмысшыларын объектілердегі өрттердің алдын алу және олармен күресу бойынша жұмысқа жұмылдыру үшін өрт-техникалық комиссиясы мен ерікті өртке қарсы құрамалары құрылады.

5. Мүлік иелері, мүлікке иелік етуге, пайдалануға және билік етуге уәкілетті тұлғалар, оның ішінде ұйымның басшылары мен лауазымды тұлғалары, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін белгіленген тәртіппен тағайындалған жауапты лауазымды тұлғалар:

- 1) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға, сондай-ақ өртке қарсы қызметі органдарының ұйғарымдамалары мен басқа да заң талаптарын орындауы;
- 2) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеуге және

ж ү з е г е

а с ы р у ы ;

3) өртке қарсы үгіт-насихат жүргізуге, сондай-ақ өз жұмысшыларына өрт қауіпсіздігі шараларын оқып-үйретуі;

4) белгіленген нормаға сәйкес өртке қарсы қызметі бөлімшелерін құруы және ұ с т а у ы ;

5) өрт сөндіру жүйелері мен құралдарын жарамды күйде ұстауы, оларды мақсатсыз пайдалануға жол бермеуі;

6) өрт сөндіру, олардың пайда болу себептері мен шарттарын және дамуын анықтау кезінде, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуына және өрттердің пайда болуына кінәлі тұлғаны анықтауда өртке қарсы қызметіне көмек к ө р с е т у і ;

7) өрттерді анықтаудың және сөндірудің автоматтандырылған құралдарын енгізу жөніндегі шараларды жүзеге асыруы;

8) өртке қарсы қызметінің өкілдеріне заңнамада белгіленген тәртіппен ұйымдардың аумағында өздерінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыру кезінде р ұ қ с а т б е р у і ;

9) өртке қарсы қызметі органдарына өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, оның ішінде өндірілетін өнімдердің өрт қауіптілігі туралы, сондай-ақ аумақтарда болған өрттер мен олардың салдарлары туралы мәліметтер мен құжаттарды т а п с ы р у ы ;

10) болған өрттер, өртке қарсы қорғаныс жүйелері мен құралдарының жарамсыздығы туралы, жолдар мен кірме жолдар жай-күйінің өзгерістері туралы өртке қарсы қызметіне дереу хабарлауы тиіс.

6. Заттарды, материалдарды, бұйымдар мен жабдықтарды дайындаушылар (жеткізушілер) тиісті техникалық құжаттарда осы заттардың, материалдардың, бұйымдар мен жабдықтардың өрт қауіпсіздігінің көрсеткіштерін, сондай-ақ оларды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі шараларын көрсетеді.

7. Барлық өндірістік, әкімшілік, қойма мен қосалқы үй-жайларда телефондардың жанында өртке қарсы қызметті шақыратын телефон номері көрсетілген к е с т е і л і н е д і .

8. Әрбір ұйымда бұйрықпен (нұсқаумен) олардың өрт қауіптілігінің тиісті өртке қарсы тәртібі орнатылады, оның ішінде:

1) ашық отты пайдалану тәртібі мен қауіпсіздік шаралары анықталады;

2) темекі шегуге арналған орындар анықталады және жабдықталады;

3) өрт сөндіру автокөліктерінің объектіге өту тәртібі анықталады;

4) үй-жайларда бір мезгілде сақталатын шикізат пен толық және жартылай дайын өнімдердің орны мен саны анықталады;

5) жанармай қалдықтары мен тозандарды тазалау, майлы арнайы киімдердің сақталу тәртібі белгіленеді;

6) өрт болған жағдайда және жұмыс күнінің соңында электр жабдықтарын ток көзінен ажырату тәртібі анықталады;

7) уақытша отты және басқа да өрт қаупі бар жұмыстарды жүргізудің тәртібі белгіленеді;

8) жұмыс аяқталғаннан кейін бөлмелерді тексеру және жабу тәртібі белгіленеді;

9) өрт кездегі жұмысшылардың іс-қимылдары белгіленеді;

10) мамандықтар (лауазымдар) тізбесі, өртке қарсы нұсқаулық пен өрт-техникалық минимумы бойынша сабақтар өткізудің мерзімі мен тәртібі анықталады, сондай-ақ оны өткізуге жауаптылар тағайындалады.

9. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқауларға қойылатын талаптарға сәйкес (1-қосымша) әр объектіде әрбір өрт жарылыс қаупі және өрт қаупі бар учаскелерге (шеберханаларға, цехтарға) арналған өрт қауіпсіздігі талаптарына сәй нұсқаулар әзірленеді.

10. Бір мезгілде оннан астам адам болатын ғимараттар мен құрылыстарда (тұрғын үйлерден басқа) өрт болған жағдайда адамдарды көшіру жоспарлары (кестелері) әзірленіп, көрнекті жерге ілінеді, сондай-ақ адамдарды өрт туралы құлақтандыру жүйесі (қондырғысы) қарастырылады.

Адамдар жаппай жиналатын объектілер адамдар тұрақты немесе уақытша келетін бір немесе бірнеше үй-жайлары бар (авариялық жағдайлардан басқа) 1 м² орынға бір адамнан артық келетін алаңы 50 м² және одан да көп объектілер болып табылады.

Адамдар жаппай жиналатын объектілерде өрт болған жағдайда адамдарды қауіпсіз және жылдам көшіруді қамтамасыз ету бойынша қызметкердің іс-әрекеттерін анықтайтын адамдарды көшірудің үлгі жоспарына қосымша нұсқау әзірленуі қажет, әр жарты жылда кемінде бір рет адамдарды көшіруге жұмылдырылған барлық жұмысшылармен тәжірибелік жаттығулар өткізілуі тиіс.

Адамдар түнде жиналатын объектілер үшін (балабақшалар, мектеп-интернаттар, ауруханалар) нұсқауда іс-әрекеттің екі түрі қарастырылады: күндізгі және түнгі уақыт. Аталған объектілердің басшылары күн сайын өртке қарсы қызметі белгілеген уақытта өрт сөндіру бөліміне өртке шығу ауданында орналасқан объектілер мен әр объектідегі адамдардың саны туралы ақпаратты хабарлайды.

11. Қозғалысы нашар санатқа жататын адамдар (қозғалыс аппараттары зақымданған мүгедектер, көздері нашар көретін және есту қабілеттері нашар, сондай-ақ егде жастағы және уақытша еңбекке жарамсыз тұлғалар) тәулік бойы болатын ғимараттар мен құрылыстарды өрт туралы адамдарды құлақтандыру

жүйесіне қосылған, дабылды қайталайтын жарықтандырылған, дыбысты және көрнекті дабыл қаққыштармен дер кезінде жеткілікті және сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету қажет.

Жарықтандырылған, дыбысты және көрнекті хабарландырушы дабыл қаққыштар аталған санаттағы тұлғалар болатын үй-жайларға, сондай-ақ әрбір көшіру, авариялық шығу және көшіру жолдарында орнатылуы тиіс.

Жарық беруші белгілер түріндегі жарық дабылдары дыбысты дабылдармен бір мезгілде қосылады. Жарық дабылының жыпылықтау жиілігі 5 Гц аспауға тиіс. Көрнекті ақпараттар қарама-қарсы түстегі жерлерге көру қашықтығына сәйкес келетін белгілер өлшемімен орнатылады.

Мұндай ұйымдарға қызмет көрсетуші тұлға өртке қарсы қызметі органдарымен келісілген нұсқау бойынша қозғалысы нашар санатқа жататын тұлғаларды көшіру бойынша арнайы оқудан өтуі тиіс.

12. Ұйым жұмысшылары, сондай-ақ азаматтар:

1) өрт болған жағдайда өртке қарсы қызметі бөлімшесіне хабарлауы және адамдарды, мүліктерді құтқаруға қажетті шараларды қолдануы және өртті жоюы;

2) газ құралдарын, тұрмыстық химия заттарын пайдалану, тез тұтанғыш (бұдан әрі - ТТС) және жанғыш сұйықтықтармен (бұдан әрі - ЖС), басқа да өртке қатысты қауіпті заттармен, материалдармен және жабдықтармен жұмыс істеу кезінде сақтану шараларын орындауы тиіс.

13. Адамдар жаппай қатысатын шараларды (кештер, би кештері, жаңа жыл шыршасының жанындағы салтанатты мереке, ойын-сауықтар) ұйымдастырушылар іс-шаралар басталмас бұрын бөлмелерді мұқият қарап, олардың өрт қауіпсіздігіне толықтай сай екендігіне көз жеткізеді.

14. Ұйым басшылары қауіпті (жарылыс қаупі бар) тез әсер ететін улы заттар қолданылатын, өңделетін және сақталатын аумақтар мен осы кәсіпорындарда өрт сөндіруге жұмылдырылатын жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және алғашқы кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін қажетті мәліметтерді өртке қарсы қызметі бөлімшелеріне хабарлайды.

2-тарау. Аумақтарға, ғимараттарға, құрылыстарға, үй-жайларға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

1 параграф. Аумақтарды ұстау

15. Елді мекендер мен кәсіпорындар аумақтарында жанармай қалдықтарының үйінділерін, қоқыстарды шашуға жол берілмейді. Барлық қалдықтарды арнайы бөлінген алаңдардағы контейнерлерге немесе жәшіктерге жинап, шығарып

16. Елді мекендер мен ұйымдардың аумақтары, ғимараттардың, құрылыстар мен ашық қоймалардың өртке қарсы аралықтарының шекаралары, сондай-ақ тұрғын үйлерге, саяжайлар мен басқа да құрылыстарға жақын учаскелер жанармай қалдықтарынан, қоқыстан, қураған жапырақтардан, құрғақ шөптерден дер кезінде тазартылып тұрады.

17. Ғимараттар мен құрылыстардың, орман қатарының, ағаштардың, басқа да материалдар мен жабдықтардың өртке қарсы аралықтары материалдарды, жабдықтар мен ыдыстарды сақтау қоймасы ретінде, көлік тұрағы және ғимараттар мен құрылыстар салу (орнату) үшін пайдаланылмайды.

18. Ғимараттарға, құрылыстарға, ашық қоймаларға, сыртқы өрт сөндіру сатылары мен өрт сөндіру мақсатында пайдаланылатын су көздеріне барар жолдарды, өтетін жерлер мен кірме жолдарды өрт техникалары өту үшін әрқашан бос және жарамды жағдайда, ал қыста қар мен мұздан тазартып ұстау к е р е к .

Жолдар мен өтетін жерлердің оларды жөндеу үшін немесе өрт сөндіру автокөліктерінің өтуіне кедергі келтіретін басқа да себептер бойынша жабылуы туралы дереу өрт сөндіру бөлімшелеріне хабарлау керек.

Жолдар жабылған кезде тиісті орындарда су көздеріне айналып өту бағытының көрсеткіштері қойылады немесе жөнделіп жатқан учаскелер мен кірме жолдар арқылы өтетін өткелдер орнатылады.

19. Уақытша құрылыстар басқа ғимараттар мен құрылыстардан немесе өртке қарсы қабырғалардан (басқа нормалар бойынша өзге өртке қарсы аралықтары талап етілген жағдайлардан басқа) кемінде 15 м қашықтықта орналастырылады.

Кейбір блок-контейнерлік ғимараттар мен құрылыстар топта 10 аспайтын және ауданы 800 м^2 аспайтын топтармен орналастырылады. Ғимараттардың топтарының және олардан бастап басқа құрылыстарға, сауда дүңгіршектеріне дейінгі арақашықтығы кемінде 15 м болуы тиіс.

20. Қойма және база бөлмелерінде, астық қабылдау бекеттерінің, сауда объектілерінің, мұнай өндіру және қайта өңдеу, ТТС, ЖС және жанғыш газдарды (бұдан әрі - ЖГ), жарылғыш заттардың барлық түрлерінің өнімдерін сақтау, өрт жарылыс қаупі және өрт қаупі бар учаскелерінің, мектепке дейінгі балалар мекемелері мен мектептердің, емдеу және мәдени ойын-сауық мекемелерінің аумағында, астық алқаптарында, көлік құралдарында, сондай-ақ кәсіпорындардың темекі шегуге арналмаған орындарында темекі шегуге жол б е р і л м е й д і .

21. Ғимараттарға, құрылыстарға және жанғыш заттар мен материалдарды ашық сақтау орындарына 50 м жақын жерде алау жағуға, қалдықтар мен

ыдыстарды өртеуге жол берілмейді. Қалдықтар мен ыдыстарды өртеу осы мақсатқа арнайы бөлінген орындарда қызмет көрсетуші қызметкердің бақылауымен жүргізіледі.

22. Елді мекендер мен ұйымдардың аумақтарын түнгі уақыттарда өрт гидранттарын, өрт сөндіру суаттарына барар жолдарды, сыртқы өрт сатылары мен өрт сөндіру құрал-саймандары орналастырылған орындарды, ғимараттар мен құрылыстарға кірер жолдарды жылдам табу үшін сыртқы жарықпен қамтамасыз ету қажет.

Өрт қауіпсіздігі құралдары орналастырылатын (болатын) орындар мен арнайы жабдықталған темекі шегу орындары тиісті таңбаларымен белгіленеді.

23. Ішкі объектілік теміржолдар арқылы өтетін өткелдер мен өту жолдары өрт сөндіру автокөліктері өту үшін босатылады және рельс биіктігінің деңгейінде біртегіс төсеніштері болады. Ішкі объектілік теміржолдар арқылы өтетін өткелдер мен өту жолдарын өрт сөндіру автокөліктері өту үшін бос ұстап, рельс биіктігінің деңгейінде біртегіс төсенішпен қамтамасыз етуі тиіс. Өткелдерде локомотивтері жоқ вагондардың тұруына жол берілмейді. Жол арқылы өтетін өткелдердің саны екеуден кем болмауы тиіс.

24. Тұрғын үй, саяжай және бағбандық мекендер, қоғамдық және азаматтық ғимараттар аумақтарының ашық алаңдары мен аулаларында ТТС мен ЖЖ ыдыстарын (сыйымдылықтар, канистрлер), сондай-ақ сығылған және сұйытылған газ баллондарды қалдыруға болмайды.

25. Ормандарда, орманды алқаптар мен далаларда орналасқан жазғы балалар сауықтыру лагерлерінің аумақтары кемінде ені 3 м болатын минералдандырылған қорғаныс жолағымен қамтамасыз етілуі тиіс.

26. Қызметтері дала, орман және тоғай алқаптарында жүргізілетін ұйым басшылары өздеріне сеніп тапсырылған аумақтарда өрттің пайда болуы мен дамуына жол бермеу шараларын қолданады.

27. Ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, автокөлік жолдарында өрт қаупі кезеңі басталғанға дейін жол бойлары мен кюветтер құрғақ шөп қалдықтарынан тазартылады, сондай-ақ дала алқаптары мен орман автокөлік жолдарының бойында жер жырту жұмыстары жүргізіледі.

28. Автокөлік жолдары бойындағы жыртылатын жерлердің ені кемінде 4 м болуға тиіс. Жыртылған жерлерде құрғақ шөп қалдықтарының жиналуына жол берілмейді.

29. Автокөлік пен теміржол жолдары арқылы жүргізілетін ағаш егу алқаптарын өңдеу периметрі 4 м кем болмауы тиіс.

30. Ағаш отырғызатын орындар мен орман алқаптарын қурап қалған ағаштардан дер кезінде тазартып тұру қажет.

31. Ведомстволық бағыныстылығына және меншік түріне қарамастан,

теміржолдарда өрт қаупі кезеңі басталғанға дейін теміржол бойлары құрғақ шөп қалдықтарынан тазартылады, теміржолға жақын жатқан дала, ағаш отырғызу және орман алқаптары айналасында жер жырту жұмыстары жүргізіледі.

32. Шөптесін өсімдіктерді өртеу өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті бақылаушы органдардың келісімі бойынша жауапты тұлғаның бақылауымен жүргізіледі.

33. Ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, далалық алқаптар жер үлесінің шегі бойынша ені кемінде 4 м болатын жолақ арқылы айналдыра жыртылады.

34. Үй-жайлардың (учаскелердің) саны 300-ден аспайтын ауылдық елді мекендер, бақшалық серіктестіктер мен саяжай-құрылыс кооперативтерінің өрт сөндіру мақсатында саны 300-ден 1000-ға дейінгі үй-жайлары (учаскелер) бар жылжымалы өрт сөндіру мотопомпасы - тіркемелі өрт сөндіру мотопомпалары, саны 1000 астам үй-жайлары (учаскелер) бар - кемінде екі тіркемелі өрт сөндіру мотопомпасы болуы тиіс.

2 параграф. Ғимараттарды, құрылыстарды, үй-жайларды ұстау

35. Барлық өндірістік және қойма бөлмелері үшін өрт жарылыс және өрт қауіптілігінің санаттарын, сондай-ақ бөлмелердің есіктерінде тиісті белгілері белгіленген электр қондырғылары құрылғыларының техникалық нормалары бойынша аймақтардың кластарын анықтау қажет.

Жоғары өрт қауіптілігі бар жабдықтардың қасында қауіпсіздіктің стандартты белгілері ілінугі тиіс.

Өрт жарылыс қауіптілік көрсеткіштері тексерілмеген немесе сертификаттары жоқ материалдар мен заттарды өндіріс процесінде қолдануға, сондай-ақ оларды басқа материалдармен және заттармен бірге сақтауға болмайды.

36. Барлық объектілер алғашқы өрт сөндіру құралдарының қажетті санын анықтауға (2-қосымша) және IV топтағы объектілер мен көлік құралдарына арналған алғашқы өрт сөндіру құралдары тиістілігінің нормаларына (3-қосымша) сәйкес жарамды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен, өртке қарсы қызметті шақыруға арналған байланыс құралдарымен қамтамасыз етілуге және автоматты өрт дабылы жүйесімен, қолданыстағы нормаларға сай өрт сөндіру және адамдарды өрт туралы құлақтандырудың автоматты қондырғысы жүйесімен жабдықталуы тиіс.

37. Ғимараттар мен құрылыстарды найзағайдан қорғау құрылғыларымен жабдықтау қажет.

38. Үй-жайлардың, ғимараттар мен құрылыстардың өртке қарсы жүйелері

мен қондырғыларын (түтінге қарсы қорғаныс, өрт сөндіру автоматының құралдары, өртке қарсы сумен қамтамасыз ету жүйелері, өртке қарсы есіктер, қақпақтар, өртке қарсы жасалған қабырғалар мен аралықтардағы басқа да қорғаныс қондырғылары) жарамды жұмыс күйінде ұстау қажет.

Есіктің өздігінен жабылуына арналған қондырғыларды жарамды жағдайда ұстау қажет. Өртке және түтінге қарсы есіктердің (құрылғылардың) еркін жабылуына кедергі келтіретін қандай да болмасын құралдарды орнатуға жол берілмейді.

39. Өрттің пайда болуына әкелетін жарамсыз жабдықтарда, қондырғылар мен станоктарда, сондай-ақ қауіпсіздік параметрлердің қауіпсіздік шарттарымен реттелген температураның, қысымның және басқалардың берілу тәртібін бақылауды қамтамасыз ететін бақылау-өлшеу құрал-жабдықтары мен технологиялық автоматтары сөндірулі тұрған кезде жұмыс жүргізуге жол берілмейді.

40. Құрылыс құрылымдарының өртке қарсы жабынының (оттан қорғау қасиеттерінің жойылуы мен нашарлауын қоса алғанда сылақ, арнайы сырлар, лак) жанармай және жылу оқшаулау материалдарының, құралдардың металл тіреулерінің ақаулары дереу жөнделуі қажет.

Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес өңделген (сіңірілген) ағаш құрылымдар мен талшықтар өңдеу (сіңіру) мерзімі аяқталған кезде және оттан қорғау қасиеттерін жоғалтқан жағдайда қайта өңделуі (сіңірілуі) тиіс.

Оттан қорғауды өңдеудің (сіңірудің) жай-күйі техникалық құжаттамада көрсетілген мерзім ішінде немесе жылына кемінде бір рет тексерілуі қажет.

41. Өртке қарсы жасалған қабырғалар, аралықтар мен қоршау құрылымдарының қиылысу орындарында әр түрлі инженерлік және технологиялық қатынастардан пайда болған саңылаулар мен тесіктер құрылыс ерітіндісі немесе басқа да отқа төзімді және газ түтінін өткізбейтін қажетті шекті қамтамасыз ететін жанбайтын материалдармен бекітілуі тиіс.

42. Үй-жайларды жалға бергенде жалдаушылар осы тектес ғимараттарға арналған нормалардың өртке қарсы талаптарын орындайды.

43. Ғимараттар мен үй-жайларды қайта жоспарлау кезінде, олардың қызметтік белгілері өзгергенде немесе жаңа технологиялық жабдықтарды орнату кезінде ғимараттар мен құрылыстардың жаңа белгілеріне сәйкес қолданыстағы нормативтік құжаттар қолданылады.

44. Өрт жарылыс қаупі бар объектілерді, республикалық көлемдегі мекемелер мен кәсіпорындарды, ірі театрлық ойын-сауық кәсіпорындары мен тарихи объектілерді, мұнай өңдеу, ағаш өңдеу, химия өнеркәсібі объектілерін, сонымен қатар театрларды, кинотеатрларды, цирктерді, мұражайларды, галереяларды жақын жердегі өртке қарсы қызметі бөлімшелерінің немесе елді мекендердің өрт

сөндіру бөлімі орталық бекетінің тікелей телефон байланысымен қамтамасыз ету
қ а ж е т .

45. Ұйымның ғимараттарында, құрылыстарында (жеке тұрғын үйлерді қ о с п а ғ а н д а) :

1) жертөлелер мен астыңғы қабаттарда ТТС мен ЖС, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды, газ баллондарды, аэрозолды орамдағы тауарларды, целлулоид және басқа да жарылыс қаупі бар заттар мен материалдарды сақтауға және қолдануға;

2) өндірістік учаскелерді, шеберханаларды ұйымдастыру, сондай-ақ өнімдерді, жабдықтарды, жиһаздар мен басқа да заттарды сақтау үшін шатырларды, техникалық қабаттарды, венткамералар мен басқа да техникалық б ө л м е л е р д і п а й д а л а н у ғ а ;

3) жеделсатыда қойма, дүңгіршек, дүкенше орналастыруға;

4) жобада қарастырылған көшіру жолдарындағы өрттің қауіпті факторларының жайылуына кедергі келтіретін қабатаралық дәліздердегі, холлдардағы, фойелердегі, тамбурлар мен сатылы торлардағы және басқа да е с і к т е р д і а л ы п т а с т а у ғ а ;

5) нәтижесінде адамдарды көшіру қауіпсіздігі шарттары төмендейтін, өрт сөндіргіштерге, өрт сөндіргіш крандар мен басқа да өрт қауіпсіздігі құралдарына қол жеткізуді шектейтін немесе автоматикалық өртке қарсы қорғаныс жүйелерінің жұмыс істеу аймағын азайтатын (автоматикалық өрт дабыл қасқышы, өрт сөндірудің тұрақты автоматикалық қондырғылары, түтін жою жүйелері, көшіруді хабарлау және басқару жүйесі) көлемді-жоспарлық ш е ш і м д е р г е ө з г е р і с е н г і з у г е ;

6) балкондар мен лоджиялардағы есіктер мен люктерді, жапсарлас секция аралығы мен сыртқы құтқару сатысына шығатын жолдарды жиһаздармен, жабдықтармен және басқа да бұйымдармен бөгеттеуге;

7) бөлмелерді жинауда және киім жууда бензин, керосин тағы басқа да ТТС және ЖС пайдалануға, сондай-ақ, қатып қалған құбырларды дәнекерлеу шамымен қыздыруға және басқа да жолмен ашық отты қолдануға;

8) сүртілген майлы материалды жинамай қалдыруға;

9) терезелерге толық темір тор орнатуға және жертөле терезелерінің алдында шұңқыр жасауға (қойма бөлмелерінен, кассалардан, қару тұратын үй-жайлардан, мекеменің кұпия бөлімдерінен басқа);

10) өрт кезінде қауіпсіздік аймағына қатысты балкондарды, лоджиялар мен г а л е р е я л а р д ы ш ы н ы л а у ғ а ;

11) сатылы торлар мен дәліздерде қойма (қосымша бөлмелер) орналастыруға, сондай-ақ саты алаңы мен маршының астында заттарды, жиһаздар мен басқа да жанғыш материалдарды сақтауға жол берілмейді. Бірінші және астыңғы қабаттардағы саты марштарында тек жанбайтын материалдардан жасалған

қалқамен қоршалған орталық жылу беруді басқару торабы, су өлшегіш және электрқалқан торабы орындарын жасауға рұқсат етіледі;

12) өндірістік және қойма ғимараттарының бөлмелерінде антресолдар, қоршаулар, тұрмыстық бөлмелер, қойма бөлмелерін, кеңселер мен басқа да бөлмелерді жанғыш материалдардан салуға жол берілмейді.

46. Ғимараттар мен құрылыстардың сыртқы өрт сөндіру сатылары мен шатырлардағы (жабындардағы) қоршауларды жарамды күйде ұстау қажет және бес жылда бір рет пайдалану сынағынан өткізу қажет.

47. Бір ғана көшіру жолы бар үй-жайларда бір мезгілде 50 және одан да астам адамдардың болуына жол берілмейді.

Отқа төзімділігі IV және V дәрежелі ғимараттарда бір мезгілде 50 және одан да астам адамдардың болуы тек бірінші қабатта ғана рұқсат етіледі.

48. Ойын-сауық, түскі ас ішу, көрме, сауда, биржалық, спорттық, мәдени және басқа да залдарға (орындарға), трибуналарға, сондай-ақ басқа да бөлмелерге келушілер саны өрт кезінде адамдарды құтқару қауіпсіздігімен қамтамасыз ету жағдайларына байланысты жобалау нормасында көрсетілген немесе есептеп анықталған санынан аспауға тиіс. Жобалау нормасында есепке қажетті деректер болмаған кезде залдағы адамдарды көшіру уақытын қамтамасыз ету - 2 минут, ал алаңның бір адамға келетін есептік көрсеткіші - $0,75 \text{ м}^2$ болуы тиіс.

49. Технология талаптары бойынша адамдардың үздіксіз келуін талап етпейтін шатырлы үй-жайлардың, сондай-ақ техникалық қабаттар мен жертөлелердің есіктері құлыпталады. Аталған бөлмелердің есіктерінде кілттің қайда сақталатыны туралы ақпарат жазылып тұруы керек. Шатырлардың, техникалық қабаттар мен жертөлелердің терезелері әйнектеліп, үнемі жабық тұруы қажет.

Асты желдетілетін үйлердің құрылымында жанатын заттар болса, ол жерге бөгде адамдардың кіруіне шектеу қойылады.

Ғимараттың (құрылыстардың) астыңғы және жертөле терезелерінің ойықтары қоқыстан және басқа да заттардан тазартылады. Аталған ойықтарды қорғайтын металл торлар ашуға ыңғайлы болады, ал терезелердегі ілмектер ішінен кілтсіз ашылады.

50. Бөлмелерді жарықтандыру үшін пайдаланылатын керосиндік шамдар мен үстел үстіне қойылатын керосиндік шамдардың тұғырлары құламайтындай нық күйде орнатылады.

Аспалы керосиндік шамдар (фонарь) пайдалану кезінде мықтап бекітілуге және әйнектің астында сақтандырғыш металл қақпақтарымен жабдықталуы тиіс. Шам астындағы қақпақтан немесе шам қақпағынан жанғыш (жануы қиын)

жабынның (төбенің) құрылысына дейінгі арақашықтық кемінде 0,7 м, ал жанғыш (жануы қиын) материалдардан кемінде 0,2 м болуы қажет.

Қабырғаға ілінетін керосиндік шамдардың (фонарь) құрылымда қарастырылған шағылдырғыштары болуға және қабырғаға мықтап бекітілуге тиіс.

51. Керосиндер, керогаздар және примустар дайындаушы-зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқауына сәйкес отынмен толтырылуға тиіс. Аталған құралдарды тез тұтанғыш сұйықтықтармен (оның ішінде бензинмен, спиртпен, ерітіндімен) толтыруға тыйым салынады.

52. Қолданылған сүрткіш материалдарды жабылатын қақпағы бар металл контейнерлерге жинау қажет. Қолданылған сүрткіш материалдарды жинау мерзімділігі олардың жұмыс орындарына жиналуларына байланысты болады. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін контейнер ішіндегі заттар ғимараттардың сыртынан алынуы қажет.

53. Майлармен, лактармен, сырлармен және басқа да ТТС және ЖС жұмыс істейтін тұлғалардың жұмыс киімдерін арнайы орнатылған металл шкафтарда ілулі түрде сақтау қажет.

54. Витраждары бар бір қабаттан биік ғимараттарда әрбір қабатқа қойылған түгін өткізбейтін, жанбайтын заттан жасалған диафрагмалар құрылымын өзгертуге болмайды.

55. Адамдар жаппай жиналатын жаңа-жылдық кештер мен басқа да шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде:

1) кемінде екі көшіру жолымен қамтамасыз етілген, жобалау нормасының талаптарына жауап беретін, терезелерінде темір торлары жоқ және 2 қабаттан аспайтын жанғыш жабынды ғимараттарды пайдалануға болады;

2) шыршалар орындарында мықтап бекітіліп, бұтақтары қабырғалар мен төбеге тимейтіндей есепте орналастырылуы және ғимараттан шығарғанда қиындық туғызуы тиіс;

3) бөлмеде электрлік жарықтандыру болмаған жағдайда іс-шаралар күндізгі уақытта өткізілуі тиіс;

4) шырша иллюминациясы тек электрқондырғылары құрылымдарының техникалық нормаларына (бұдан әрі - ЭҚТН) сәйкес келуі қажет. Шыршаға электр жарықтандыру торабын пайдаланғанда төмендету трансформаторы болмаса, онда тек тізбекті гирляндтарды пайдаланып, ондағы шамдардың кернеуі 12 В, қуаты 25 Вт аспауы тиіс;

5) иллюминацияда ақау кездескен жағдайда (сымдардың күйі, шамдардың жыпылықтауы, ұшқын шығу) дереу сөндіру қажет;

6) іс-шараларды өткізу кезінде залда, сахнада жауапты тұлғалардан, өртке қарсы құрылым мүшелерінен немесе өртке қарсы қызметі жұмысшыларынан

кезекшілер ұйымдастыру қажет. Іс-шаралар өткізілетін үй-жайлар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

М ы н а л а р ғ а :

- 1) терезе торлары ашылмаған ғимараттарда іс-шаралар өткізуге;
- 2) доғалы прожекторларды, білтелер мен ұрғыштарды (хлопушкаларды) қолдануға, өрт тудыруы мүмкін фейерверк және басқа да жарықтық өртке қауіпті э ф ф е к т і л е р д і о р н а т у ғ а ;
- 3) шыршаларды целлулоидты ойыншықтармен, сондай-ақ оттан қорғау құрамы сіңірілмеген дәкемен және мақтамен безендіруге;
- 4) балаларды тез тұтанғыш материалдардан тігілген киіммен киіндіруге;
- 5) отты және басқа да жарылу және өрт қаупі бар жұмыстарды жүргізуге;
- 6) бөлме терезелерін қараңғылауға;
- 7) қатарлар арасындағы өту жолының енін қысқартуға және өту жолдарында қосымша креслолар мен орындықтар қоюға;
- 8) бөлмеде қойылым немесе көрсетілім жүріп жатқан кезде жарықты т о л ы қ т а й ө ш і р у ғ е ;
- 9) бөлмелерге белгіленген нормадан тыс адамдар кіргізуге жол берілмейді.

3 параграф. Көшіру жолдары

56. Көшіру жолдары мен есіктерін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі бойынша (оның ішінде жарықтандыру, көшіру жолдары мен есіктерінің саны, өлшемі және көлемді-жоспарлы шешімдері бойынша, сондай-ақ көшіру жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілері бойынша) жобалық шешімдер мен нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау қажет.

57. Көшіру жолдарындағы есіктер еш қиындықсыз, шығу бағытына қарай а ш ы л у ы қ а ж е т .

58. Көшіру жолдарының есік ілмектері ғимарат (құрылыс) ішіндегі адамдар қажет болған жағдайда кілтсіз аша алатындай болуы қажет.

59. Көлемді, электр торабынан дербес қоректенетін, өздігінен жарық беретін, көшіру жолдарында пайдаланылатын өрт қауіпсіздігінің белгілері (оның ішінде жарықтық көрсеткіштер "Көшіру (қосалқы) есігі", "Көшіру жолының есігі"), үнемі жарамды жағдайда және іске қосылулы болуы қажет. Ойын-сауық, демонстрациялық, көрме және басқа да залдарда олар тек адамдар жиналып, іс-шаралар өткізу кезінде ғана іске қосылады. Эвакуациялық жарықтандыру жұмыс істейтін жарықтандыру электрқорегі тоқтаған кезде автоматты түрде қ о с ы л у ы қ а ж е т .

60. Көшіру жолдары мен есіктерін пайдалану кезінде:

- 1) көшіру жолдары мен есіктерін (оның ішінде өту жолдарын, дәліздерді,

тамбурларды, галереяларды, лифтілік холлдарды, сатылы алаңдарды, саты марштарын, есіктерді, көшіру люктерін) әр түрлі материалдармен, бұйымдармен, жабдықтармен, өндіріс қалдықтарымен, қоқыстармен және басқа да заттармен бөгеуге, сондай-ақ көшіру есіктерін жауып тастауға;

2) тамбурға шығар жолдарда (пәтерлер мен жеке тұрғын үйлерден басқа) киім кептіретін және ілетін орындар, киім ілгіштер дайындауға, сондай-ақ құрал-саймандар мен материалдарды (оның ішінде уақытша) сақтауға;

3) көшіру жолдарының табалдырығында (есік ойықтарының табалдырықтарынан басқа) жылжымалы және көтерілмелі-түсірілмелі есіктер мен қақпалар, айналмалы есіктер мен түрнектер, сондай-ақ адамдарды көшіруге кедергі келтіретін басқа да заттарды орналастыруға;

4) қабырғалар мен төбелерді, сондай-ақ көшіру жолдарындағы сатылы алаңдарды сырлау, қаптау, әрлеу үшін жанғыш материалдарды (отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттардан басқа) қолдануға;

5) сатылы алаңдардың, дәліздердің, холлдар мен тамбурлардың өздігінен жабылатын есіктерін ашық түрде бекітуге, сондай-ақ алып тастауға;

6) түтінденбейтін сатылы торларда ауа аймағының жалюзиін шынылауға немесе жабуға;

7) армерленген шыныны шыныланатын есіктерге қарапайым шынымен және фрамугқа алмастыруға жол берілмейді.

61. Технологиялық, көрмелік және басқа да құрал-жабдықтарды орналастыру кезінде үй-жайлар көшіру жолдарының жобалау нормаларына сәйкес сатылы торлармен және басқа да көшіру өткелдерімен қамтамасыз етілуі қажет.

62. Адамдар жаппай келетін объектілерде электр энергиясы сөнген жағдайда қызмет етуші тұлғада электр шамдары (фонарь) болуы қажет. Объект басшысы объектінің ерекшелігін, кезекшілерді, ғимараттағы адамдардың санын ескере отырып, әр кезекшіге бір шамнан келетіндей етіп анықтайды.

63. Адамдар жаппай келетін ғимараттарда кілемдер мен кілемшелер және басқа да еденді жауып тұратын төсеніштер еденге мықтап бекітіледі. Жалынның тез таралуына икемді өңдеу материалдары, кілемдер мен басқа еден жабындары жанған кезде көшіру жолдарында жанғыш, тез тұтанатын және уландырғыш материалдарды қолдануға жол берілмейді.

3-тарау. Электр желілерін, электр қондырғылары мен электр-техникалық бұйымдарын монтаждау, пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары

64. Электр желілерін, электр қондырғылары мен электр-техникалық бұйымдарын жобалау, монтаждау, іске қосу, пайдалану, сондай-ақ олардың

техникалық жай-күйін тексеру ЭҚТН, тұтынушылардың электрқондырғыларын техникалық пайдалану нормаларына (бұдан әрі - ТПН), тұтынушылардың электрқондырғыларын пайдалану кезіндегі техникалық қауіпсіздік нормаларына (бұдан әрі - ТҚН) сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

65. Электр қозғалтқыштардың, электр шамдарының, басқару аппараттарының, іске қосуды реттеушінің, бақылау-өлшеу және қорғау аппаратурасының, қосалқы жабдықтардың, электр сымдары мен кабель желілерінің ЭҚТН бойынша аймақтардың класына сәйкес қорғау қабаты болуы қажет.

66. Барлық электрқондырғылары өртке және жануға әкеліп соғатын қысқа тұйықталудан және басқа да дұрыс емес режимнен сақтайтын аппараттармен қорғалуы қажет. Сақтандырғыштардың балқыма қоспаларының нақты тогы таңбада көрсетіліп, калибрленген болуы қажет (таңбаны дайындаушы-зауыт немесе электр-техникалық зертханасы қояды).

67. Барлық тоқ жүретін бөліктер, бөлу қондырғылары, аппараттар мен өлшеуіш аспаптар, сондай-ақ жарылғыш үлгідегі сақтандырғыш құрылғылары, ажыратқыштар және барлық іске қосатын аппараттар мен аспаптар тек жанбайтын негізде құрастырылуы қажет (мрамор, текстолит, гетинакс).

68. Сымдар мен кабельдерді жалғау, тармақтау және түйіндеу өртке қатысты қауіпті жағдайларды болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, пісіру және арнайы қысқыштар көмегімен жүргізу қажет.

69. Электр желілерін уақытша пайдалануға және қондыруға болмайды. Құрылыс және уақытша жөндеу-құрастыру жұмыстарында иллюминациялық қондырғылар мен электр сымдары уақытша қойылуы мүмкін.

70. Тасымалды шамдар қорғаушы шыны қалпақтармен және торлармен жабдықталуы қажет. Осы шамдар мен басқа да тасымалды электр аппараттары үшін ықтимал механикалық әсерді есепке ала отырып, осы мақсатқа арналған иілгіш кабельдер мен мыстан жасалған сымдар қолданылады.

71. Үй-жайларда жұмыс соңына қарай кезекші қызметкердің болмайтындығына байланысты электр қондырғылар мен тұрмыстық электр құралдары тоқтан ажыратылуы тиіс, бұдан басқа кезекшілік жарық көздері, өрт сөндіру мен өртке қарсы сумен қамтамасыз ету қондырғылары, өрт және күзет дабылдары ғана тоқ көзіне жалғанады. Басқа да электр қондырғылары мен электр-техникалық бұйымдар (оның ішінде тұрғын үйлерде де) тек қана олардың қызмет ету мақсатына және (немесе) пайдалану нұсқауына сәйкес болса ғана тоқ көзінен ажыратылмайды.

72. Электр берілісінің (оның ішінде уақытша және салынған кабельмен) ауа жолдарын жанғыш жабынның, шатырдың, сондай-ақ жанғыш заттар, материал мен бұйымдар сақтайтын ашық қоймалардың (қатарлардың, маялардың) үстінде пайдалануға және орнатуға жол берілмейді.

73. Жарық беруші электр желісі ғимараттардың жанғыш құрылыстары мен жанғыш материалдарға тимейтіндей етіп құрастырылуы тиіс.

74. Электр қозғалтқыштары, электр шамдары, сымдар мен бөліп тарату қондырғылары тозаңнан айына кемінде екі реттен, ал едәуір тозаң бөлінетін үй-жайлар айына кемінде төрт реттен тазартылып тұруы қажет.

75. Электр қондырғыларын пайдалану кезінде:

1) дайындаушы ұйымдардың нұсқаулықтарының талаптарына сәйкес келмейтін немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен сәйкес өрттің шығуына әкеп соғатын ақауы бар электр қабылдағыштарды пайдалануға, сондай-ақ зақымдалған немесе оңашалаудың қорғағыштық қасиетін жоғалтқан электр сымдары мен кабельдерді пайдалануға;

2) бүлінген розеткаларды, ажыратқыштарды, басқа да электр қондырғыш бұйымдарын пайдалануға;

3) электр шамдары мен шырақтарды қағазбен, матамен немесе басқа да жанғыш материалдармен орауға, сондай-ақ құрылымда қарастырылған шырақтарды қалпақсыз пайдалануға;

4) өрт қаупін болдырмайтын жанбайтын жылу оқшаулағыш материалдан жасалған тіреуі мен жылу қорғағыш қондырғысы жоқ электр үтіктерін, плиталарын, шәйнектері мен басқа да жылытқыш құралдарды пайдалануға жол берілмейді. Құрылымда қарастырылған термореттегіші жоқ немесе жарамсыз электржылытқыш құралдарын пайдалануға;

5) стандартқа сай келмейтін (қолдан жасалған) электр жылытқыштарды қолдануға, қысқа тұйықталу мен артық салмақтан қорғайтын қолдан жасалған аппараттарды пайдалануға;

6) электр қалқандарының, электр қозғалтқыштары мен іске қосушы аппаратуралардың жанында жанғыш (оның ішінде тез тұтанғыш) заттар мен материалдарды орналастыруға (жинауға);

7) транзиттік электрсымдары мен кабельдік желілерді қойма бөлмелері арқылы, сондай-ақ ЭҚТН бұза отырып жарылыс және өрт қаупі бар аймақтар арқылы орнатуға;

8) электр жылытқыш құралдарын барлық жарылыс және өрт қаупі бар орындарда пайдалануға жол берілмейді.

76. Софитты орналастыру кезінде тек жанбайтын материалдарды пайдалану қажет, ал олардың қаңқалары зақымдаушы арқандармен оқшаулануы қажет.

Прожекторлар мен софиттерді жанғыш материалдар мен құрылыстардан кемінде 0,5 м, ал линзалық прожекторларды кемінде 2 м қашықтықта орналастыру керек. Прожекторлар мен софиттерге арналған жарық сүзгіштер жанбайтын материалдардан болуы қажет.

77. Қысқа тұйықталу мен ұшқын шығаратын, кабельдер мен сымдарды

кыздыратын электр желілері мен аппараттары тез арада кезекші тұлға арқылы қауіпті жағдайға жеткізбестен сөндірілуі тиіс. Ақауы бар электр жүйесі өрт қауіпсіздігі жағдайына келтірілгенше ажыратылуы тиіс.

4-тарау. Жылу беру жүйесіне қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

78. Жылу беру маусымы басталар алдында пештер, қазандықтар, жылу генераторы және калориферлік қондырғылар, басқа да жылу беру құралдары мен жүйелері жөнделіп, тексеруден өткізілуі қажет. Жарамсыз пештер мен басқа жылу беру құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

79. Машинистер, от жағушылар жыл сайын жылу беру маусымы алдында өртке қарсы нұсқаулықтан өткеннен кейін ғана жұмысқа жіберіледі.

80. Өндірістік және басқа да үй-жайларда пеш жағуды жылу беру құралдарын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқау алған, арнайы белгіленген тұлғалар (от жағушылар) іске асырады.

81. Пештер мен басқа да жылу беру құралдарының норма бойынша белгіленген жанғыш құрылыстардан бөліп тұратын өртке қарсы бөлгіштері (шегіністері), сондай-ақ ауданы кемінде 0,5x0,7 м болатын жанбаған және ақауы жоқ пештің алдына (ағаш немесе өзге де жанғыш заттан жасалған едендерге) төселетін қаңылтыры болуы қажет.

82. Жылу беру маусымы алдында пештер мен түгіндіктерді күйеден тазарту керек, ал бүкіл маусым бойына:

- 1) жылу пештері үш айда бір рет;
- 2) үздіксіз қозғалыстағы ошақ пен пештер екі айда бір рет;
- 3) үздіксіз жағылатын ас үй плиталары мен басқа пештер айына бір рет т а з а р т ы л у ы т и і с .

Отын құбырындағы қазандықтың әрбір тозаңдатқыш құралында және жылу генератор қондырғыларында екі бұрамадан (вентиль): біреуі - пештің оттығында, екіншісі - отынды сыйымдылықта болуы қажет.

83. Ұйымдар мен елді мекендерде қазандықтар мен жылу өндіргіш қондырғыларын пайдалану кезінде:

1) арнайы оқудан өтпеген және тиісті біліктілік куәлігін алмаған тұлғаларды ж ұ м ы с қ а ж і б е р у г е ;

2) автоматтандырылмаған қазандықтарда жұмыс істейтін тұлғалар ауысым кезінде жұмыс істеп тұрған қазандықтарды қадағалаусыз қалдыруға;

3) қазандықтар мен жылу генераторлары орнатылған бөлмелерде 1м³ астам ТТС немесе 5 м³ ЖС сақтауға;

4) өрт болған жағдайда құрылғысы жоқ бактарды отынды авариялық

сыйымдылыққа (қауіпсіз орындарда) аудару үшін пайдалануға;

5) жабдықтарды пайдаланудың техникалық шарттарында қарастырылмаған мұнай өнімдерінің қалдықтары мен басқа да ТТС және ЖС отын ретінде п а й д а л а н у ғ а ;

6) жылу беру жүйесінен сұйық отын тамшылап (газдың кемуі) тұрған кезде жылу өндіргіш қондырғыларын пайдалануға;

7) тозаңдатқыш құралдары мен газ жанарғылары сөндірулі кезде отын беруге;

8) қондырғыларды олардың алдын ала үрлеп алмай от жағуға;

9) дайындаушы-кәсіпорында қарастырылған ақауы бар немесе ажыратылған бақылау және реттеу құралдарынсыз жұмыс істеуге;

10) қазандықтар мен бу өткізгіштерде жанғыш материалдарды кептіруге жол б е р і л м е й д і .

84. Пеш арқылы жылу беруді пайдалану кезінде:

1) пеш алдындағы қаңылтырға отынды, жанғыш заттар мен материалдарды о р н а л а с т ы р у ғ а ;

2) пештерді тұтандыру үшін бензин, керосин, дизельдік жағармайларды және басқа да ТТС мен ЖС қолдануға;

3) пештерді отынның мынадай түрлеріне арналмаған газдармен, көмірмен және кокспен жағуға;

4) отқа оттықтың мөлшерінен асатын ұзын ағаш салуға;

5) пешке отынды, киімдерді және жанғыш заттар мен материалдарды к е п т і р у г е және қоюға;

6) үй-жайларда жиналыс немесе басқа іс-шаралар өткізіліп жатқан кезде пеш ж а ғ у ғ а ;

7) газ және желдету жолдарын түтіндеткіш ретінде пайдалануға;

8) пешті шамадан тыс қыздыруға жол берілмейді.

85. Ғимараттар мен құрылыстарда (тұрғын үйлерден басқа) пеш жағу жұмысы аяқталғанға дейін кемінде екі сағат бұрын, ал ауруханалар мен адамдар жаппай келетін басқа да орындарда жатар уақыттан екі сағат бұрын тоқтатылуы т и і с .

Балалар күндіз келетін балалар мекемесінде пешті жағу балалар келерден 1 сағат бұрын тоқтатылуы тиіс.

Пештен шыққан күл мен қоқысқа су құйылып, арнайы қауіпсіз жерлерге т ө г і л у і тиіс .

86. Қазандық қондырғыларының қатты отынмен жұмыс істейтін түтін құбырлары ұшқын өшіргішпен жабдықталуға және айына 3 рет күйеден т а з а р т ы л ы п тұруы тиіс .

87. Шатырдағы түтін жолдары өтетін түтін құбырлары мен қабырғаларын

88. Сауда мекемелерінің ғимараттарында орнатылған қазандықтарды қатты отыннан сұйық отынға ауыстыруға болмайды.

89. Отын (өздігінен жанатын көмір және торф) тез жанғыш құрылыстан 8 метр қашықтықта орналасқан арнайы лайықталған үй-жайларда немесе арнайы белгіленген алаңдарда сақталуы тиіс.

90. Өрт қауіпсіздігі талаптарына, стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес келмейтін металл пештерді орнатуға жол берілмейді.

91. Жатақханалардың, әкімшілік, қоғамдық ғимараттардың және кәсіпорындардың қосалқы ғимараттарының бөлмелерінде, тұрғын үйлерде зауыт дайындаған металл және басқа да пештерді орнату кезінде тұрғын үйлерде осы өнімдердің түрлерін дайындаушы кәсіпорындардың нұсқауын, сондай-ақ жылу беру жүйесіне қойылатын жобалау нормасының талаптарын орындау қажет.

92. Уақытша металл пештерді орнату кезінде мынадай өрт қауіпсіздігі талаптары сақталуы тиіс:

1) металл пештер пышақтарының биіктігі 0,2 м кем болмауы керек. Пеш астындағы жанғыш едендер балшық ерітіндісіне жалпағынан төселген бір қабат кірпішпен немесе үстінде жамылтқы болаттан жасалған қаптамасы бар қалыңдығы 0,012 м асбест картонмен оқшаулануы тиіс;

2) металл пештер ағаш құрылымдардан, жиһаздардан, тауарлардан, стеллаждардан, сөрелерден және басқа да жабдықтардан кемінде 1 метр, оттан қорғайтын құрылымдардан кемінде 0,7 м және от жағу ойықтарынан ағаш құрылымдары мен басқа да жабдықтарға дейін кемінде 1,25 м қашықтықта орнатылуы керек.

93. Металдан жасалған түтін құбырын терезеден шығарған кезде оған өлшемі түтін құбырынан кемінде үш диаметрлік бөлуді ауыстыратын темірден жасалған табақша орнатылуы қажет. Құбырдың соңын ғимарат қабырғасының артына қарай кемінде 0,7 м болатындай етіп шығарып, жоғарыға қарай бағытталатын келте құбырдың биіктігі 0,5 м аяқталуы қажет. Жоғары қабат терезесінен шығарылған келте құбыр карнизден 1 м жоғары болуы тиіс. Келте құбырда қақпақ орналастырылуы қажет.

5-тарау. Желдеткіш жүйелеріне қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

94. Ауа жүретін жолдардағы от жалының бөгейтін құрылғылар (жапқыштар, шиберлер, клапандар), өрт дабыл қаққышының немесе өрт сөндірудің автоматты қондырғысы бар желдету жүйесінің тосқауыл қою құрылғысы және өрт кезінде желдеткішті автоматты түрде өшіретін құрылғылар белгіленген уақытта

тексеріліп, жарамды жағдайда болуы қажет.

95. Ауаны салқындату және желдету жүйесін пайдаланған кезде:

- 1) желдеткіш камерасының есігін ашық қалдыруға;
- 2) сорғыш түтіктерді, тесіктерді және темір торларды жабуға;
- 3) ауа келтірушіге газ жылу аспаптарын қосуға;
- 4) ауа жүретін жолдарда жиналған шөгінділерді, шаңдарды және басқа да жанғыш заттарды күйдіруге жол берілмейді.

96. Желдеткіш камералары, циклондар, сүзгіштер, ауа жүретін жолдар өндірістің жанғыш тозаңдары мен қалдықтарынан ұйым бұйрығы бойынша белгіленген уақытта тазартылады.

97. Жарылыс және өрт қаупі бар үй-жайлар үшін ұйым басшылары (кәсіпорын иесі) желдеткіш жүйесін қауіпсіз әдістермен тазалаудың тәртібін әзірлейді.

98. Өрт қаупі бар өндіріс (қондырғы) бөлмелерінде гидросүзгіштері жарамсыз, сүзгіші құрғақ, шаң ұстағыш және желдеткіштің (аспирация) басқа да қондырғылары сөндірілген болса, технологиялық жабдықтардың жұмыс істеуіне рұқсат берілмейді.

99. Желдеткішке жанғыш шаңдардың, талшықтар мен басқа да қалдықтардың түсуінен алдын алу үшін олардың алдында тас аулағыш, ал металл заттарды шығарып алу үшін магниттік сепараторлар орнатылуы тиіс.

100. Ауа жолдары мен пневматикалық көліктің құбырларындағы жергілікті сорғыш жүйелерінде оларды үнемі тазалап және өрт болған жағдайда оны сөндіру үшін мерзімді қарап тұруға арналған терезе орнатылуы қажет.

101. Бақылау люктерінің арасы 15 м аспауы, сондай-ақ бұрылыстарда, үш тармақта, қабырғалар мен жабындар арқылы өтетін құбырлар қасында орнатылуы қажет.

102. Машиналар мен агрегаттардың тозаңдану құрылғыларындағы ауаны тазалауға арналған сүзгіштер жекеленген бөлмелерде орналастырылуы қажет.

103. Жабдықтан шығарылған тозаңның қайта тарауы кезінде сүзгіштердің көмегімен екі рет тазартылуы қажет.

6-тарау. Инженерлік жабдықтардың басқа түрлеріне қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

104. Жарамсыз газ аспаптарын пайдалануға, сондай-ақ жиһаз және басқа да жанғыш заттар мен материалдарды тұрмыстық газ аспаптарынан көлденеңінен - 0,2 м, ал тігінен - 0,7 м қашықтықта қондыруға (орналастыруға) (газ аспаптары төбесінде аталған заттар мен материалдар болса) жол берілмейді.

105. Газбен қамтамасыз ету жүйелерін орналастыру және пайдалану газ

шаруашылығындағы қауіпсіздік бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

106. Ғимараттар мен құрылыстардың нөсерлік құбыр немесе өндірістік канализация бойынша жалынды таратпайтын, тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтар қолданылатын гидравликалық қақпақтар (сифондар) үнемі жарамды жағдайда болуы қажет. ТТЖ және ЖС канализация желілеріне (оның ішінде авария кезінде) құюға тыйым салынады.

107. Қоқыс жинау камераларының есіктері үнемі құлыптаулы болуы қажет.

108. Ұйымдардың пайдаланатын "өрт сөндіру бөлімшелерінің тасымалдау" жұмыс тәртібі бар жеделсатылары (лифт) ұйым басшысы бекіткен және өртке қарсы қызметі органымен келісілген нұсқаумен регламенттеледі.

7-тарау. Өртке қарсы сумен қамтамасыз ету желілерін ұстау

109. Өрт сөндіруге арналған су құбырының желілері жарамды жағдайда болуы және талап етілген өрт сөндіруге қажетті судың мөлшері бойынша қамтамасыз етілуі қажет. Олардың жұмысқа қабілеттілігін тексеру жылына екі рет (көктемде, күзде) жүргізіледі.

Өрт сөндіру гидранттары жарамды жағдайда болуы, ал қыста қапталған және қар мен мұздан тазартылған болуы қажет. Өрт сөндіру гидранттары құдығы қақпағының үстінде автокөліктердің тұруына жол берілмейді. Өртке қарсы сумен қамтамасыз ету көздеріне барар жол мен өткелдер өрт техникалары үшін жылдың кез келген мезгілінде бос болуы қажет.

Учаскелердің су құбыры желілері мен гидранттары сөнгенде немесе қысымы азайғанда бұл туралы өрт сөндіру қызметі бөлімшелеріне жедел хабарлау қажет.

Кәсіпорынды электрмен қамтамасыз ету өрт сөндіру сорғыштарының электр қозғалтқыштарын жарықпен үздіксіз қамтамасыз етілуі тиіс.

110. Өрт сөндіру гидрантын орналастыру орнында әріптік индексмен "ӨГ" деп жазылған жарықтық немесе флуоресцентті көрсеткіш орнатылып, гидрант пен көрсеткіш аралығы сандық маңызда метрмен және құбырдың ішкі диаметрі миллиметрмен өлшенуі қажет.

Өрт суатында "ӨС" әріптік индексі бар, судың қоры метр кубпен және өрт сөндіру автокөліктерінің саны көрсетілген осыған ұқсас көрсеткіш орнатылады.

111. Ішкі өртке қарсы су құбырларының өрт сөндіру шүмектері 1,35 м биіктікте орнатылып, пломбаланатын өрт сөндіру шкафтарында бекітілген жеңдермен және оқпандармен жинақталуы қажет. Шкафтың есігінде "ӨШ" әріптік индексі, реттік нөмірі және жақын маңдағы өрт сөндіру бөлімінің телефоны көрсетілуі қажет. Шкаф есігінің ішкі безендірілуі қызыл түсті болуы

және 12.4.026-2002 ҚР СТ Р МЕМСТ талаптарына жауап беруі қажет. Өрт сөндіру жеңдері құрғақ, әрі жақсы оралған және шүмек пен оқпанға жалғасқан болуы тиіс. Алты айда бір рет "ӨШ", судың іске қосылу және жеңдерді жаңадан шиыршықтап бүктеу жұмыстарына тексеру жүргізіліп тұруы қажет.

112. Сорғыш станцияларының бөлмелерінде өртке қарсы сумен қамтамасыз етудің және сорғыштарды орап байлаудың жалпы кестесі ілінеді. Әрбір ысырма мен қысым беретін өрт сөндіру сорғышында олардың белгілері көрсетіледі. Қысым беретін сорғыштың қосылу тәртібі техникалық нұсқаумен анықталады.

Елді мекендердің өртке қарсы су құбырлары сорғыш станцияларының бөлмелерінде өрт сөндіру қызметімен тікелей телефон байланысы болуы қажет.

113. Су өлшегіш қондырғылардың айналма бағытында орналасқан электр жетектегіш ысырмалардың жұмысқа қабілеттілігі жылына бір рет, ал өрт сөндіру сорғыштары ай сайын тексеріледі.

Көрсетілген жабдық жарамды жағдайда болуы қажет.

114. Объектілердің аумағында немесе оның айналасында (радиусы 200 м) табиғи немесе жасанды су көздері (көлдер, өзендер, бассейндер, градирнилер) болса, өрт сөндіру автокөліктері жылдың кез келген уақытында су алу үшін бара алатын жолдар мен аумағы кемінде 12х12 м болатын жаппасы қатты алаңдар болуы қажет. Жасанды суаттардың су көздеріне баратын жолдарының және су қоймалық қондырғылардың үнемі дайын күйде болуы тиісті кәсіпорындарға жүктеледі.

115. Суды қысыммен ағызатын мұнаралар жылдың кез келген уақытында өрт техникаларымен су алуға ыңғайлы болуы қажет.

Өрт сөндіру қажеттілігіне арналған су қорын шаруашылық және өндірістік мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.

8-тарау. Өрт дабылы мен өрт сөндіру қондырғыларын, түтінге қарсы қорғаныс, адамдарға өрт туралы хабарлауды және көшіруді басқару жүйелерін ұстау

116. Өрт сөндіру және автоматты өрт дабыл қаққышы қондырғыларына, түтінге қарсы қорғаныс жүйелеріне, өрт туралы адамдарды хабарландыру мен көшіруді басқаруға, жоспарлы-алдын алу мен техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары бойынша регламентті жұмыстар дайындаушы-зауыттың техникалық құжаттарын және жөндеу жұмыстарын жүргізу мерзімін есепке ала отырып, құрастырылған жылдық жоспар-кестесіне сәйкес жүргізілуі тиіс. Техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарын мамандандырылған ұйымның арнайы оқытылған қызмет көрсетуші тұлғасы атқарады.

Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары бойынша жұмыстарды орындау кезінде қондырғыларды (жеке желілерді, хабарлағыштарды) тоқтатуға байланысты кәсіпорын басшысы ғимараттарды, құрылыстарды, бөлмелерді, технологиялық жабдықтарды өрттен қорғау бойынша қажетті шараларды қ а б ы л д а й д ы .

117. Диспетчерлік бекеттің бөлмелерінде (өрт сөндіру бекетінде) өрт туралы дабыл түскен кезде кезекші қызметкерлердің іс-әрекеттерінің тәртібі және автоматты өрт сөндіру қондырғыларының (жүйелерінің) ақауы ілінеді. Диспетчерлік бекет (өрт сөндіру бекеті) телефондық байланыспен және жарамды электр шамдарымен (3 данадан кем емес) қамтамасыз етілуі қажет.

118. Өрт сөндірудің автоматты қондырғылары жобалау құжаттамасына сәйкес жарамды жағдайда және үнемі дайын болуы тиіс.

Қондырғыны норма мен ережеде көрсетілген жағдайлардан басқа автоматты іске қосудан қолмен қосуға ауыстыруға жол берілмейді.

119. Өрт сөндіру қондырғыларының баллондары мен сыйымдылықтарын, өрт сөндіргіш заттарының салмағы мен қысымы есептік мөлшерінен 10 немесе одан көп пайызға төмен болса, онда оларды зарядтау немесе қайта зарядтау қажет.

120. Спринклерлік (дренчерлік) қондырғылардың суландырғыштарында қауіпті механикалық зақымдары бар жерлері суландыру картасын өзгертпейтін және жылудың таралуына әсер етпейтін мықты қорғанмен қорғалуы тиіс.

Ашылған және жарамсыз суландырғыштардың орындарына тығындар мен бекіткіштерді ауыстырып қоюға жол берілмейді.

121. Өрт сөндіру станциясы өрт сөндіру кезінде қондырғыны басқару жөніндегі тәртіппен және іске қосу сызбасымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Басқарудың әр торабында қорғау орындары және қондырғы секциясындағы суландырғыштардың саны мен түрі көрсетілген кесте ілінеді. Ысырмалар мен шүмектер іске қосу сызбасына сәйкес нөмірленуі тиіс.

122. Өрт туралы хабарландыру жүйелері барлық ғимаратқа (құрылысқа) немесе таңдамалы түрде оның кейбір бөлімдеріне (қабаттарға, секцияларға) бірдей уақытта көшіру туралы хабарлау дабылын беру жоспарына сәйкес қ а м т а м а с ы з е т і л у і қ а ж е т .

Емдеу және мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, сондай-ақ мектеп-интернаттардың ұйықтау корпустарында тек қана қызмет көрсетушілерге х а б а р л а н а д ы .

Хабарлау жүйелерін пайдалану тәртібі оларды пайдалану нұсқауларында көрсетіліп және осы жүйені іске қосу құқығы бар тұлғалар көшіру жоспарында а н ы қ т а л а д ы .

123. Өрт туралы хабар беру үшін техникалық құралдарды талап етпейтін ғимараттарда объект басшысы адамдарға өрт туралы хабарлаудың тәртібін

анықтап, оған жауапты тұлғаны тағайындайды.

124. Хабарлағыштар (дауыс зорайтқыштар) дыбыс реттегішсіз болуы және желіге алмалы-салмалы қондырғысыз қосылуы қажет.

Хабарлау мәтінін жеткізу кезінде сенімділікті қамтамасыз ету және көшіруді басқару үшін ішкі радиотрансляциялық желі мен объектіде бар басқа да желілерді пайдалануға рұқсат беріледі.

9-тарау. Өрт сөндіру техникаларын, өрт сөндірудің алғашқы құралдарын ұстау бойынша қойылатын талаптар

125. Өрт сөндіру автокөліктері өртке қарсы қызметінің жеке құрамы жұмысының қалыпты және қауіпсіз жағдайын қамтамасыз етуге қажет жылу жүйесі, электр құралдары, телефон байланыстары, жабыны қатты едендері, суық өткізбейтін қақпалары және басқа қондырғылар мен жабдықтары болуы тиіс өрт сөндіру деполарында немесе арнайы осы мақсатқа арналған бокстарда тұруы қ а ж е т .

Өрт сөндіру автокөліктерінен өрт-техникалық қару-жарақтарды алуға және өрт сөндіру техникаларын мақсатсыз пайдалануға жол берілмейді.

126. Өрт сөндіру автокөліктері мен мотопомпалар, өрт сөндіруге бейім және қайта жабдықталған техникалар өрт-техникалық қару-жарақтарымен жинақталған, жанармай және от сөндіруші заттармен толтырылған және жарамды жағдайда болуы қажет. Өрт сөндіруге техникаларды жұмылдыру тәртібі шығу кестесімен, өрт сөндіру үшін күш пен құралдарды жұмылдыру жоспарына с ә й к е с а н ы қ т а л а д ы .

127. Әрбір өрт сөндіру мотопомпасына, өрт сөндіру мақсатына арналған бейімделген (қайта жабдықталған) техникаға арнайы дайындықтан өткен моторшы (жүргізуші) бекітілуі тиіс. Ұйымдарда өрт болған жерге өрт сөндіру мотопомпаларын жеткізу тәртібі меңгерілуі тиіс.

128. Өндірістік ғимараттар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарында алғашқы өрт сөндіру құралдарын орналастыру үшін арнайы өрт қалқандары о р н а т ы л у ы қ а ж е т .

129. Өрт сөндіргіштерді орналастыру, қызмет көрсету мен қолдану тәртібі дайындаушы-кәсіпорын нұсқаулығына, қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға, сондай-ақ мынадай талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс:

1) өрт сөндіргіштерді қуыстарға орналастыру жағдайларынан басқа қорғалатын бөлмелерден ғимараттың көшіру жолына орналастыруға жол б е р і л м е й д і ;

2) өрт сөндіргіштер еден деңгейінен өрт сөндіргіштің сыртына дейін 1,5 м аспайтын биіктікте, ал есіктің ашылуы кезінде оның жанынан 1,2 м қашықтықта

о р н а л а с т ы р ы л у ы

қ а ж е т ;

3) өрт сөндіргішке арналған шкаф пен тумбаның құрылысы мен сыртқы безендірілуі олардың ішінде өрт сөндіргіштің сақталатындығын бірден анықтауға болатындай болуы қажет;

4) өрт сөндіргіштер олардың қаңқаларындағы нұсқау жазуы көрінетіндей етіп о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

130. Өрт сөндіру құралдары мен құрал-саймандар мемлекеттік стандартқа сәйкес сырлануы тиіс.

10-тарау. Өрт кезіндегі іс-қимыл тәртібі

131. Әрбір азамат өртті немесе оның жану белгілерін (түтінді, күйік иісін, температураның жоғарылауын т.б.) байқаған кезде:

1) өрт туралы бірден телефон арқылы өртке қарсы қызметке хабарлауға (бұл ретте объектінің мекен-жайын, өрт болған орынды, сондай-ақ өзінің аты-жөнін х а б а р л а у ы қ а ж е т) ;

2) адамдарды көшіру, өртті сөндіру және материалдық құндылықтарды сақтау жөнінде шаралар қолдануы тиіс.

132. Мүлікке иелік етуге, пайдалануға және билік етуге уәкілетті тұлғалар, ұйым басшылары мен лауазымды тұлғалар, белгіленген тәртіппен өрт қауіпсіздігі үшін жауапты болып тағайындалған тұлғалар өрт орнына келгенде:

1) өрт туралы өрт сөндіру қызметі органына хабарлап, басшылықты, диспетчерлер мен объектінің жауапты кезекшісін хабардар етуі;

2) адамдар өміріне қауіп төнген жағдайда шұғыл түрде қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып, оларды құтқаруды ұйымдастыруы;

3) өртке қарсы қорғаныстың (өрт туралы адамдарды хабардар ету, өрт сөндіру , түтінге қарсы қорғаныс) автоматты жүйесінің іске қосылғандығын тексеруі;

4) қажет болған жағдайда электрэнергияны (өртке қарсы қорғаныстың жүйесін қоспағанда) өшіруі, тасымалдаушы қондырғылардың жұмысын, агрегаттарды, аппараттарды тоқтатуы, шикізаттық, газды, бу және су коммуникацияларын жабуы, авариялық және олармен жапсарлас тұрған бөлмелердің желдету жүйесінің жұмыстарын тоқтатуы, ғимараттың түтіндеуі мен өрттің таралуын болдырмауға себепші болатын басқа да шараларды о р ы н д а у ы ;

5) өрт сөндіру шараларымен байланысты жұмыстардан басқа ғимараттағы барлық жұмыстарды тоқтатуы (егер бұған өндірістің технологиялық процесі б о й ы н ш а ж о л б е р і л е т і н б о л с а) ;

6) қауіпті аймақ шегінен өрт сөндіруге қатыспайтын барлық жұмысшыларды а л ы с т а т у ы ;

7) өртке қарсы қызметі бөлімшелері келгенге дейін өрт сөндіру жөнінде (объектінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып) жалпы басшылық жүргізуі;

8) өрт сөндіруге қатысушы жұмысшылардың өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауды қамтамасыз етуі;

9) өрт сөндірумен бірге материалдық құндылықтарды көшіру мен қорғау ұйымдастыруы;

10) өртке қарсы қызметі бөлімшелерін күтіп алуды ұйымдастыруы және өрт орнына және өртке қарсы сумен қамтамасыз ету көздеріне өрт сөндіру машиналарының өтуі үшін төте жолды таңдауда көмектесуі тиіс.

133. Өрт сөндіру бөлімшелерінің басшыларына кәсіпорын басшысы (немесе оны ауыстырушы тұлға) құрылыстар мен ғимараттарға іргелес объектінің құрылыстық және технологиялық ерекшеліктері, объектіде қолданылатын және сақталатын қауіпті, жарылыс қаупі бар, жарылыс, қатты әсер етуші улы, радиоактивті заттардың, материалдардың, бұйымдардың өртке қауіпті қасиеттері мен саны туралы және өртті сәтті жою үшін және өртті сөндіруге қатысушылардың қауіпсіздігі үшін басқа да қажетті мәліметтерді хабарлайды, сондай-ақ өртті жою және олардың алдын алумен байланысты қажетті шараларды жүзеге асыру үшін күштер мен құралдарды жұмылдыруды ұйымдастырады.

134. Объектіде болған әр өрт бойынша әкімшілік өрттің пайда болуы мен дамуына себеп болған жағдайлар туралы түсінік беруге және алдын алу шараларын жүзеге асыруы тиіс.

2-бөлім. Елді мекендер

135. Атқарушы органдар және орман пайдаланушылар орман алқаптарында орналасқан елді мекендерде өрттердің құрылыстар мен ғимараттарға (өртке қарсы қорғаныс жолақтарды қондыру, жапырақты шөптерді отырғызу, жазғы маусымда құрғақ өсімдіктерден тазарту және т.б.) таралу мүмкіндігін болдырмайтын шаралар әзірлеп орындау қажет. Көктемгі-жазғы маусымда ауылдық жерлерде елді мекендерден шығатын өрттерді болдырмау іс-шараларын әзірлеп орындау қажет.

136. Ауылдық жерлерде жеке тұрғын үйлердің алдында (есіктері немесе қақпаларында) осы үй тұрғындарының өрт сөндіруге шығуға міндетті екендігі көрсетілген кестелер ілінеді.

137. Әрбір тұрғын үй құрылыстарында суы бар сыйымдылық (бөшке) орнатылады. Құрылыста шатырға жететін жалғамалы саты болуы, ал шатырда оның басына дейін жететін саты болуы қажет.

138. Ауылдық елді мекендердің, блок-контейнерлік ғимараттардың,

саяжайлық және бағбандық ауылдардың аумақтарында өрт болған жағдайда адамдарды хабардар етуге арналған дыбыстық дабыл қаққыш құралдары орнатылуы және өрт сөндіру мақсатында су қорының болуы тиіс, сондай-ақ өртке қарсы қызметті шақыру тәртібі анықталған болуы қажет.

139. Тұрғын үй, өндірістік, мәдени-тұрмыстық және басқа да ғимараттар, құрылыстар салу жер учаскесін мақсатты пайдалануға және өртке қарсы ережелердің, нормативтердің талаптарын сақтай отыра, рұқсат етілген пайдалануға сәйкес жүргізіледі.

140. Жазғы маусымда құрғақ, ыстық және желді ауа-райында ауылдық елді мекендер мен кәсіпорындарда, саяжайлық ауылдарда, бақшалық жерлерде от жағуға, белгілі учаскелерде өрт қаупі бар жұмыстарды жүргізуге, пеш, асханалық ошақ пен қатты отынмен жұмыс істейтін қазандық қондырғыларын жағуға жол берілмейді.

141. Көктемгі-жазғы өрт қаупі бар кезеңде өрт сөндіру депосында ерікті өртке қарсы құрамаларының мүшелеріне көмек ретінде елді мекендерде орналасқан кәсіпорын жұмысшылары мен азаматтар кезекшілігін ұйымдастыру қажет.

142. Елді мекендер мен жеке орналасқан объектілер өртке қарсы қызметіне өрт туралы хабарлауға арналған жарамды телефонды немесе радиобайланыспен қамтамасыз етілуі тиіс. "01" байланыс желісін ақылы қызмет көрсету таксофонына ауыстыруға жол берілмейді.

3-бөлім. Адамдардың тұруына арналған ғимараттар

143. Тұрғын үй пәтерлері мен жатақхана бөлмелерінде өрт жарылыс қаупі бар заттар мен материалдар қолданылатын және сақталынатын әр түрлі шеберханалық және қоймалық үй-жайларды орнатуға, сондай-ақ жобалау нормасына сәйкес тиісті қайта құру жүргізілмейінше басқа мақсаттағы үй-жайлар үшін жалға берілмейді.

144. Пәтерлер мен тұрғын-үй бөлмелерінде 10 литрге дейін ТТС және ЖС сақтауға (қолдануға) рұқсат беріледі. ТТС және ЖС балкондар мен лоджияларда сақтауға жол берілмейді.

145. Ғимарат сыртындағы газ баллон қондырғыларын жанбайтын материалдардан жасалған (желдетуге арналған тесігі бар) шкафтарға немесе қорғағыш қаптаманың астына орналастыру керек, сондай-ақ "От қаупі бар. Газ." деген сақтандыру жазуы болуы қажет.

146. Ғимараттың газ баллон қондырғылары тікелей орналасқан қабырғалары отқа төзімділіктің III-IIIa дәрежесінен төмен болмауы және жанғыш жылытқышпен қапталмауы қажет.

147. Саяжайлық және бағбандық үйлер ұзақ уақытқа иесіз қалғанда электр

жүйелері ток көзінен ажыратылуы және газ баллондардың вентильдері (бұрамалары) жабық болуы тиіс.

148. Қонақ үйлерде, мотельде, кемпингтер мен жатақханаларда қазақ және орыс тілдерінде өрт қауіпсіздігі туралы жадынама болуы қажет. Шетел азаматтары тұрған кезде өрт қауіпсіздігі туралы жадынама бірнеше тілде толтырылады. Барлық келушілер өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныс болуы (қол қойылған түрде) тиіс.

149. Қонақ үй нөмірлерінде, мотельдерде, кемпингтерде және жатақханаларда өрт болған жағдайда көшіру жолдарының жоспарында нөмірлер мен бөлмелер, көшіру жолдары мен қозғалыс бағыты, өрт сөндіру құралдарын орналастыру орны мен қажетті түсіндірме мәтіні бар дабылы көрсетіліп, ілініп тұруға тиіс.

150. Адамдар тұратын ғимараттар (қонақ үйлер, кемпингтер, мотельдер, жатақханалар, мектеп-интернаттар, қарттар үйлері мен мүгедектер үйлері, балалар үйлері мен тұрғын үйлерден басқа ғимараттар) бөлмелерінде өрт қаупін тудырмайтын жылудан қорғау изоляциялық құрылғысы, жанбайтын жылу изоляцияланған тұғыры жоқ электр жылу құралдарын (оның ішінде қайнату құралын, электр шәйнектерін, электр үтіктерін, электр плиткаларын) пайдалануға жол берілмейді.

151. Қонақ үйлердің тұрғын бөлмелерінде қоймалар, кеңселер орналастыруға жол берілмейді.

152. Әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінде (оның ішінде мектеп-интернат, мүгедектер мен қарттарға арналған үйлер, балалар үйлері) қызмет көрсетуші тұлғалардың тәуліктік кезекшілігі ұйымдастырылуы қажет. Кезекшіде үнемі барлық көшіру есіктеріндегі барлық құлыптардың кілттер жинағы болуы тиіс. Кілттердің келесі жинағы кезекшінің бөлмесінде сақталады. Екі жинақтағы әрбір кілтте құлпына сәйкес жазуы болуы тиіс.

153. Түнгі кезекшілер телефон орнатылған бөлмеде отыруы және электрлік қол шамы болуы қажет. Дәліздерде, холлдарда және басқа да көшіру жолдарында кереует қоюға жол берілмейді.

154. Жанғыш газдарды жағуға арналған қондырғыларды пайдалану кезінде:

1) газ шығып тұрған кезде газ аспаптарын пайдалануға;
2) газ арматурасының (темір шеген) бөлшектерін ұшқын шығарғыш құрал көмегімен қосуға;

3) ашық жалын көздерінің (оның ішінде сіріңкелер, балауыздар, май шамдар) көмегімен жалғастырудың саңылаусыздығын тексеруге;

4) толтырылған газ баллондарымен жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

156. Адамдар тұруға арналған ғимараттардың (қонақ үйлер, кемпингтер, мотельдер, жатақханалар, мектеп-интернаттар, қарттар мен мүгедектерге

арналған үйлер, балалар үйлері мен тұрғын үйлерден басқа ғимараттар) қызмет көрсетуші тұлғасы қызмет көрсетушінің жұмыс орнында үнемі сақталатын тыныс алу органдарын қорғауға арналған сүзгіштік әсердегі жеке құралдармен қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, аталған 5 және одан да көп қабатты ғимараттар ғимарат қабатындағы әрбір 30 адамға бір құрылғы есебінен жеке құтқару (құтқару жарағының немесе аспалы құтқару сатысының жинағымен) құрылғыларымен қамтамасыз етілуі тиіс. Жеке құтқару құрылғылары өрт қауіпсіздігінің белгіленген тиісті сілтеуіш белгілері бар қабаттағы орында әрбір адамның қолы жететіндей жерлерде сақталуы тиіс. Әрбір жеке құтқару құрылғысы құрылғыны бекітуге арналған тетіктермен жабдықталған екі жақын бөлме көрсетілген биркамен қамтамасыз етілуі қажет.

4-бөлім. Ғылыми мекемелер мен оқу орындары

157. Жарылыс және өрт қаупі бар заттар мен материалдарды қолдануға байланысты тәжірибелік қондырғыда жұмыс істеуге кәсіпорын бұйрығымен тағайындалған ведомстволық комиссия пайдалануға қабылдағаннан кейін рұқсат беріледі. Комиссия олардың өрт жарылыс және өрт қауіптілік дәрежесін анықтайды және оларды әр түрлі орындарға орналастыру мүмкіндігі туралы қ о р ы т ы н д ы д а й ы н д а й д ы .

158. Ғылыми жетекші (жауапты орындаушы) сынақты жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолданады.

159. Зертханаларда және басқа да бөлмелерде ТТС және ЖС ауысымдық қажеттілікті арттырмайтын мөлшерде сақтауға рұқсат етіледі. Бөлмеге сұйықтықтар жабық қауіпсіз ыдыста жеткізілуі тиіс.

160. Егер тартпалы шкафта орындалатын операцияға қатысы жоқ заттар, материалдар мен жабдықтар болса, сондай-ақ олар жарамсыз және желдету жүйесі іске қосылмаған болса, онда жұмыс істеуге жол берілмейді.

Үстелден сұйықтықтың ағуын болдырмайтын ернеу жарамды жағдайда б о л у ы қ а ж е т .

161. Тартпалы шкафтардың тез тұтанғыш заттармен жұмыс жүргізілетін ағаш бөліктері оттан қорғайтын лакпен сырлануы немесе жанбайтын материалдармен ж а б ы л у ы қ а ж е т .

162. Жұмыс соңында қолданылған ТЖС және ЖС арнайы жабық ыдыста жиналып, бұдан әрі пайдаға асырылуы үшін зертханадан шығарылуы тиіс.

163. ТТС және ЖС канализацияға төгуге жол берілмейді.

164. ТТС және ЖС жұмыс жүргізілген ыдыстар тәжірибеден кейін өртке қауіпсіз е р і т і н д і л е р м е н жуылады.

165. Мектеп ғимараттарын жаңа оқу жылының алдында құрамында

мемлекеттік өрт қадағалау өкілдері бар тиісті комиссия қабылдайды.

166. Сыныптарда, кабинеттерде, шеберханаларда, жатын бөлмелерде, Асханалар мен басқа да бөлмелерде жиһаздар мен жабдықтардың орналасуы адамдарды құтқаруға және өрт сөндіру құралдарын алуға кедергі жасамауы қ а ж е т .

167. Оқу сыныптары мен кабинеттерінде шкафтарда, сөрелерде немесе тұрақты орнатылған тіреуде сақталуы тиіс оқу процесін қамтамасыз етуге арналған қажетті жиһаздарды, аспаптарды, үлгілерді ғана орналастыруға болады.

168. Оқу сыныптары мен кабинеттеріндегі парталар (үстелдер) саны жобалау нормасында белгіленген саннан аспауы тиіс.

169. Оқушылар мен студенттер арасында жылына 4 сағаттық есеппен тұрмыстық өрт қауіпсіздігі ережелерін оқыту және өрт кезіндегі іс-қимылдар жөнінде сабақтар (әңгіме) ұйымдастырылуы қажет. Төменгі сыныптармен өртке қарсы тақырыбы бойынша әңгіме жылына кемінде 2 рет, ал мектепке дейінгі балалар мекемелерінде - ойын сабақтары өткізіледі.

170. Сабақ аяқталғаннан кейін кабинеттердегі, зертханалардағы және шеберханалардағы өрт жарылыс және өрт қаупі бар барлық заттар мен материалдар жеке бөлмелерде орналастырылған жанбайтын шкафтарға (ж ə ш і к т е р г е) қ о й ы л у ы т и і с .

171. О қ у о р ы н д а р ы н д а :

1) бензин, керосин, және басқа да тез тұтанғыш сұйықтықтардың көмегімен б ө л м е л е р д і ж и н а у ғ а ;

2) жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан кезде кабинеттерде сабақтар аяқталмай тұрып оқу мекемелерінің ғимараттарында отты және өртке қауіпті б а с қ а д а ж ү м ы с т а р д ы жү р г і з у г е ;

3) терезелерге ашылмайтын металл торлар орнатуға тыйым салынады.

172. Жұмыс аяқталғаннан кейін тоқтаусыз істейтін аппараттар мен электр құралдарынан басқа электр тұтынушы барлық бөлмелерге бақылау жүргізіледі.

5-бөлім. Балалар саяжайлары мен мектепке дейінгі балалар мекемелері

173. Балаларға арналған ғимараттарда кемінде екі эвакуациялық тікелей сыртқа шығу жолы болуы керек.

174. Балалардың демалыс орнына арналған ағаш ғимараттар бір қабатты болуы керек. Каркас және тақтай ғимараттар сыланып және жанбайтын жабыны не органикалық болуы керек.

175. Ағаш ғимараттың кеңдігі бір балаға шаққанда $2,5 \text{ м}^2$ болып,

орналастыру шегі 50 балаға дейін болуы тиіс.

176. Мыналарға :

- 1) қолданыстағы мектепке дейінгі балалар мекемелерін жалға беруге;
- 2) ғимараттарды тез тұтанғыш материалдармен (қамыс, сабан, жаңқа) жабуға;
- 3) мектепке дейінгі балалар мекемелерін тұрғын және қоғамдық үй-жайларға бейім ғимараттарда орналастыруға;
- 4) балалар орын алған ағаш ғимараттарда кір жуу орындарын, асханалар орнатуға ;
- 5) жанғыш құрылымдардан жасалған ғимараттарда 50 астам балаларды орналастыруға ;
- 6) сыйымдылығы 50 адамнан астам мектепке дейінгі балалар мекемелерінде пеш жағуға ;

7) жазғы маусымда балалар орналасқан бөлмелерде пеш жағуға, керосиндік және электрқыздырғыш құралдарын қолдануға жол берілмейді.

177. Кір жуатын бөлмелер мен асханаларды балалар орналасқан ғимараттан 15 м қашықтықта оқшау құрылыстарға жайғастыру қажет.

178. Балаларды өрт сөндіру үшін сумен қамтамасыз етілмеген саяжайларда орналастыруға жол берілмейді.

179. Балалар саяжайлары мен жазғы сауықтыру лагерлері телефон байланысымен, өрт болған жағдайда берілетін дабыл белгісімен және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуі қажет. Бұларда қызмет көрсету тұлғалардың тәулік бойы жұмыс істейтін қызмет көрсетуші тұлғаларының кезекшілігі белгіленеді. Кезекші бөлмелерінде телефон орнатылуы тиіс.

6-бөлім. Мәдени-ағартушылық және ойын-сауық мекемелері

180. Мұражайларда және сурет галереяларында экспонаттар мен басқа да құндылықтарды, ал цирктер мен зоопарктерде жануарларды көшіру жоспарын әзірлеу қажет .

181. Барлық мәдени-ағартушылық және ойын-сауық мекемелерінің ашылу маусымы алдында өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкестігі тексеріледі және оны жергілікті атқару органдарының ведомствоаралық комиссиясы қабылдайды .

182. Көрермен залдары мен мінбелерде барлық креслолар мен орындықтардың арасы қосылған және еденге мықтап бекітілген болуы тиіс. Ложадағы 12 орыннан аспайтын креслоларды (орындықтарды) бекітпеуге болады .

Би кештерін өткізу үшін қолданылатын 200 орыннан аспайтын көрермен залдарындағы орындықтарды бір-бірімен қатарынан міндетті түрде қосу кезінде еденге бекіту міндетті емес.

183. Ағаш сахналық қораптардың (желтартқыштар, қабырға төсемелері, аспалы көпірлер, жұмыс галереясы) құрылыс процесінде антипиренамен қанық сіңдірілуі қажет. Аталған құрылыстар, сонымен қатар жанғыш декорациялар, сахналық және көрмелік безендірулер, көрермендік және экспозициялық залдардағы драпировкалар, фойелер, буфеттер оттан қорғау құрамымен дүркін-дүркін өңделіп тұруы қажет. Мекеме басшысында сіңіру датасы, оның жарамдылық және өңдеу сапасын тексеру актісінің мерзімі көрсетілген осы жұмысты орындаған ұйымның тиісті актісі болуы қажет.

184. Ойын-сауық театрлық мекемелердің сахналық қораптарының шегінде бір мезгілде екі қойылымға арналған декорациялар мен сахна құралдары болуы тиіс. Сахнада декорацияның сақталу орны таңбалармен белгіленеді.

Декорацияларды, бутафорияларды, ағаш станоктарды, бөктерлерді, құрал-саймандарды және басқа да заттарды трюмаларда, желтартқыштарда және жұмыс алаңдарында (галереяларда), саты маршының және алаңының астында, сондай-ақ көрермен залдарының жертөлелерінде сақтауға жол берілмейді.

185. Сахна планшетінің айналасын безендіру кезінде ені кемінде 1 метр болатын еркін айналма жол қалдырылуы қажет.

Көрініс аяқталғаннан кейін барлық декорациялар мен бутафориялар бөлшектеніп, арнайы қоймаларға (қойма, сейф, сарай) жинастырылуы тиіс.

186. Сахнада темекі шегуге, ашық оттарды (шырақтарды, май шамдарды, канделябраларды), доғалық прожекторларды, фейерверктер және басқа да от түріндегі эффекттерді қолдануға жол берілмейді.

187. Сахна планшетінде өртке қарсы перденің түсу шегін көрсететін қызыл сызық болуы тиіс. Декорациялар мен басқа да сахнаны безендіру заттары бұл сызыққа түспеуі тиіс.

188. Көрініс (дайындық) аяқталған кезде өртке қарсы жасалған перде түсірілуі қажет. Өртке қарсы жасалған перде түсіріліп тұрғанда созылмалы "жастықпен" сахна планшетіне тығыз жалғасып тұруы тиіс. Өртке қарсы жасалған перденің маңында және төбесіне жалғастырылған герметикалау орны лабиринтті нығыздау мен құмды ысырманың көмегімен орындалуы қажет. Көтеріп-түсіру механизмінің төмен түсіру жылдамдығы кемінде 0,2 м/с болатындай етіп реттелуі тиіс.

189. Қысқы кезеңде түгін люктарының қақпақтары нығыздалып, олардың жарамдылығы 10 күнде бір рет тексеріліп тұруы тиіс.

190. Пиротехникалық бұйымдарды сақтау және пайдалану қатаң түрде техникалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Оларды майдалау тәсілімен

дайындау, сондай-ақ ойын-сауық мекемелерінде, бөлмелерде және стадион мінбелерінде, мәдениет және демалыс саябақтарында, адамдар жаппай болатын басқа да орындарда сақтауға тыйым салынады.

191. Ашық алаңдарда арнайы от эффектілерін өткізу қажет болған жағдайда жауапты ұйымдастырушы (бас режиссер, көркемдеуші жетекші) мемлекеттік өрт қадағалау органдарының келісімі бойынша өрттердің алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады.

7-бөлім. Сауда объектілері

192. Сауда залдары мен эвакуация жолдарында жанғыш материалдарды, қалдықтарды, орамалар мен контейнерлерді сақтауға жол берілмейді. Оларды күн сайын жиналуына байланысты алып тастап отыру қажет. Жанғыш ыдыстарды ғимараттың терезелеріне жақын жинауға болмайды.

193. Терезелік ойықтары жоқ немесе түтін жоюға арналған шахтасы жоқ ғимараттарда жанғыш немесе жанбайтын заттарды жанғыш орамаларда сақтауды ұйымдастыруға жол берілмейді.

194. Сіріңке, одеколон, иіс су, аэрозольді орамаларды және өртке қатысты басқа да қауіпті заттарды соларға лайықталған арнайы орындарда сақтауды жүзеге асыру қажет.

195. Сауда кәсіпорындарында:

1) сауда залдарында сатып алушылар бар кезде отқа байланысты жұмыстарды жүргізуге;

2) сауда кәсіпорындарын басқа мақсаттағы ғимараттарға орналастыру кезінде ТТС, ЖС және ЖГ (газ баллондарын, сырларды, лактарды, ерітінділерді, тұрмыстық химия тауарларын), аэрозольді орамаларды, қару-жарақтар мен пиротехникалық бұйымдарды сатуға;

3) өрт қаупі бар тауарларды сататын секциялар мен бөлімдерді шығу есігінен, сатылы торларды және басқа да эвакуация жолдарынан 4 м жақын орналастыруға;

4) эвакуация жолдарында және сатылы торларда сағат жөндеу, ою және басқа да шеберханаларды, сондай-ақ дәрі, газет, кітап дүңгіршектерін орналастыруға;

5) сауда залдарында ауа шарларын толтыру немесе басқа да себептермен ЖГ баллондарын орнатуға;

6) сатылы торларда, тамбурда және басқа да эвакуация жолдарында ойын, сауда аппараттарын орналастыруға және сауда жасауға;

7) 15000 мыңнан артық аэрозольді орамаларды сақтауға жол берілмейді.

196. Адамдар жаппай жиналған сату, жарнамалық акциялар мен басқа да іс-шараларды өткізу кезінде басшылар олардың қауіпсіздігін (келушілердің

келуін шектеу, қосымша кезекшілерді тұрғызу) қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар қабылдауы тиіс.

197. Ашық алаңдар мен ғимараттарда (құрылыстарда) белгілі тәртіппен ұйымдастырылған зат сататын сауда орындары төмендегі өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беруі тиіс:

1) сауда жабдықтары эвакуация жолдарының жанынан ені кемінде 2 м еркін өткел өтетіндей есеппен орналасуы қажет;

2) сауда қатарларының арасында әр 30 м сайын ені кемінде 1,4 м көлденең өткелдер болуы тиіс;

3) сатылы торларда, холлда және дәліздерде сауда жүргізуге жол берілмейді;

4) ғимараттарда (құрылыстарда) базардың орналасуы олардың өрт қауіпін күшейтуге және ғимарат (құрылыс) үшін белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуға жол берілмейді.

198. Ғимараттар мен құрылыстарда орналастырылатын дүңгіршектер мен дүкеншелер (егер нормативтік құжаттарға қайшы келмесе) жанбайтын материалдардан салынуы қажет.

199. Жұмыс уақытында тауарларды түсіру мен арту тұтынушылардың эвакуациялық шығу жолдарымен байланысы жоқ жолдар бойынша жүзеге асырылады.

200. Шыны ыдыстарға бөлініп құйылған әрқайсысы 1 литр сыйымдылықтан астам тұрмыстық химиялық тауарлармен, сырлармен, лактармен және ТТС, ЖС сауда жасауға, сондай-ақ "От қаупі бар", "Отқа жақын шашыратпа" деген ескерту жазулары жоқ заттаңбасынсыз өрт қауіпті тауарларды сатуға жол берілмейді.

Өрт қаупі бар тауарларды бөлшектеп орау осы мақсатқа арналған арнайы лайықталған орындарда жүзеге асырылады.

201. Керосин (ТТС, тұтану температурасы $< 61^{\circ}\text{C}$), пешке жағатын отын және басқа да ТТС мен ЖС сақтау және сату жанбайтын материалдардан орнатылған жеке тұрған ғимараттарда ғана рұқсат етіледі. Бұл ғимараттардағы еден деңгейі жанасқан жоспарлы деңгейден төмен, яғни авария кезінде сұйықтық ақпайтындай есепте болуы тиіс. Мұндай ғимараттарды пешпен жылытуға рұқсат берілмейді.

202. Сауда залдары керосин (ТТС, тұтану температурасы $< 61^{\circ}\text{C}$), пешке жағатын отын және басқа да ТТС мен ЖС сыйымдылықтары орналасқан қоймалардан өртке қарсы қалқалармен бөлінуі қажет. Сыйымдылық (резервуарлар, бөшекелер) көлемі 5 м^3 көп болмауы керек.

203. Резервуарлардан үлестіру бактарына ЖС құятын құбыр желісі жылжымайтындай етіп жабылуы және үлестіру бактары мен сыйымдылықтарында бұрама болуы қажет. Үлестіру бактарының сыйымдылығы

100 литрден аспауы қажет. Құбырлар желісі мен сыйымдылықтардың кемінде екі жерінде жерге қосылғышы болуы қажет. Электрлік кедергі өлшемімен жерге бекіту беріктігі жылына бір рет тексерілуі керек.

204. Керосиндерді (ТТС, тұтану температурасы $< 61^{\circ}\text{C}$), пеш жағатын отындар мен басқа да ТТС және ЖС сататын сөрелерді ұрған кезде ұшқын шығармайтын металл затпен қаптау керек.

205. Сауда орындарында керосинді орама (жаңқа, сабан, қағаз) материалдарын сақтауға жол берілмейді.

Керосиннің және басқа да ЖС ыдыстары тек арнайы қоршалған алаңдарда сақталуы тиіс.

206. Автоцистернадан керосин сату жер бедері ескере отырып, жақын маңдағы ғимараттан кемінде 15 м қашықтықта және жобалау белгілерінен аспайтын ғимараттарда, құрылыстарда және ашық алаңдарда орналасқан жобалау белгілері бар учаскелерде жүргізілуі қажет.

207. Оқ-дәрілерді (дәрілерді, капсюльдерді, жарақталған патрондарды) және пиротехникалық бұйымдарды арнайы дүкендерде сату рұқсат етіледі. Сондықтан оқ-дәрілер мен пиротехникалық бұйымдарды сату секциялары дүкендердің жоғары қабаттарында орналастырылады. Дүкендерге жылу беру орталықтандырылған болуы қажет.

208. Ғимаратта оқ-дәрілер мен пиротехникалық бұйымдар үй-жайларда орналастырылған, өртке қарсы қалқалармен бөлінген металл шкафтарда сақталады. Аталған шкафтарды жергіліктілерде орналастыруға болмайды.

209. Әрбір сауда орындарында кемінде екі шкаф болуы тиіс: біреуі - оқ-дәрілерді сақтауға арналған; екіншісі - капсюльдер мен оқталған патрондарды сақтауға арналған. Оқ-дәрілер мен капсюльдерді немесе оқталған патрондарды бір шкафта сақтауға жол берілмейді.

210. Оқ-дәрілерді тек зауыт орамасында сатуға рұқсат етіледі. Қойма бөлмелерінде оқ-дәрілері бар жәшіктердің зауыт орамасын алуға жол берілмейді.

211. Дүкен ғимараттарында түтінді оқ-дәрілерді бір жәшіктен (50 кг), түтінсіз оқ-дәрілерді бір жәшіктен (50 кг) және 15 мың жабдықталған патрондарды сақтауға рұқсат беріледі, ал дайындаушы кеңсеге 200 кг дейін сақтауға рұқсат беріледі.

8-бөлім. Емдеу мекемелері

212. Емдеу мекемелерінің басшысы ауруларды шығарғаннан кейін күн сайын жұмыс күнінің соңында өрт сөндіру бөліміне әр мекеме ғимаратында қалған аурулардың санын хабарлайды.

213. Үлкен жастағы ауру адамдар мен балалардың саны 25-тен асқан жағдайда оларды пешпен жылытылатын каркасты-қамысты және ағаш ғимараттарда орналастыруға болмайды.

214. Ауылдық жерлерде орналасқан емдеу мекемелерінде әр ғимаратқа бір саты есебінен қосалқы саты болуы тиіс.

215. Ауыр халдегі үлкен адамдар мен балаларды көп қабатты ғимараттың бірінші қабатына орналастыру қажет. Мекемелерде қызмет көрсетуші тұлғалар мен тұрғындардың тұруына тек ғимараттың басқа бөліктерінен жеке тұрған жанбайтын жабынды, қабырғалы немесе қалқанды бөлігінде және жеке сыртқа шығу есіктері бар бөлімдерінде рұқсат беріледі.

216. Ауруханалар мен адамдар үздіксіз келетін басқа да мекемелер өздері жүре алмайтын адамдарға (мүгедектерге) арналған зембілдермен (бес ауруға бір зембіл есебінен алғанда) қамтамасыз етілуі тиіс.

217. Аурухана палаталарындағы кереуеттер арасы 0,8 м, ал орталық негізгі жолдың ені 1,2 м аз болмауы қажет. Орындықтар, тумбалар және басқа да жиһаздар эвакуациялық шығу есіктері мен жолдарын бөгемейтіндей болуы тиіс.

218. Палаталарға оттегі жіберу әдеттегідей, жеке тұрған баллон қондырғысынан орталықтандырылып (10 баллоннан көп емес) немесе орталық оттегі бекетінен (10 баллоннан көп болса) жүргізілуі тиіс және оларды аурулар үнемі келетін ғимараттардан кемінде 20 м қашықтықта тұрған жеке ғимаратта орналастыру керек.

Орталықтандырылған оттегімен жабдықтау болмаған жағдайда оттегі жастығын пайдалану тәртібі мекеменің бұйрығы бойынша анықталады. Мекеме ғимаратының сыртқы жанбайтын қабырғасында жанбайтын шкафта бір оттегі баллоны бар рампалар орнатуға болады.

219. Мыналарға:

1) ауруларға арналған палаталы корпустарда емдеу процесіне қатысы жоқ бөлмелерді орналастыруға (жобалау нормаларымен белгіленгендерден басқа) немесе оларды басқа мақсатта жалға беруге;

2) кереуеттерді дәлізде, холлда және басқа эвакуациялық жолдарда орнатуға;

3) аурулар мен қызмет етуші тұлғалар орналасқан бөлме терезелеріне металл торлар орнатуға;

4) ағаш қабырғалар мен төбеге тұсқағаздар жабыстыруға немесе майлы және нитролық сырмен сырлауға;

5) жану кезінде улы заттар бөлетін материалдарды ғимараттарды әрлеу үшін қолдануға;

6) емдеу мекемелерінің ғимараттарында оттекті баллондарды сақтауға және орнатуға;

7) аурухана палаталарына баллондардан оттегі жіберу үшін пластмассалық

және резиналық шлангты қолдануға;

8) жарамсыз емдік электр жабдықтарын пайдалануға;

9) аурухана палаталарында от жағу ойықтарын орнатуға;

10) емдеу мекемелерінің жертөлелері мен астыңғы қабаттарында шеберханалар, қоймалар орналастыруға;

11) аурухана палаталары мен аурулар орналастырылған басқа үй-жайларда үтік, электр плиткаларын және басқа да электр жылытқыш құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

220. Су қайнататын және ысытатын қондырғылар мен титандарды орнатуға, медициналық аспаптарды бактериясыздандыруға, сондай-ақ озокерита мен парафинді қыздыруға тек осы мақсатта арнайы жабдықталған орындарда рұқсат етіледі. Аспаптар мен төсемдерді қайнату үшін жабық спиральді бактериясыздандырғыш қолданылады. Осы мақсатта керосин, керогаз және примустарды қолдануға жол берілмейді.

221. Жалпы емдеу корпусындағы дәріханалар әдеттегідей, жеке сыртқа шығатын есігі бар бірінші қабатта орналастырылуы тиіс және басқа мақсаттағы үй-жайлардан жанбайтын қабырғалармен, қалқалармен бөлу керек.

Басқа мақсаттағы ғимарат ішіндегі дәріханалардағы тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтар саны 100 кг аспауы тиіс.

Дәріханаларда сақталатын оттегі толтырылған баллонның саны екіден аспауы және олар арнайы орынға тігінен тұрғызылған күйде тұруы, сонымен бірге, қамытпен немесе басқа да құралмен тығыз бекітілуі қажет.

222. Зертханаларда, бөлімшелерде, дәрігерлер кабинетінде дәрі-дәрмектер мен реактивтерді (ТТС және ЖС қатысты - спирт, эфир) олардың сыйымдылығын ескере отырып, жалпы саны 3 кг аспайтын арнайы жабылатын металл шкафтарда сақтауға рұқсат беріледі.

223. Сыйымдылығы 300 кг асатын рентген пленкалары сақталатын мұрағат-қойма жеке ғимаратта, ал сыйымдылығы 300 кг жетпейтін болса, 1-тұрпатты өртке қарсы қабырғаларымен және жабындарымен оқшауланған ғимаратта сақтауға рұқсат беріледі. Мұрағат-қоймадан көрші ғимаратқа дейінгі арақашықтық кемінде 15 м болуы тиіс.

224. Мұрағат-қойманың бір бөлмесінде шамамен 500 кг пленка сақтауға болады. Әр секцияда керілмелі желдеткіш болуы тиіс. Есігі сыртқа қарай ашылуы керек. Терезе мен еден алаңының арақатысы 1:8 кем болмауы қажет.

225. Мұрағат-қойманың есігінде "Рентгендік мұрағат", ал шығар есікте "Отқа қауіпті! Темекі шегуге болмайды." деген жазу ілінеді.

226. Мұрағат-қойманың орталықтан жылу берілуі тиіс. Оларда бу арқылы жылу беру, металл пештер, сондай-ақ металл құбырлы уақытша үй-жайдың болуына рұқсат берілмейді.

Мұрағат-қойма ғимараттарында электр қалқандарын, сөндірілген қондырғыларды, электр қоңырауларын штепсельдік байланысты орнатуға рұқсат етілмейді. Жұмыстан тыс уақытта қоймада электр сымдары қосылмауы тиіс.

227. Үй-жайларда шкафты мұрағаттан тыс жылыту құралдарынан 1 м қашықтықта орналастырып, рентгенограмма мен пленкаларды металл шкафтарда (жәшіктерде) 4 кг дейін сақтауға болады. Ғимаратта осындай шкафтар орналасқан жерлерде темекі шегуге және кез келген түрдегі қыздыру аспаптарын қ о ю ғ а б о л м а й д ы .

228. Рентген пленкалары мұрағат-қоймасының тереңдігі мен ұзындығы 50 см аспайтын секцияларға бөлінген металл (асбест арқылы темірмен қапталған ағаш) фильмолаттармен немесе шкафтармен жабдықталады. Шкафтан қабырғаға, терезеге, төбеге және еденге дейінгі арақашықтық 0,5 м кем болмауы тиіс. Әрбір секцияны металл немесе асбест арқылы темірмен қапталған ағашесікпен мықтап ж а б ы л у ы т и і с .

229. Қазына мен дәрі қоймалары бөлмелеріндегі материалдық құндылықтар қатаң түрде ассортимент бойынша сақталады, сондықтан ТТС басқа материалдармен бірге сақтауға жол берілмейді.

230. Оттегі мен жанғыш газ баллондарды материалдық және дәрілік қоймаларда, сондай-ақ бірге сақтауға болмайды. Оттегі мен ЖГ баллондарды арнайы орындарда немесе шатыр астында, жылу көздерінен (жылу беру құралдары, күн сәулесі) және оларға майдың, басқа да майлы заттардың тиіп кетуінен қорғау қажет.

9-бөлім. Өнеркәсіптік кәсіпорындар

11-тарау. Жалпы талаптар

231. Технологиялық процестер регламентке, техниканы пайдалану ережесіне және басқа да белгілі тәртіппен бекітілген нормативтік-техникалық және пайдалану құжаттарына сәйкес жүргізіледі, ал өрт және жарылыс қаупі бар материалдарды пайдалануға арналған жабдық құрастыру құжаттамасына сәйкес б о л у ы т и і с .

232. Әрбір кәсіпорында 12.1.044-89 МЕМСТ бойынша заттар мен материалдардың технологиялық процестерде қолданылатын өрт қаупінің көрсеткіштері туралы мәліметтер болуы, ал ғимараттар мен үй-жайлар үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қолданыстағы техникалық жобалаудың республикалық нормасы ИМ ТЖРН 01-94 негізінде жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша санаты анықталуы қажет.

Өрт және жарылыс қаупі бар заттармен және материалдармен жұмыс

істегенде орамада немесе ілеспе құжаттарда көрсетілген таңбаның және сақтандыру жазуларының талаптары сақталуы тиіс.

233. Бір-бірімен өзара әрекеттескен кезде жалын шығаратын, жарылатын немесе жанғыш және уландырғыш газдар (қоспалар) шығаратын заттар мен материалдарды (егер технологиялық регламентте қарастырылмаған болса) бірге қолдануға, сақтауға және тасымалдауға жол берілмейді.

234. Жобада және технологиялық регламентте немесе объектілік (цехтік) нұсқауларда қаралған болса, бір-бірімен өзара әрекеттескен кезде жалын шығаратын, жарылатын немесе жанғыш және уландырғыш газдар (қоспа) шығаратын заттар мен материалдарды тасымалдауға сақтауға және бірге қолдануға рұқсат етілмейді.

235. Сорғыш құралдарының (шкафтар, сырлайтын, кептіретін камералар т.б.), аппараттардың және құбырлардың құрылысы өртке қауіпті шөгінділердің жиналуын болдырмауға және оларды өртке қауіпсіз тәсілмен тазалау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Тазалау жұмыстары технологиялық регламентке сәйкес жүргізілуі және журналға тіркелуі қажет.

236. Орнатылатын технологиялық жабдықтарда, құбырларда және басқа да орындарда ұшқын өшіргіш, ұшқын аулағыш, от тосқауылдағыш, от бөгейіш, шаң мен металл аулағыш және жарылысқа қарсы жабдықтар, статистикалық электрден қорғау жүйесі жұмыс істеуге дайын күйде болуы қажет.

237. Құралдарды, бұйымдарды және бөлшектерді жуу және майсыздандыру үшін жанбайтын техникалық жуу құралдары, сондай-ақ өртке қатысты қауіпсіз қондырғылар мен әдістер қолданылады.

238. Құбырлардағы суыған өнімді, суық, кристалл гидрантты және басқа да қақпақтарды жылыту ыстық сумен, бумен және басқа да қауіпсіз тәсілдермен жүргізілуі тиіс. Осы мақсатта ашық отты пайдалануға болмайды.

239. Резервуардан (сыйымдылықтардан) ТТС және ЖС таңдап алу мен деңгейін өлшеуді күндіз жүргізу керек. Осы операцияны найзағай кезінде, сондай-ақ өнімдерді құю немесе құйып алу кезінде орындауға болмайды.

Резервуарларға (сыйымдылықтарға) мұндай сұйықтарды "құламалы ағыспен" құюға рұқсат етілмейді. Резервуарларды толтыру және босату жылдамдығы, резервуарда орнатылған демалатын клапандардың (желдеткіш келте құбырлардың) өткізгіштік жағдайларының қосындысынан аспауы тиіс.

240. Тозаң жинайтын камера мен циклондардың есіктері мен люктары оларды пайдалану кезінде ашық тұруы қажет. Камералар мен циклондарда жиналған жанған қалдықтар уақытылы тазаланып тұруы қажет.

241. Өндіріс ғимараттарын, кәсіпорын аумағындағы қоймаларды тұру мақсатында қолдануға, сондай-ақ өндірістік шеберхана қоймаларында орналасуға рұқсат берілмейді.

242. Өндірістік ғимараттар мен қоймалар арқылы транзиттік электр торабы, сондай қатар ТТС және ЖС, ЖГ және тозаңдарды тасымалдауға арналған құбырлар салынбауы тиіс.

243. Жарылыс қаупі бар учаскелерде, цехтарда және ғимараттарда қопарылыс қауіпсіздігіне сәйкес немесе ұшқын шығармайтын материалдардан жасалған құрал-саймандар қолданылуы тиіс.

244. Ғимарат қабырғалары, төбелері, едендері, құрылымы мен жабдықтары шаң мен жаңқалардан жүйелі түрде тазартылып тұруы тиіс. Тазалау мерзімі технологиялық регламентпен немесе объект (цех) нұсқауымен (жазбаша) белгіленеді. Тазалау жарылу қауіпті шаң ауа қоспасын құрамайтын және шаңдарды құйындатпайтын әдістермен жүргізілуі тиіс.

245. Жұмыс орындарына ТТС және ЖС, ЖГ беру орталықтан жүзеге асырылуы тиіс. Жұмыс орнына ТТС және ЖС азғантай мөлшерде арнайы қауіпсіз ыдыспен тасуға рұқсат беріледі. Ашық ыдыстарды қолдануға жол берілмейді. Цех қоймалары үшін ТТ және ЖС, сырлардың, лактардың және ерітінділердің барынша сақталу саны қалыпты түрде белгіленуі тиіс. Жұмыс орнында тек аусымдық қажеттілікті арттырмайтын материалдар (қолданылуға дайын күйде) саны сақталуы қажет. Сондықтан сыйымдылық беті тығыз жабылуы тиіс.

246. Қабырғалар мен жаппаларда технологиялық ойықтар от тосқауылдаушы қондырғылармен қорғалуы тиіс.

247. Жартылай дайын өнімдерді ыдыссыз тасымалдауға арналған шахталық көтергіштердің тиеуіш қондырғылары тек тиеу кезінде ғана ашылатын жапқыш қалқалармен жабдықталуы тиіс.

248. Өздігінен жабылатын өртке қарсы есіктерге арналған механизмдер жарамды жағдайда болуы тиіс. Өрт тосқауылдайтын қондырғы жұмыс соңында жабылуы тиіс.

249. Жарылыстың алдын алу клапандарының қорғау мембраналары адсорберлер мен желілерде жалпақтығы және материалы бойынша жобаға сәйкес болуы қажет.

250. От тосқауылдағыштың, сондай-ақ мембрандық клапандардың жарамдылығы жүйелі түрде тексеріліп, өрт өшіруші саптамадан тазартылуы тиіс. Тексеру мерзімі бекітілген цех нұсқауында көрсетілуі тиіс.

251. Адсорберлер өздеріндегі активті көмірдің өздігінен тұтанып кетуіне мүмкіншілік бермейтін қалыпта болып, олар үнемі стандартты, көрсетілген маркадағы активті көмірмен толтырылуы қажет.

252. ЖС қолданатын гидрожүйелерде бактағы май дәрежесіне бақылау орнатылуы қажет және жүйедегі май қысымын төлқұжатта қарастырылғаннан арттыруға болмайды.

Гидрожүйеден май ағып жатқаны байқалса, дереу қалпына келтірілуі керек.

253. Ағаш аралайтын рамаларды, фрезер-аралағыш және басқа да станоктар мен агрегаттарды пайдалану кезінде:

- 1) аралар қоршауларға тиіп тұрса;
- 2) тістері жетіспейтін немесе түзу емес және ірі қабыршақты араларды пайдалануға;
- 3) салқындату мен майлау жүйесі зақымданған болса;
- 4) салқындату мен майлау жүйесі зақымданған немесе салқындату жүйесіндегі қысым кезінде ағаш аралағыш рамаларды автоматты түрде тоқтатуды қамтамасыз ететін қондырғысыз болса;
- 5) ара рамасы қисайса және сырғытпалар нашарланса және дұрыс жеткізбесе;
- 6) мойынтіректің қызуы 70 градустан асса, пайдалануға жол берілмейді.

254. Шикізатты турау машинасына жіберетін конвейерлер металл түсіп кеткен жағдайда дыбыстық белгі беретін металл үгіткіштермен жабдықталуы тиіс.

255. Турағыш машинаның май құйғышын тазалау кезінде металл заттарды пайдалануға рұқсат берілмейді.

256. Өңдеуге түсетін технологиялық жоңқа, сондай-ақ преске кірер жолға дейінгі жоңқа жасайтын кілем металл қаққыш арқылы өткізілуі тиіс.

257. Ағаштан жоңқа жасайтын плиталарға арналған тегістейтін станоктар алдында беруші құралмен бекітілген және дабыл қаққышпен жабдықталған металл іздегіштер орнатылуы тиіс.

258. Майдаланған ағаш бөліктерінің шанақтары және қалыпталған машиналар аспирация жүйесімен және олардың толғаны туралы хабарлайтын дабыл қағатын берілгіштермен жабдықталуы тиіс.

259. Ыстықтай нығыздау үшін қыспақ үстіндегі бөлмеде плитаны қабыстыру кезінде тозаң мен газдың шығуына жол бермейтін сорғыш бұрғы жүк тиелген және жүктен босатылған үлдіріктермен жабдықталуы қажет. Бұрғы құрылысы жұмысқа және қыспақты тазалауда қиындық туғызбайтындай болуы тиіс.

260. Барабанды кептіргіш пен құрғақ жаңқа шанақтары және аралар өрт сөндіру және жарылысқа қарсы құралдардың автоматты қондырғыларымен жабдықталуы қажет.

261. Шаң және жаңқа материалдарын тасымалдау жүйесі оттың жайылуын қақпайлайтын және өртті жоюға арналған люктермен жабдықталады.

262. Аспирациялық пен пневмотранспорттық жүйелерден ағаш жаңқаларын және басқа да жарылу қаупі бар тозаңдарды жинауға арналған сыйымдылықтар жарамды күйдегі жарылысқа қарсы қондырғылармен қамтамасыз етілуі қажет.

263. Плитаның термикалық өңдеу камералары тәулігіне бір рет бөлініп шыққан ұшпа шайырдан, ағаш жаңқалардан, шаңдардан, қалдықтардан

тазартылып

тұрады.

Ағаш жаңқалы плиталардың термикалық өңдеу камераларынан жарылыс қауіпті газдарды шығару үшін созылмалы құбырдың шиберін әр 15 минут сайын 2-3 минутке (сұқпа шапқыш) ашуға арналған автоматты қондырғысы болуы қажет.

Нығыздалмаған жұмсақ жиекті плиталарға термоөңдеу жүргізуге рұқсат етілмейді.

264. Плиталар термоөңдеуден кейін бунаққа төселер алдында өздігінен жанбас үшін ашық буферлі алаңда қоршаған ауа температурасына дейін суытылуы тиіс.

265. Өңдеу камерасы мен май ванналарындағы (былау) температура автоматикалы түрде бақылануы тиіс.

266. Жағу газдарын пайдаланатын кептіру барабандары ұшқын ұстағышпен жабдықталуы тиіс.

267. Ағаш қабатты пластиктерді нығыздағаннан кейін технологиялық регламентте белгіленген уақыттан бұрын кесіп, бөліктерге бөлуге рұқсат етілмейді.

268. Жұмыс соңында сіндіру ванналары, сондай-ақ ЖС суытатын ванналар қақпақпен жабылуы тиіс.

269. Сіндіру ваннасы және ЖС бар басқа да ванналар ғимараттан тыс жерде орналасқан жер асты сыйымдылықтарына құйылатын авариялық қондырғылармен жабдықталуы тиіс.

Әрбір ваннаның жанатын буларды тартатын жергілікті сорғышы болуы тиіс.

270. Мерзімді қозғалысты кептіру камералары мен калориферлер әрбір тиеу алдында өндірістік қоқыстар мен шаңдардан тазартылуы тиіс.

271. Ауа-бу және газ камераларының енгізу және сору каналдары өрт болған кезде арнайы жабылатын қалқандармен (сұқпа жапқыштармен) жабдықталуы тиіс.

272. Газ кептіру камералары желдеткіш тоқтап қалған жағдайда газдың жануын автоматты түрде тоқтататын жарамды қондырғылармен жабдықталуы қажет.

Газ кептіру камераларының алдында ұшқынның кептіру камераларына түсуін қақпайлайтын ұшқын ұстағыш орнатылады.

Газ кептіру құрылғылары пештерінің көмейінің, ұшқын ұстағыш құрылғыларының техникалық жай-күйі үнемі тексеріледі. Пеш көмейінің үстінде сызаты бар және жұмыс істемейтін ұшқын ұстағышы бар кептіру қондырғыларын пайдалануға жол берілмейді.

273. Сұйық және қатты отынмен жұмыс істейтін газ кептіру камераларының отын-газ құрылғысы күйеден айына екі реттен тазартылуы қажет.

274. Отынмен кептіру бөлімі кептіру агентінің температурасын бақылауға арналған жарамды аспаптармен жинақталуы қажет.

275. Ағаш талшықты жұмсақ плиталарға арналған кептіргіш камералары ағаш қалдықтарынан күніне бір рет тазартылуы тиіс.

Конвейер 10 минуттан артық тоқтаса, кептіру камерасын қыздыру тоқтатылуы қажет.

Едендер мен қабырғаларды, құралдарды жуу техникалық өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сұйықтықтармен жүзеге асырылады. Бұл мақсатта өрт қаупі бар органикалық ерітінділерді пайдалануға жол берілмейді. Сүрту материалдары пайдаланылып болғаннан кейін жабылатын арнайы металл жәшіктерге салынып, ауысым соңында белгіленген орынға апарылады. Лакпен бояу материалдарынан босаған бос ыдыстар цехтан шығарылып, қақпағы тығыз жабылып, арнайы белгіленген алаңдарға жиналады.

482. Жуу және сырлау процесінде статистикалық электр зарядын сөндіру үшін барлық техникалық жабдықтар, бояу бүріккіштер, еріткіштер мен лакты бояуларға арналған құбырлар (иілгіш шлангілер), сондай-ақ сырланатын және жуылатын жеке тораптар, детальдар және басқа да бұйымдар берік түрде жерге қосу қажет.

Жерге қосатын электродтың қарсылық көрсету маңызы 10 Ом аспауы керек.

483. Жеке тораптар мен детальдарды және басқа да бұйымдарды жууға және майсыздандыруға пайдаланылатын органикалық өрт шығу қаупі бар ерітінділерге статикаға қарсы ерітінді қосылады. Жуу мен майсыздандыруды жерге қосылатын нұсқаның сымымен жалғастырылған металл торға оралған мақта-мата салфеткамен жүргізген дұрыс.

484. Статикалық зарядтардың пайда болуының алдын алу және болдырмау үшін :

- 1) жұмысшылар мен қызметкерлерге синтетикалық және жібек маталардан киім киюге, сондай-ақ жүзіктер мен білезіктер тағуға;
- 2) цех алаңдары мен жабдықтарда жерге қосылған аймақ қабаттарының

қ о н д ы р ғ ы с ы н

қ а р а с т ы р у ғ а ;

3) есік тұтқаларын, баспалдақ ағаштарын, құралдардың саптарын жерге б е к і т у ғ е ;

4) жұмысшыларды ток өткізгіш аяқ-киімдермен және статикаға қарсы білезіктермен қамтамасыз етуге жол бермеу қажет;

5) жұмысшыларды (мүмкіндігінше жиірек) өздерінен статикалық электр зарядты жерге қосылған металл заттарға немесе жабдықтарға жалаңаш қолын тигізу тәсілімен ауық-ауық, сондай-ақ өрт шығу қаупі бар органикалық ерітінділер мен лакты сырлардың жанынан алыс жерлерде түсіріп тұруға міндеттеу қажет.

23-тарау. Метрополитендер

485. Әрбір станцияда өрт болған немесе түтіндеген жағдайда шахта тоннельдеріндегі желдеткіштің жұмысы кезінде метрополитен жұмысшылары іс-қимылдарының тәртібі, жолаушыларды құтқару жоспары, өрт қауіпсіздігі шаралары жөніндегі тәртіп, өрт сөндірудің шұғыл жоспары болу қажет. Бұл құжаттар станция кезекшісінің бөлмесінде сақталады. Шұғыл өрт сөндіру жоспарының екінші данасы аға кассирде сақталады және өрт сөндіру басшысының бірінші талабы бойынша беріледі.

486. Жұмыс істеп тұрған тоннельдер мен станциялардың қиылысу орындары жаңадан салынып жатқан немесе қайта салынып жатқан объектілердің жұмысы басталмас бұрын отқа төзімді, түтін өткізбейтін заттармен қоршалуы тиіс. Жұмыс ұйымдастыру барысында жұмыс істеп тұрған метрополитен желісіне телефон байланысы бар кезекші қойылады.

487. Станция қабырғаларына, төбелеріне, құтқару жолдарына (дәліздер, сатылы торлар, вестибюльдер, холлдар), сондай-ақ тоннельдің жер асты дәліздері мен вестибюльдеріне жарнамалар орнату материалдарына тек отқа төзімді материалдар қ о л д а н ы л а д ы .

488. Метрополитендердің жер асты кеңістігінде орнатылған киім шкафтары жанбайтын материалдардан болуы қажет.

489. Станцияның жер асты құрылыстарында, мемлекеттік өрт қадағалау органдарымен келісілген, әрқайсысының сыйымдылығы 5 литрден аспайтын екі газ баллоннан артық сақтауға болмайды.

490. Метрополитеннің жер асты жолдарында отпен атқарылатын жұмыстар қызмет басшысының өкімімен орындалатын авариялық сипаты бар жұмыстарды болдырмас үшін түнде тек электр желілері ағытылғаннан кейін орындалады.

491. Жұмыс істеп тұрған тоннельдердегі газбен және электрмен дәнекерлеу жұмыстарын тек жылжымалы көлікке орнатылған арнайы агрегаттар арқылы

ж ү р г і з у г е

б о л а д ы .

492. Тоннельдерге жанар-жағармайларды жеткізу осы мақсатқа арналған жабдықталған рельспен қозғалатын көлікте арнайы үлестіретін ыдыстарда тек түнгі мезгілде (метрополитенде жолаушылар жоқ кезде) жүзеге асырылуы тиіс.

493. Тоннельдерге жанар-жағармай жеткізуші көліктер алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдыкталуы тиіс.

494. Өртке қарсы тәртіпті тексеру үшін станция мен кабель коллекторлары бөлмелеріндегі авариялық тақтада нөмірлері көрсетілген кілттер станция кезекшілері кабиналарында болуы тиіс. Бұл бөлмелерді тексеру жұмысы станция кезекшісінің немесе қызмет өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

495. Жер асты кеңістігінде орналасқан техникалық кабинеттердегі оқу сыныптарының сыйымдылығы 30 адамнан аспауы қажет.

496. Метрополитендердің жер асты кеңістіктеріндегі жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде металл тұғырлар қолдану қажет.

497. Жұмыс істеп тұрған тоннельдерде:

1) газ генераторларымен жұмыс істеуге;
2) шпалдарға, төсемдерге, сыналарға креозот сіңіруге, битум қыздыруға жол берілмейді.

498. Машина залдарында, эскалаторлар бөлмелері мен демонтаж жасау камераларында қосалқы бөлшектерді, жағармай мен өзге де материалдарды жинауға жол берілмейді.

499. Тоннельдердегі кабель желілерін сырлау қызмет басшыларының рұқсатымен және мемлекеттік өрт қадағалау органының келісімімен тек түнгі мезгілде жүргізуге болады.

500. Электр поездарының вагондарын ақаусыз жұмыс істейтін " жолаушы-машинист" байланысымен және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау қажет.

501. Машинисттердің кабинасына орнатылған электр пештері нығыз бекітіліп және дербес қорғану жүйесі болуы қажет. Пештерге және оған жақын жерлерге әр түрлі жанғыш заттарды қоюға болмайды.

502. Сауда дүңгіршектерін станцияның жер үсті вестибюльдері мен жол асты өткелдеріне ғана орнатуға болады. Дүңгіршектер жанбайтын материалдардан жасалуы қажет. Сауда дүңгіршектері жолаушылардың жүріс-тұрысына кедергі келтірмейтіндей етіп орналастырылады.

503. Дүңгіршектерге жылу беру үшін май электр радиаторларын немесе жылытқыш электр панельдерін қолдану қажет.

504. Дүңгіршектерді алғашқы өрт сөндіру құралдарымен және тәулік бойы жұмыс істейтін кезекшісі бар бөлмеге белгі беретін автоматты өрт дабылымен қамтамасыз ету қажет.

- 1) ТТС, ЖС, ЖГ, аэрозольді орамадағы тауарларды, пиротехникалық бұйымдар мен отқа қауіпті басқа да материалдарды сатуға және пайдалануға;
- 2) станция бөлмелерінде тауарларды, оралған материалдарды, сауда бұйымдарын сақтауға жол берілмейді.

24-тарау. Теміржол көлігі

506. Вокзал ғимараттарында дүңгіршектер мен өзге де жолаушыларға қызмет көрсету түрлерін орналастыру келісім бойынша белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады .

507. Қол жүктерін сақтау камералары мен жүк бөлімдеріндегі сөрелер жанбайтын материалдардан жасалады. Антресольдар орнатуға жол берілмейді.

508. Паравоз деполары мен локоматив қорларының базаларында:

- 1) отын бөлімі жұмыс істеп тұрған паравоздарды депоға қоюға, сондай-ақ оларды сорғыш зонттарының шегінен тыс жерде от алдыруға;
- 2) депо тұрағында және арнайы белгіленбеген орындарда пештің оттығы мен күлін тазалауға ;

3) ТТС, ЖС, қауіпті және өзге де жанғыш жүктері бар жылжымалы құрамды белгіленген паровоз оттығын тазалау орнынан кемінде 50 м қашықтықта орнатуға ;

4) ТТС және ЖС цистерналарын, сондай-ақ аталған сұйықтықтардан босаған ыдыстарды алдын ала булап алмай депо тұрағында қоюға;

5) жанармайлар мен майларды шелектерге, қаңылтыр табаларға және көмекші ыдыстарға тікелей бокстарда (тұрақтарда) құюға;

6) технологиялық процестермен бекітілмеген орындарда тепловоздарға отындар мен жанар-жағармайларды құюға;

7) жанар-жағармай бактарының ауыздарын ашық қалдыруға болмайды.

509. Шлак тазалайтын орларды жанғыш материалдар сақталатын қоймаларынан, сондай-ақ отқа төзімділігі IV, IVa және V дәрежелі ғимараттардан кемінде 50 м қашықтықта орналастыру керек. Пеш оттықтарын тазалау орындарындағы шлак пен от қалдықтары сумен өшіріліп, үнемі алынып тасталуы қажет .

510. Локомативтер (паровоздар) қорларының базалары негізгі жолдардан қашық орналастырылып, сырты қоршалады және сыртқы жарықпен қамтамасыз етіледі .

511. Жуу-булау станцияларына (бекеттеріне) арналған алаңдар станцияның тұрпатты технологиялық процесінің талаптарына жауап беруі және станциялық және тракциялық жолдарға жақын теміржолдардан кемінде 30 м, ал көрші

теміржол ғимараттары мен құрылыстарынан кемінде 50 м қашықтықта
о р н а л а с у л а р ы қ а ж е т .

Цистерналарды өңдеу жұмыстары жүргізілетін аумақтардың алаңдарына мұнай өнімдерінің топыраққа сіңуіне жол бермейтін қатты зат төселуі қажет.

512. Цистерналарды өңдеу орнына апару жұмысы тек ұшқын өшіргішпен жабдықталған тепловоздармен (мотовоздармен) атқарылады. Цистерналарды жеткізу кезінде кемінде 4 осьті екі вагоннан қоршау қойылады. Тепловоздарды жуу орнына 20 м жақын келуге болмайды, ол жерге әрі қарай жүруге тыйым салынатыны туралы белгі қою қажет.

513. Жуу-булау станцияларына (бекеттеріне) өңдеуге берілетін цистерналардың құю құралдары, қалпақтар мен тиеуіш люктерінің қақпақтары үнемі жабық болуы қажет. Өңдеуден өткен цистерналар қалыпты тығын арматураларымен жабдыкталуы тиіс.

514. Цистерналардың құю аспаптарының клапандарын толтыру жұмыстары жүргізілетін жолдар мұнай өнімдерінің қалдығын ұстап қалатын астаушалармен немесе басқа да құралдармен жабдыкталуы қажет.

Тұндырғыштар мен құбыр желілерінің люктары мен бұрандаларын үнемі қақпақтармен жауып отыру керек.

Клапандарға май құйғанда тек аккумуляторлық шамдар мен ұшқын шығармайтын аспаптар қолданылады.

515. Теміржолдар, эстакадалар, құбыр желілері, резервуарлар, ЖГ, ТТС және ЖС бар цистерналар құю және толтыру кезінде статикалық электр токтарынан қорғалуы үшін оларды жерге бекітуді қамтамасыз ету керек.

516. Металдан жасалған тасымалы және жылжымалы сатылар мыс қармақтармен және буын астындағы резина жастықшалармен жабдыкталуы тиіс.

517. Қазандықтар мен цистерналар ішін жарықтандыруға тек аккумуляторлық фонарьлар қолданылады. Фонарьді жағып-өшіру цистернадан тыс жерде
о р ы н д а л у ы қ а ж е т .

518. Эстакадалар мен алаңдар мұнай өнімдері қалдықтарынан тазартылып, әр ауысым сайын бір рет ыстық сумен жуылуы қажет.

519. Жуу-булау станцияларының (бекеттерінде) аумақтарында:

1) жарылыстан қорғамайтын фонарьларды, шамдар мен шырақтарды
қ о л д а н у ғ а ;

2) кара металдан немесе соғылған кезінде ұшқын шығаратын басқа материалдардан жасалған құрал-саймандарды пайдалануға;

3) теміржолдардың, ғимараттарының және құрылыстарының астымен ауа
э л е к т р с ы м д а р ы н жү р г і з у ғ е ;

4) цистерна қазанының ішінде жұмыс істеген кезде болат пластинамен немесе
шегемен шегеленген аяқ-киімді пайдалануға;

5) сумен және конденсатпен бірге ТТС және ЖС қалдықтарын ортақ канализация желісіне, ашық жыраларға, шұңқырларға, беткейлерге төгуге;

6) адамдардың цистернаға түсуі үшін ауыспалы болат сатыларды, сондай-ақ болатпен шегеленген ағаш сатыларды қолдануға;

7) тексерілген цистерна ішінде және оның сыртында сұрту материалдарын қ а л д ы р у ғ а ;

8) локомотивтердің тазалау депосы мен эстакада астына кіруіне жол б е р і л м е й д і .

520. Теміржолдардың жақтауларын шырпылардан, ағаш шабындылары мен бұталардан, ескі ағаштардан және өзге де жанғыш қоқыстардан таза ұстау қажет. Аталған заттар теміржол бойынан уақытылы тазартылады.

521. Жол бойына төгілген ТТС және ЖС беті құммен, топырақпен жабылып, жолдың бойынан алынып тасталуы тиіс.

522. Бөгендерде, станцияларда және буын жинақтау базаларында ағаштар мен қырлы бөренелер уақытша сақталғанда қатарланып жиналуы тиіс.

Қатарлар тұрған алаң мен оның аумағының айналасы кемінде 3 м қашықтықта құрғақ шөптерден және басқа да жанғыш материалдардан тазартылып, айдалуы немесе жыра қазылуы тиіс.

523. Ағаштар мен қырлы бөренелер жол бойында параллель жиналғанда үйлер мен құрылыстардан - кемінде 30 м, поездардың ұйымдастырылған қозғалысы жолынан - 10 м, өзге жолдардан 6 м және тіректің биіктігі электр беру және байланыс желісінен кемінде бір жарым елі қашықтықта төселуі мүмкін. Ағаштар қатарының арасы 1 м кем, ал әрбір ағаштың арасы 20 м кем болмауы қ а ж е т .

Ағаштар қатарын ұзақ мерзім сақтағанда немесе олардың мөлшері 10.000 м^3 асқан жағдайда орман шаруашылығында ағаш сақтау талаптарын орындау қажет.

524. Көпірлерден, жол құрылыстары мен поездардың ұйымдастырылған қозғалысының жолдарынан, сондай-ақ электр беру және байланыс желілерінен кемінде 50 м қашықтықта шөп, сабан және ағаш жинауға болмайды.

525. Жол бойында алау жағуға, құрайларды, кесілген материалдарды өртеуге, сондай-ақ құраған ағаштар мен бұталарды қалдыруға болмайды.

526. Орманды алқаптарда көпірлер айналасында кеңдігі кемінде 1,4 м болатын минералды заттар төселіп, ашық белдеу қалдырылуы керек.

527. Көпірлер астындағы радиусы 50 м ашық жер алаңы құраған шөптен, бұталардан, шырпылардан, жанғыш қоқыстардан тазартылуы тиіс.

528. Теміржол үстіндегі ағаш өтпе жолдар төменгі жағынан ені 4 м болатын екі жағынан 0,3 м төмен түсірілген ернеуі бар болат қаңылтырмен қапталуы

қ а ж е т .

529. Өзендердің қатуына байланысты барлық ағаш төсеніші бар ағаш және металл көпірлер өрт сөндіру мақсатында қатпайтын ойықтармен және оларға келу жолдарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Ойық жасалған жер көрсеткішпен белгіленуі қ а ж е т .

530. Барлық жолдар мен жол құбырларында:

- 1) көпірлер астына немесе оған жақын жерлерде материалдар жинақтауға, кемелер, салдар, баржалар мен қайықтар үшін тұрақтар ашуға;
- 2) керосин фонарлары мен бензомоторлы агрегаттарға май құюға;
- 3) мұнай өнімдерінен тазартылмаған материалдардан әр түрлі құрылыстар және басқа да құрылымдар салуға;
- 4) көпірлердің астында құраған шөптерді өртеуге, сондай-ақ бұталар мен басқа да жанғыш материалдарды жағуға жол берілмейді.

531. Жол машиналары станцияларының вагондар тұрағына арналған теміржол жолдары өрт болған жағдайда жылжымалы құрамды алып шығуды және бөліп жайғастыруды қамтамасыз ететін көрсеткіштерімен жабдықталады.

532. Өндірістік шеберханалар, мектептер, балалар мекемелері орналасқан вагондар тұрғын үйлерден кемінде 10 м өртке қарсы бөліктері бар жеке топ б о л ы п қ о й ы л а д ы .

533. Станциялардың жол машиналары (бұдан әрі - СЖМ) орналасқан орындарда сумен қамтамасыз етудің табиғи және жасанды су көздері болмаған жағдайда теміржол цистерналарында немесе әрбір топқа (15-20 бірлік) 50 м³ есебінен басқа сыйымдылықтарда өрт сөндіруге қажетті су қорлары құрылуы т и і с .

534. Әрбір жылжымалы құраманың жақын маңдағы теміржол станцияларымен өртке қарсы қызметті шақыру үшін телефон байланысы болуы қажет. СЖМ вагондарының тұрағында өрт туралы хабарлайтын дабыл белгісі орнатылады.

12-бөлім. ӨРТ ЖАРЫЛЫС ЖӘНЕ ӨРТ ШЫҒУ ҚАУІП БАР ЗАТТАР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ

535. Жөнелтуші қауіпті жүктерді сол өнімге қатысты мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарда қарастырылған бумалар мен ыдыстарға с а л ы п т а с ы м а л д а й д ы .

Олардың бумалары мен ыдыстары төгілу мен шашылуға жол берілмейтін мықты, сапалы және жүкпен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болуы қажет. Ыдыстар мен бумалар ішінде сақталатын заттарға қарағанда инертті материалдардан ж а с а л у ы қ а ж е т .

536. Автоцистерналармен және баллонды автөкөліктермен ТТС және ЖС, сұйытылған көмірсутекті газдарды, жеңіл көмірсутекті шикізаттарды және пентандар тобындағы көмірсутектерді (бұдан әрі - СКГ) тасымалдауды ұйымдастыру кезінде қауіпті жүктерді автөкөліктермен тасымалдау ережесінің және белгілі тәртіпте белгіленген басқа да нормативтік құжаттардың талаптарын о р ы н д а у қ а ж е т .

537. Жеңіл тұтанатын, улы, ащы, коррозиялық газдар мен булар бөлетін, кепкен кезде жарылыс қаупін туғызатын, сумен және ауамен араласқанда қауіпті зат түзетін, сондай-ақ тез тотығатын қасиеті мен жарылыс өрт шығу қаупі бар жүктер герметикалық ыдыстарда болуы қажет.

538. Шыны ыдыстардағы қауіпті жүктер мықты жәшіктерге немесе торлы ыдыстарға (ағаш, металл, пластмасса) салынып, бос кеңістігі отқа төзімді, соққыдан сақтайтын, сіңіргіш материалдармен толтырылуы қажет.

Жәшіктер мен торлы ыдыстар қабырғалары ішіндегі шыны ыдыстардан 0,05 м биік болуы керек. Шыны ыдыстардағы қауіпті жүктерді ұсақтап тасымалдағанда қақпағы жабылған нығыз ағаш жәшіктерге салынады.

539. Пластмасса және металл банкалардағы, бидондар мен канистрадағы қауіпті жүктер қосымша ағаш жәшіктерге, торларға салынуы керек.

540. Қатты сусымалы қапталған қауіпті жүктер, егер сол өнімдерді қаптау мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарда қарастырылған болса, онда олар вагондармен тасымалданады. Мұндай жүктерді шағын партиялармен тасымалдағанда олар қосымша ыдыстарға (металл немесе фанерлік барабандар) с а л у қ а ж е т .

541. Қауіпті сұйық жүктерді тасымалдауда ыдыстарды сол өнімге қатысты мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарда қарастырылған нормаға д е й і н т о л т ы р у қ а ж е т .

542. Бір вагонға әр түрлі топқа жататын қауіпті жүктерді, сондай-ақ бір топқа жататын, бірақ бірге тасымалдауға болмайтын жүктерді тиеуге болмайды.

543. Вагондарға қышқылдары бар жәшіктерді тиегенде олар ТТС және ЖС салынған жәшіктерге қарама-қарсы қойылады. Барлық жәшіктер бір-біріне тығыз орналастырылып, мықтап бекітілуі қажет.

544. Улы (2.2. класс тармағына жататын) және тез тұтанғыш улы газдармен (2.4. класс тармағына жататын) толтырылған баллондар, сондай-ақ, осы газдардан босаған баллондар тек вагонмен немесе контейнерлермен заттар мен материалдарды бірге сақтау жөніндегі өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес (5- қ о с ы м ш а) ж ө н е л т і л у і т и і с .

545. Улы газдары немесе жеңіл тұтанатын газдары бар баллондар немесе осы газдардан босаған баллондар тек вагондармен немесе контейнерлермен ж ө н е л т і л е д і .

Жанғыш және улы газы бар баллондар көлденең жатқызылып, аузына қорғағыш қалпақ кигізіліп, бір жағына қарата тиеледі.

Газы бар баллондарды көлденең тиеуге тек барлық баллондарда қорғағыш сақина болып, және баллондардың жылжуы мен құлауына жол бермейтін етіп тығыз толтырылған болса ғана көлденең тиеуге жол беріледі. Есіктік ойықтар қозғалыс кезінде жүктер есікке қарай құламау үшін қалыңдығы 40 мм кем емес тақтамен қоршалды.

Қорғағыш сақиналары жоқ баллондарды тиеуге рұқсат берілмейді. Мұндай жағдайда әр баллондар қатарларының арасына баллонға арналып ойылған ұясы бар тақтай салыну керек.

Баллондар арасына пішен мен сабан және басқа да тез тұтанғыш заттарды салуға жол берілмейді.

ТТС және ЖС стандартты герметикалық және пломба қойылған бөшкелерде тасымалданады.

Изопропилнитрат пен самин тасымалдауға арналған вагондар жүк тиелген және бос күйінде де жүк жіберуші (жүк қабылдаушы) жақтың арнайы бригадасының шығарып салуымен тасымалдануы қажет.

546. Әдетте ТТС және ЖС, ЖГ жұмыс орындарына тек орталықтандырылған тәсілмен тасымалдау қажет.

ТТС және ЖС, ЖГ жұмыс орындарына жеткізу үшін ашық ыдыстарды пайдалануға жол берілмейді.

547. Ғимараттар мен құрылыстарға ТТС және ЖС, ЖГ құбыр желілерін тартқан кезде:

1) қабырғалардағы құбырларды өткізген ойықтар герметикалық түрде ғимараттың қалыңдығына сәйкес жанбайтын материалдармен жабылуы;

2) екі бөлме арасындағы каналдар мен орлар (ашық және жабық) орындарында жанбайтын материалдардан жасалған газ өткізбейтін жарамды маңдайшалар пайдаланылуы;

3) құбырлар стандартқа сәйкес сырлануы қажет.

548. Әдетте ЖГ мен ТТС айдау кезінде тығыздамасы жоқ сорғыштар қолдану қажет.

Толық кернеумен жұмыс істемейтін құбыр желілерінде гидросырмалар орнатылуы тиіс.

549. ТТС және ЖС толтырылған сыйымдылығы 10 л астам шыны ыдыстар тоқылған себеттерде немесе ағаш торлы жәшікке, ал сыйымдылығы 10 л дейінгі шыны ыдыстар арасына төсем салынған тығыз ағаш жәшіктерге салынуы тиіс. Ыдыстар сынған жағдайда соққыны жеңілдетуге арналған бұл материалдар сұйықты зиянсыз сіңіріп алуы керек.

550. Тасымалдау транспортерлары мен норийлері, өзі ағатын немесе

пневматикалық құбырларды пайдалану ақаусыз және шаң-тозаң шығатын герметикалық жабындылар болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Желдеткіш жабын астындағы шаң-тозаңның тұрақты және тиімді сорылуын қамтамасыз ету қ а ж е т .

551. Пневмотранспортты және өзі ағатын құбырларды пайдалану кезінде (өнім құбырмен қозғалғанда) құбыр жолында шаң-тозаңның жинақталуына жол берілмейді. Құбыр желісін тазалау бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуі қажет.

552. Транспорттерлер мен пневмотранспорттық құрылғыларды іске қосуды, оларды бос жүрісте жете тексергеннен, өзге заттардың жоқтығына көз жеткізгеннен, мойынтіректердің майланғанын, сондай-ақ барлық қорғаныс жабдықтарының жарамдығын тексергеннен кейін жүзеге асыру қажет.

553. Өнімді пневмотранспортты торапқа түсіретін электр қозғалтқышты, жел үрлеу машинасының техникалық жабдықталған электр қозғалтқышының автоматикалық тосқауылы жарамды жағдайда болуын, іске қосар алдында үнемі т е к с е р у қ а ж е т .

554. Сусымалы (ұнтақ тектес) өнімдерді тасымалдау кезінде олардың төгіліп немесе транспорт жолын жауып тастамасы үшін транспорттерлер автотосқауылмен қамтамасыз етілу керек.

555. Ақауы бар винтті транспорттерлер мен норийлерді пайдалануға (науа мен винт арасында саңлаудың болмауы, лента мен отаушалардың науа қабырғасымен қ а ж а л у ы н а) ж о л б е р і л м е й д і .

556. Транспорттер дөңгелектері мен лентаны керу барабандары еркін айналуы қажет. Лентаның бос тұрып қалуына, сондай-ақ барабандарды битуммен, канифольмен және өзге де жанғыш заттармен майлауға болмайды.

557. Норийлерде, өзі ағатын пневмоқұбырларда, транспорттерлерде өрт шыққан жағдайда, цехтың технологиялық желісін және аспирациялық, желдеткіштік жүйелерді тоқтату үшін әрбір қабаттағы басқыш алаңының жанына т о қ т а т у т ү й м е с і о р н а т ы л а д ы .

558. Отқа қарсы қызметінің жүйесінде ақау немесе сөндірілген болса, ұсақталған материалдарды тасымалдау желілері мен аспирациялық желілерді п а й д а л а н у ғ а ж о л б е р і л м е й д і .

559. Өртке қарсы тосқауылдардағы транспорттер мен конвейерлер өтетін тесіктер отқа қарсы құрылғылармен (есіктермен, қақпалармен, су бүркулермен, төгу құрылғыларымен) қамтамасыз етілулері керек.

560. Өрт жарылу қаупі бар заттарды тасымалдайтын жүк көліктеріне, сондай-ақ жүк арту және осындай заттар бар орындарда қауіпсіздік шаралары туралы ескертетін белгі қойылуы қажет.

561. Елді мекен аумағы арқылы өрт жарылыс шығу қаупі бар заттардың көп мөлшерін автокөлікпен тасымалдау қауіпсіздік талаптарына сәйкес тек түнде

ғана жүзеге асырылады.

562. Өрт шығу қаупі бар заттарды тасымалдау кезінде:

1) күндіз ТТС пен ЖГ толтырылған цистернаны елді мекен арқылы тасымалдауға;

2) соққының болуына жол беруге, тежегішті кенет басуға;

3) ЖГ бар баллондарды сақтандыру тежегішсіз тасымалдауға;

4) көлікті қараусыз тастауға тыйым салынады.

563. Өрт шығу және жарылу қаупі бар күшті материалдарды арту, түсіру орындары:

1) жұмысты қауіпсіз істеуді қамтамасыз ететін арнайы жабдықтармен (тағандар, қалқандар, траптар, зембілдер т.б.) жабдыкталуы қажет. Сондай-ақ шыны ыдыстарды тасымалдауға арналған ұялары бар зембілдер мен арбаларды қарастыру қажет. Шыны ыдыстарды екі адам ұстайтын тұтқасы бар, ақаусыз себеттермен де тасымалдауға рұқсат етіледі;

2) апатты жағдайларды жою және өрт сөндіру құралдарымен;

3) ақаусыз тұрақты немесе уақытша жарықпен, электр қондырғыларын орнату аймағына лайық ережелерге сәйкес жабдыкталуы қажет.

564. Өрт шығу және жарылыс қаупі бар күшті заттарды артып-түсіру орындарында ашық отты пайдалануға жол берілмейді.

565. Пайдаланатын артып-түсіру механизмдері ақаусыз жағдайда болуы қажет.

566. Жүргізушілер мен машинистерге арту немесе түсіру жұмыстарын күтіп тұрған, сондай-ақ арту-түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде көлікті қараусыз қалдыруға жол берілмейді.

567. Өрт шығу және жарылыс қаупі бар күшті материалдарды артуға берілетін көлік түрлері (вагондар, кузовтар, тіркемелер, контейнерлер) техникалық ақаусыз күйде және өзге заттардан тазарту қажет.

568. Зақымдалған ыдыстар (буманы), шашылған немесе төгілген заттар байқалысымен, дер кезінде зақымдалған ыдысты (буманы) алып тастап, еденді өрт шығу қаупі бар жарылғыш заттардан тазарту қажет.

569. Өрт шығу және жарылу қаупі бар заттарды артып-түсіру жұмысын атқарушылар таңба қою және қаптау ыдыстарындағы ескерту-талап жазуларын орындауы қажет.

570. Өрт шығу және жарылыс қаупі бар заттарды автокөліктердің қозғалтқыштары жұмыс істеп тұрғанда артып-түсіруге, сондай-ақ егер заттарға су тигенде өздігінен тұтанатын болса, жаңбыр жауып тұрған кезде де артып-түсіруге рұқсат етілмейді.

571. Өрт шығу және жарылыс қаупі бар заттарды вагондарда, контейнерлерде, автокөлік қораптарында қозғалмайтындай етіп арту керек, олар қозғалыс

кезінде жылжымайтын, өзара соқтығыспайтын болуы қажет.

572. ТТС және ЖС құю, құйып алу жұмыстарына қатысты технологиялық жұмыс кезінде:

1) ыдыстардың люктері мен қақпақтары ешқандай артық күш қолданылмай, жұлқып ашылмай баяу, ұшқын шығармайтын аспаптар көмегімен ашылуы қажет, сырты ТТС және ЖС ағып, ластанған ыдыстарды артып-түсіруге болмайды;

2) арматуралар, түтіктер (шлангтер), ажыратылатын қосылыстар, статикалық электр тоғынан қорғау жүйелері ақаусыз техникалық түрде болуы қажет.

573. Цистерналарды, резервуарларды, ыдыстарды сұйықпен толтыру алдында, өлшеу аспабының ақаусыздығына көз жеткізіп, тексеру қажет.

574. Резервуардағы сұйықтың деңгейін өлшеу және одан үлгі (проба) алу жұмыстары, ережелерге сәйкес, күннің жарық уақытында атқарылуы қажет. Түнгі тәулік уақытында осы жұмысты атқарушылар тек жарылыс шығу қаупін болдырмауға арналған аккумуляторлар, фонарьларды қолданулары қажет.

Сұйықтық деңгейін тексеру мен үлгі алу жұмыстарын найзағай жарқылдап тұрғанда немесе құю, құйып алу жұмыстары кезінде орындауға жол берілмейді.

Үлгі алатын құрал ұшқын шығармайтын материалдан жасалулары қажет.

575. ТТС және ЖС құйылған ыдыстарды толтыру мен босату жұмыстары тек қана ақаусыз дұрыс жалғанған, ашып-жабу тетіктері дұрыс жұмыс істейтін құбыр желілері мен түтіктер (шлангтар) арқылы орындалады. Жұмыс кезінде тығын арматурасын толық ашу қажет.

576. Өнімді ыдыстарға, резервуарға "жылжып ағу" әдісімен құюға жол берілмейді. Резервуарларды толтыру мен босату жылдамдығы, ыдысқа орнатылған тыныс алу, қорғау клапандары (немесе вентиляциялық түтік) тынысына тең болуы қажет.

577. Өрт шығу және жарылыс қаупі бар заттарды түсіріп болғаннан кейін вагон, контейнер ішін, автокөлік қорабын мұқият қарап, зат қалдықтары мен қоқыстан тазалау қажет.

578. Осы тармаққа қойылып отырған талаптар арнайы дайындалған теміржол цистерна вагондарын төменде көрсетілген СКГ және оның қосылыстарын тасымалдау кезінде: пропан, н-бутан, изобутан, пропан-бутан, пропилен, изопентан н-Пентан, бутadiens, изопрен, н-бутилен, пропан-бутилен, альфа-бутилен, бета-бутилен, бутан-дивинильді фракция (бұдан әрі - БДФ), изобутан, изобутан-изобутилен, пиперилден, бутан-изобутиленді фракция (бұдан әрі - БИФ), өңделген БИФ, пентан-изопентан, пентан-гексан, изоамилен, рефлюкс, тұрақсыз газды бензин (бұдан әрі - ТГБ), бутан-бутиленді фракция (бұдан әрі - ББФ), пропан-пропиленді фракция (бұдан әрі - ППФ), көмірсутектердің кең фракциясы (бұдан әрі - ККФ) және осыған ұқсас тиісті тәртіппен тасымалдауға жататын заттарды қолданылу қажет.

579. СКГ тасымалдауға арналған вагон-цистерналарды пайдаланушылар (иеленушілер мен жалдаушылар) оларды осы ережелерге сәйкес және өзге де бекітіліп, тіркелген нормативті құжаттар талаптарына сәйкес ұстаулары қажет.

580. СКГ цистерналарға құю және оны босату жұмыстары тек арнайы эстакадаларда осы ережелерге және өзге де бекітіліп, тіркелген құжаттар талаптарына сәйкес орындалуы қажет.

581. Құю, босату эстакадаларының өз көлеміне сәйкес құю, босату жолының дамуы болуы қажет. Өнім ұсынушы зауыттардың (дайындаушылар) қабылдау, жөнелту жолдарын, тәуліктік есеппен алғанда тәуліктік босату мөлшерінде цистерналар тұру жолдарын және цистерналарды қарау мен құюға қою эстакадалары болуы қажет.

582. Құю-босату эстакадалардың құбыр желілеріне монометрлер орнату керек.

583. Құю босату жұмыстарына пайдаланылатын, өзара жалғанбалы жеңдер өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және осы процеске сәйкес стандарттар мен техникалық шарттарға жауап беретін болуы қажет.

584. Цистернаны толтыру (босату) алдында өзара жалғасатын жеңдерді тексеріп шығу қажет. Тоқыма жіптеріне тесік ақау түскен жеңдерді ауыстыру қажет.

Жалғау тетіктерінде ақауы бар, бұрандалары зақымданған жеңдерді пайдалануға болмайды.

585. Цистернаның қосылу тетіктеріндегі фланцты және бұрандалы бөліктерін, жең қамыттарын, толық қысыммен жұмыс істеп тұрғанда тартуға, бұрап босатуға, сондай-ақ гайкаларды бұрап бекіту мен босату кезінде соққылау аспаптарын қолдануға тыйым салынады.

586. Құбыр желілері мен резина тоқыма жеңдері жерге бекітілуі керек.

587. Құю босату жұмыстары кезінде цистернаны коммуникацияға қосылған күйінде ұстауға болмайды. СКГ құю немесе босату жұмыстары ұзақ уақытқа тоқтатылғанда, жалғастыру жеңдері цистернадан шешіліп алынады.

588. СКГ құю мен босату кезінде:

1) цистернадан кемінде 100 м жақын жерде темекі шегуге, өрт шығу қаупі бар жұмыстар жүргізуге;

2) цистерналарды жөндеу жұмыстарын, оған жақын жерде жөндеу жұмыстарын жүргізуге, егер бұлар құю-босату жұмыстарымен байланысты болмаса;

3) автокөлік және теміржол маневр көлігінің жақын келуіне;

4) құю-босату эстакадасы маңында, осы жұмысқа қатысы жоқ өзге адамның болуына тыйым салынады.

589. Құю-босату учаскесіне келетін жолдарға қарата, теміржол жақ тұста

өлшемі 400x500 мм белгіге: "Тоқта! Өтуге болмайды! Цистернаны құю (босату) жұмыстары жүргізілуде!" деп жазылып қойылады.

590. Цистерналарға құю (босату) жұмыстары жүргізілер алдында олар рельстерге арнаулы тежегіш құралдарымен бекітіліп, жермен жалғастырылады.

591. Құю-босату жұмыстарын найзағай кезінде жүргізуге жол берілмейді.

592. Бірінші рет сұйық құйылып отырған немесе жөндеуден өткен цистерна құю жұмысы алдында инертті (бейтарап) газбен дегазацияланады. Үрлеу жұмысынан соңғы цистернадағы оттегі мөлшері 5% көлемнен аспауы керек.

5 9 3 . Ц и с т е р н а л а р д ы :

- 1) жүру бөлшектерінің зауыттық және жөндеу мерзімдері біткенде;
- 2) цистернаның техникалық куәландыру және гидравликалық сынақ мерзімі және арматураның алдын алу және жоспарлы жөндеу мерзімі өткенде;
- 3) дайындаушы-кәсіпорын ескерткендей, алдын ала сақтандыру, жабу арматурасы жоқ болса немесе ақаулық болса, бақылау-өлшеу тетіктері болмаса;
- 4) цистернада анық емес трафареттер, жазулар және таңбалар болса;
- 5) цистернаның цилиндрлік бөлігі немесе түбі зақымданса (жарықтар, майысулар, формасының айтарлықтай өзгеруі);
- 6) цистерна СКГ өнімдерінен өзге өнімдер тасымалдауға пайдаланса;
- 7) бірінші рет немесе жөндеуден кейін цистернадағы артық қалдық СКГ булары қысымы 0,05 МПа (мегапаскаль) болса (СКГ булары қысқы мерзімде 0,05 МПа төмен болуы мүмкін болғанда артық қалдықтың қысымы жергілікті өндірістік нұсқау бойынша анықталады), толтыруға болмайды.

594. Цистернаны толтыру алдында ұйым өнімі мен дайындаушы завод өкілі ондағы қалдық қысымы мен су қалдығын немесе СКГ буланбай қалған қалдығын анықтайды. Цистернадағы буланып үлгермеген газдар мен су қалдығы оны толтыру алдында тазалануы қажет.

595. Цистернадағы суды ағызу мен СКГ қалдығынан тазалау екінші бір адамның (жұмыс істеуші) қатысуымен орындалады. Жұмыс жүргізілгенде ол жел жақта тұруы және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі қажет.

596. Цистернаны толтыру кезінде оның ішіндегі газ деңгейін үнемі бақылау қажет. Цистернаны құю кезінде өнімнің ағуы байқалса, жедел түрде құю тоқтатылып, өнім төгіледі, қысым төмен түсіріледі, осылардан кейін цистернадағы ақауды анықтау мен жою жұмыстары жүргізіледі.

597. Цистерналарды қабылдаған кезде оның дұрыс толтырылғанын анықтау қажет. Цистернаның ең жоғары (максимум) толтырылу көлемі, оның жалпы сыйымдылығының 85% аспауы тиіс. Артық мөлшерде толтырылған цистернадағы артық өнім қайта құйылып алынады.

598. Құю босату эстакадалары алғашқы өрт сөндіру құралдарымен: ұнтақты өрт сөндіргіштермен, құмы бар жәшіктермен, киізбен (асбест көрпемен)

жабдықталуы тиіс. Алғашқы өрт сөндіру құралдарының саны мен оларды орналастыру тәртібі мемлекеттік өрт бақылау органымен келісіледі.

599. Ақауы бар, пайдалануға жарамсыз цистерна анықталысымен ол поездан ағытылып алынып, бөлек жолдағы қауіпсіз орынға қойылады. Қажет болған жағдайда экипаж бөліміне ұшқын шығармайтын аспаптармен жөндеу жұмысын ашық отсыз жүргізуге рұқсат етіледі.

600. СКГ құйылған цистернаның герметикалық жабылуында ақау анықталысымен ол поездан ағытылып, қауіпсіз, от шығу қаупі жоқ орынға қойылып, ауадағы газ құрамы бақылауға алынады. Мұндай цистернаның контактылы тоқ көзінен ағытылмаған электр желісі астына қоюға тыйым салынады.

601. Теміржолдардың электр қуатымен қамтамасыз етілген учаскелерінде цистерна үстінде тұрып, жұмыстың ешқандай түрін атқаруға болмайды. Тек қана сырттай тексеруге рұқсат етіледі. Жұмыс жүргізу байланыс торабын ажыратқан соң ғана жол беріледі.

602. Өрт шығу қаупі туындағанда немесе өрт шыққанда жол үстінде жетекші локомотив машинисі белгіленген тәртіп бойынша поезддағы радиобайланыс немесе поезддардың диспетчеріне туындаған жағдай жөнінде хабарлайды.

Хабарда өрт шығу жағдайы немесе оның қаупі, тасымалдау құжаттарында СКГ бары мен вагон цистерналар саны, апаттың карточка нөмері, электр желісі жүргізілген учаскелерде байланыс торабынан кернеуді ажырату жөніндегі мәліметтер қамтылуы қажет.

603. Локомотив машинисіне құрам қатарынан СКГ тиелген вагон цистерналарды ағытып тастауға тыйым салынады. Ол жөнінде құрамға тежегіш алынғаны жөніндегі хабардан соң рұқсат беріледі.

604. СКГ тиелген цистернада өрт шығу қаупі туындағаннан кейін оны станцияда тұрған поездан (құрамнан) ағытып, қауіпсіз орынға қою шаралары жүргізіледі.

605. Цистерна қазанын жөндеу, оны іштей тексеруден өткізу, барлық ақаулы элементтерін анықтау, жұмыстарына тек цистернаны газдан арылтып (дегазация) тиісті қызмет басшысы рұқсат-нарядын бергеннен кейін жүзеге асырылады.

606. Жөндеу жұмыстары кезінде:

1) қазанда толық кезінде және ол бос болса да, газдан ажырату жұмысы жүргізілмеген жағдайда жөндеуге;

2) қазандықтарды ұруға;

3) от ұшқыны шығаратын аспапты пайдалануға және цистерна қасында ашық отты пайдалануға (факель, керосин, лампалар, қуырғыш);

4) цистерна астында дәнекерлеу және отпен істелетін өзге жұмыстарды атқаруға жол берілмейді.

Тежегіштерді дәнекерлеу, соққылау жолымен жөндеу қажет болғанда, оны цистернадан ағытып, кемі 100 м қашықтыққа апарып жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет.

607. Цистерна қазанының ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізгенде (ішкі тексеру, жөндеу, тазалау) кернеуі 12 вольттан аспайтын, жарылу қаупін туындатпайтын шамдарды пайдалану қажет. Шамды жағып-сөндіру цистерна қазанынан тыс жерде орындалады.

608. Цистерна қазаны ішінде жұмыс жүргізуден бұрын оның ішіндегі ауа құрамында көмірсутектер мөлшері мен оттегі мөлшерін анықтау қажет. Оттегі мөлшері шамамен 19-20 % (мөлшерінде) болуы қажет. Жанғыш заттар құрамы қазанның 20 % мөлшерінен аспайды, яғни СКГ жалын таралуының төменгі деңгейінен (бұдан әрі - ЖТТД) аспауы керек.

609. Жұмыс істемей тұрғанда цистерна вентильдері жабық болуы тиіс. Қажет болған жағдайда толық тұрған цистерна вентильдерінің сальникті нығыздағыштарын ауыстыру, клапан толық жабық және сөндіргіштерді шешіп орындалады.

610. Бутадиен мен изопренді цистерналармен тасымалдағанда пероксидті қосылыстар мен полимерлену болмас үшін:

1) цистернаға өнімді құймас бұрын оның ішін азотпен оттегі көлемі 0,1 % үрленеді;

2) өнімді цистернадан құйып алу мен бір мезгілде оған құрамында көлемі 0,1% аспайтын азотпен үрлеп, артық қысым мөлшерін 0,2 МПа мөлшерінде ұстайды;

3) газды фаза деңгейіндегі оттегі мөлшері цистернада 0,1% көлемінен аспауы керек;

4) цистернада 5 тәуліктен артық болуы тиіс бутадиен мен изопрен, тасымалдауға қажет болғанда, пероксидті қосылыстар мен полимерлену болмауы үшін ингибитор қоса құйылады;

5) қазанды дайындау және тазалау үшін: қазанды өзге өнім қалдықтарынан тазалауға; қазанды азотты көмірсутектері көлемі 0,5% болғанша үрлеу, одан соң ауамен оттегі мөлшері 16% көлемнен кем болмайтын жағдайға дейін үрлеу; қазанның ішкі бетін сумен, қатты қалдықтар ерігенше жуу; тұнбалар үлгісін қазанның түбінен және бүйір қабырғаларынан алып, полимерлі пероксидтер құрамын анықтау қажет (тұнбада активті оттегінің құрамы 0,005% болса, тазалау алдын арнайы өңдеуден күкірт қышқылды темірдің асқын тотығын ыстық суда ерітіп, пероксидті тұнбаларды жуып кетіреді. Пероксидтерді кетіргеннен кейін қазан мен өзге жабдықтарды полимер мен өзге өрт қаупі бар заттардан тазартады)

6) бутадиен мен изопренді құю-босату эстакадасы азот немесе өзге инертті

газ құю желісімен қамтамасыз етіледі, ал пентанды құю үшін қысымы 0,3 МПа аспайтын редуциялық аспаппен жабдықталады;

7) өнімді цистернадан құйып алған кезде цистернаға бір мезгілде азот немесе өзге инертті газ беріледі. Құйып алудың аяқталу-бақылау вентиліндегі сұйықтың болмауымен анықталады;

8) құйып алу аяқталғаннан кейін газ вентилі арқылы цистернаны азотпен немесе өзге инертті газбен үрлеп, цистерна ішіндегі инертті газ қысымын 0,2 МПа жағдайына келтіреді.

611. Қозғалыстағы құрамда СКГ құйылған цистерналардан өрт шықса немесе өрт шығу қаупі туындаса, темір жол станцияларындағы құю-босату эстакадаларындағы, өндіріс кәсіпорны жолындағы, маневр жұмыстарын жүргізуші басшылар, диспетчерлер, машинистер өзге де қызмет етуші теміржолшылар өртті шектеу мен жою жоспарына сәйкес (бұдан әрі - ШЖЖ), өрт сөндіру қызметімен келісілген іс-әрекеттерді жасаулары қажет.

ШЖЖ теміржол қызметкерлерін өрт шығу қаупі туындағанда немесе өрт шыққан кезде: СКГ құйылған вагон цистерналарды пайдалану және оның туындау мүмкіндігін, тиісті тәртіппен бекітілген жұмыс істеп тұрған нормативті құжаттарға сәйкес әрекеттерін реттейді.

Жоспарлар 5 жылда бір рет қайта қаралып тұрады. Технологиялық өзгерістер, аппараттық толықтырулар, метрологиялық қамтамасыз ету, тасымалдау жұмысын ұйымдастыруда өзгерістер болғанда, өрт шығу қаупі туындаған және өрт болғанда туындаған жаңа кедергілерді игере отырып, өзгерістер 15 күн ішінде анықталады. Өзгерістер мен анықтаулар жоспар белгілеген тәртіппен бекітіледі.

612. Жоспар мынадай негізгі:

1) мемлекеттік өрт сөндіру қызметінің аумақтық орталық өрт байланысы пунктіне, ішкі істер органының желілік бөліміне, темір жол учаскесі диспетчеріне өрт туралы хабарлау тәртібінің;

2) өрт шығу қаупі туындаған және өрт шыққан жерге өрт сөндіру және жөндеу поезын шақырудың;

3) қауіпті аумақтан вагонды немесе құрамды шығару мәселелерін реттеуді, станция қызметкерлері арасында міндеттерді анықтау мен өрт шығу қаупін шектеу, сөндіру немесе алдын-алуды анықтау тәртібінің;

4) барлық мәліметтер көрсетілген объектінің (теміржол учаскесінің) нақты сызбасының (жоспар);

5) темір жол қызметкерлері мен өрт сөндіру бөлімшелерінің бірлесе әрекеттесу қимылдарының тәртібінің қағидаларын қамтуы қажет.

613. ШЖЖ қарастырылған станция қызметкерлерінің ең алғашқы іс-қимылдарының тізбесі:

1) өрт байқалған алғашқы 15 минут ішінде өрт шығу ошағы ауданынан (жанып жатқан вагон, СКГ жанып жатқан немесе төгілген жерден т.б.) вагондар құрамын қауіпсіз жерге шығару;

2) өрт ошағы шыққан жолдың екі жағынан ең кемі үш жолды босатып, жылжымалы құрамды қауіпсіз жерге шығару. Жылжымалы құрамды өрт шығу қаупінен сақтау үшін бірден жанып жатқан құрамды шығарып әкету;

3) өрт сөндірушілер жұмыс істеп жатқан учаскедегі жалғасқан торапты кернеуден ажыратып, жермен жалғастыру;

4) өрт сөндіруге және жөндеуге келген поезддарды қабылдау үшін жел жақтан қауіпсіз екі жолды (төртінші, бесінші жолдан алыс емес) босату;

5) жылжымалы құрамдарды құтқаруды жалғастыра отырып, бірінші кезекте жолаушылары мен өрт шығу қаупі бар жүктері салынған құрамды, өрт өршу (жел ағынан) қаупі бар жерден шығару, өрт шығу қаупі бар станциясының негізгі нысандарын, станция ғимараттарын, құрылымдарды, станция айналасындағы объектілер мен ғимараттарға өршімеуін қамтамасыз ету;

6) келіп жеткен өрт сөндіру бөлімшелерімен бірлесе отырып, жауынгерлік қанат жаю және жеңдерді жедел жалғастыру;

7) жанып жатқан цистерна мен қатар тұрған цистерналарды суыту, қажет болған жағдайда өртті сөндіруге ерікті өрт сөндірушілер жасақтарын, станция қызметкерлерін жұмылдыру және өрт сөндірудің алғашқы құралдарын пайдалану, өрт сөндіру жеңдерін ең жақын су көздеріне жалғау. Аталған операциялар осы жұмысқа қатысушы адамдардың жеке қауіпсіздігін ескере отырып орындалуы қажет ;

8) шаруашылық мұқтаждарына бөлінген су мөлшерін қысқарта отырып, қажет болса, объектілердегі су беру торабының қысымын көтеру шараларын жасау ;

9) жедел өрт сөндіру бөлімшелерін қарсы алуды қамтамасыз етіп, олардың бастығына өрттің шығуын толық сипаттап баяндау. Егер де алғашқы 15 минут ішінде өртті сөндіру мүмкін болмаса, онда өрт аймағында (радиусы 100 м) тек өрт қарсы бөлімшелер қалдырылады.

614. Жедел өрт сөндіру бөлімдері келіп жеткенше өрт шығу қаупін жою немесе өрт сөндіру жұмыстарының жетекші болып, теміржол басшысы (жол бастығы, бөлім, станция бастықтары немесе олардың орынбасарлары) немесе қалпына келтіру поезының бастығы табылады.

Өрт сөндіру бөлімшелері келіп жеткеннен кейін өртті сөндіруді басқару жедел аға бастыққа - өрт сөндіру басшысына жүктеледі (бұдан әрі - ӨСБ), жылжымалы құрамды құтқару мен қауіпсіз жерге көшіру жөніндегі станция қызметкерлерінің әрекеттері ӨСБ нұсқауымен және келісімімен жүзеге асырылады .

615. Өрт шығу қаупі бар жағдайларды және өрттерді жою үшін темір жол станцияларында салалық өртке қарсы қызметтері құрылады, олар өз жұмыстарын белгіленген тәртіп бойынша бекітілген, өртке қарсы қызметтері туралы көрсетілген ережеге сәйкес жүргізеді.

616. СКГ төгілген жағдайда, СКГ құю, босату жөніндегі барлық технологиялық жұмыстар, сондай-ақ барлық маневр жұмыстары мен поездар қозғалысы, яғни, өртті сөндіру, өрт көзін жоюдан басқа жұмыстар тоқтатылады. Негізгі от көзі (от, ұшқындар) жойылады. СКГ төгілген аймақтан жанғыш заттарды жинап алу қажет.

Егер қауіпсіз болса, мамандар болған жағдайда ағу жағдайы тоқтатылып, СКГ өзге, ақаусыз цистернаға айдау жұмыстары барлық өрт қауіпсіздігін ескеріп жүргізілуі керек.

Газдың екпінді шығуы болған жағдайда радиусы 200 аймақтағы газдану барысын толық бақылай отырып, цистернадан газдың толық шығып болуына мүмкіндік беру қажет. Апат болған жерге өртке қарсы қызметінің бөлімшелерін, сол ауданның салалық өртке қарсы және газдан қорғау қызметтерін шақыру қажет. Қауіп төнгені жөнінде жергілікті атқарушы органдарды хабарландыру қажет. СКГ тоннельдерге, жертөлелерге, каналдарға ағып түсуіне жол бермеу қажет.

617. Ағып жатқан СКГ жана бастаса, апат орнында өртке қарсы қызметі болмаған жағдайда өртті шектеп, цистернадан немесе эстакадан аққан өнімнің қауіпсіз жолмен жанып бітуіне жағдай жасау қажет.

618. Ағып жатқан газ адамдар өміріне, басқа объектілер мен өрттің апатты өршуіне мүмкіндік бермейтін жағдайда, өрт шығу қаупі туындаған кезде өрттің алдын-алу жұмыстарын басқару басшысы газды жағуға, сол арқылы өрт қаупін жоюға өкім береді. СКГ тұтандыру жұмысын таса жерде тұрып, ракетница немесе петарданың көмегімен жүзеге асыру қажет. Апат болған жерде СКГ жағып бітіру жұмысы, одан әрі қажетті көлемдегі өрт сөндіру қызметі бөлімінің бақылауында болады.

619. Теміржол көлігі қызметкерлерінің, апаттық топ мүшелерінің өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатындай жағдай туындаса, онда жұмыстар тоқтатылып, адамдар қауіпсіз жерге көшіріледі.

13-БӨЛІМ. САҚТАУ ОБЪЕКТІЛЕРІ

25 тарау. Жалпы талаптар

620. Қоймаларда (бөлмелерде) заттар мен материалдарды сақтау тәртібі, олардың өрт шығу қаупі бар, физикалық-химиялық қасиеттері (тотығу дәрежесін,

сумен, ылғалмен өздiгiнен қызып кету, тұтану, ауамен әрекетке түсуi) өзара әрекетi мен өрт шыққан жағдайда сөндiру жолының бiртектiлiгiн ескере отырып, заттарды және материалдарды бiрге сақтау жөнiндегi өрт қауiпсiздiгi талаптарында (5-қосымша) көрсетiлген тәртiпке сәйкес сақталуы қажет.

Заттардың бiртектiлiгiне қарамастан бiр секцияда каучукпен немесе авторезинамен үйлеспейтiн екiншi түрлi заттарды сақтауға жол берiлмейдi.

621. ЖГ бар баллондар, ыдыстар (бөтелкелер, басқа да ыдыстар) iшiнде ТТС және ЖС бар, сондай-ақ аэрозольдi бумалар күн сәулесiнен және басқа да жылу әсерiнен қорғалуы қажет.

622. Аэрозольдi бумаларды көп қабатты қоймалардағы өртке қарсы жабдықталған жоғарғы қабаттардағы бөлiмдерде сақтауға болады. Мұндай бөлiмдердегi бумалар саны 150 000 аспауы керек.

Қойманың жалпы сыйымдылығы 900 000 бума орналастырудан артық болмауы қажет. Жалпы қоймалардағы аэрозольды бумалар саны 5000 аспауы керек.

Жалпы қоймаларда аэрозольды бумаларды 5000 бумадан артық сақтауға болмайды.

623. Ашық алаңдар немесе бастырма астында аэрозольды бумаларды тек жанбайтын контейнерлерде сақтауға рұқсат етiледi.

624. Сөрелерi жоқ қоймаларда заттарды сақтағанда қатарлап жинау қажет. Есiк алдына жүк жинағанда қатарлар арасында есiк кеңдiгiндей, 1 метрден кем емес жол қалдырылады.

Қоймалар iшiнде әрбiр 6 м сайын жүктер арасында кем дегенде кеңдiгi 0,8 м жол қалдырылады.

625. Қойма бөлмелерi iшiндегi ағаш құрылыстар оттан қорғау құрамымен өңделуi қажет.

626. Транзиттiк электр кабельдерi, газдық және басқа да коммуникациялар өтетiн ғимараттарда қойманы орналастыруға жол берiлмейдi.

627. Жарық түсiргiш шамдар мен жиналған жүктердiң арақашықтығы 0,5 м кем болмауы қажет.

628. Тауарлы-материалдық құндылықтарды сақтауға арналған ғимараттарда тұрмыстық бөлмелердi, тамақ iшетiн және басқа да қызметтiк бөлмелердi орнатуға болмайды.

629. Тауар тасушыларды, қоймашылардың, сарапшылардың жұмыс орнын қоршауға арналған қоймалық бөлмелерде орнатылған әйнек қалқалар өрт болған жағдайда, адамдарды құтқаруға немесе тауарлы-материалдық құндылықтарды тасуға кедергi келтiмеуi қажет.

630. Жүк арту-түсiру және тасымалдау көлiктерiн қойма iштерiне, дебаркадерлерге қоюға, жөндеуге жол берiлмейдi.

Жұмыс аяғында рампаға түсірілген жүктер мен материалдар ол жерден
ө к е т і л у і к е р е к .

631. Қойма бөлмелеріндегі ыдысты ашу, ыдыс ішіндегі заттардың ақаусыз немесе ұсақ жөндеу жұмыстарымен, өнімді бумалардан шешіп алу, өртке қарсы сұйықтар дайындауға байланысты барлық жұмыстар сақтау орындарынан оқшауланған бөлмелерде жүргізіледі.

632. Автокөліктер, мотовоздар, автоартқыштар, автокрандар және өзге де жүк көтеру техникаларын жем-шөп, талшықты материалдар сақталатын маяларға, үймелер мен бастырмаларға 3 м кем жақын жерге орналастыруға жол бермеу қ а ж е т .

633. Қоймалардың электр жабдықтары жұмыс күні аяқталысымен кернеуден ажыратылуы керек. Қойманың электр жабдықтарын ажырату аппараты, қоймадан тыс жерде жеке шкафқа немесе отқа төзімді материалдан жасалған қуысқа орналастырылып, құлып салу мен пломба қоюға ыңғайланған болуы қ а ж е т .

634. Қойма бөлмелерінде кезекші шамдарды орнатуға, газ плиталарды қолдануға, электр жылыту құралдары мен штепсельді розеткалар орнатуға жол б е р і л м е й д і .

635. Материалдарды ашық алаңдарда сақтау кезінде бір секцияның (қатардың) ауданы 300 м^2 артық, ал штабельдер арасындағы өртке қарсы кеңістік 6 м кем б о л м а у ы к е р е к .

636. Базалар мен қоймалар орналасқан аумақтағы ғимараттарда қызметкерлер мен адамдардың тұруына жол берілмейді.

637. А, Б және В санатындағы қоймалардың ғимараттарына локомотивтердің кіруіне ж о л б е р і л м е й д і .

638. Цех қоймаларында кәсіпорында бекітілген нормадан артық ТТС және ЖС сақтауға жол берілмейді. Жұмыс орындарындағы сұйықтар мөлшері бір ауысым қажетінен артық болмауы тиіс.

Жанғыш материалдарды немесе жанғыш ыдыста жанбайтын материалдарды жертөлелер мен жапсарлас қабаттарда, егер олардың түтін шығатын терезелері мен тесіктері болмаса, сондай-ақ ғимараттың жалпы ортақ баспалдақтар торларының осы қабаттармен байланысқан жерлерінде сақтауға жол берілмейді.

26-тарау. ТТС, ЖС және басқа да өрт шығу қаупі бар сұйықтар қоймасы

1 параграф. Резервуарлық парктер

639. Мұнай базасының (қоймалардың), құю және айдау станцияларының аумақтары биіктігі екі метрден кем емес жанбайтын қақпалармен қоршалуы қ а ж е т .

640. Резервуарлар айналасын топырақпен үйіп қоршау, жал жасау және олар арқылы өтетін жолдар ақаусыз болулары қажет. Жолдар ішіндегі алаңдар тегістеліп, құм себіліп қойылуы керек.

641. Мынадай жағдайларда:

1) герметикалық түрде жабылмайтын жабдықтар мен жабу арматурасын п а й д а л а н у ғ а ;

2) жобалау нормасымен орнатылған қорғанның биіктігін төмендетуге;

3) майысқан және жарығы бар ыдыстарды, сондай-ақ, ақаулы құрал жабдықтарды, бақылау-өлшеу құралдарын, ақаулы құбыр желісі мен тұрақты өрт сөндіргіш құралдарды пайдалануға;

4) жолдар үстінде ағаш пен бұтақтардың болуына;

5) ыдыстарды жанғыш, тіпті ауыржанғыш тағандарға орнатуға;

6) резервуарлар мен цистерналардың мөлшерден артық толтырылуына;

7) ыдыстарды толтыру немесе босату кезінде мұнай мен мұнай өнімдерінің ү л г і л е р і н а л у ғ а ;

8) найзағай кезінде мұнай мен мұнай өнімдерін құюға немесе босатуға тыйым с а л ы н а д ы .

642. Тыныс алу клапандары мен от қайтарғыштарды әзірлеуші зауыттың техникалық құжаттарына сәйкес тексеру қажет.

Тыныс алу арматурасын тексергенде клапан торларын мұздан тазарту қажет. Оларды жылытуды өртке қарсы шараларды ескере отырып жасау қажет.

643. Мұнай өнімдерінің дәрежесін өлшеу мен үлгісін алу тек өлшеу қондырығысының тұрақты өрт қауіпсіз жүйемен іске асыру қажет.

644. Резервуарлық парктердің қоймаларында өрт сөндіруші заттардың қоры болуы тиіс.

2 параграф. Ыдыста сақтау

645. Тұтану температурасы 120°C жоғары сұйықтарды, көлемі 60 м^3 дейін жанғыш материалдардан жасалған жер асты қоймаларында сақтау тек олардың едені жанбайтын, ыдыс үсті нығыздалып тапталған, кемі $0,2\text{ м}$ топырақ қабатымен жабылғанда ғана рұқсат етіледі.

646. ТТС және ЖС сұйықтықтарын бір орында сақтауға және олардың жалпы көлемі 200 м^3 аспайтын жағдайда ғана рұқсат етіледі.

647. Қойма бөлмелері басқа бөлмелерден отқа төзімділігі кемінде $0,6$ сағат мөлшеріндегі жанбайтын қабырғалар (қалқалар) арқылы бөлінуі қажет.

648. Қоймаларда ТТС және ЖС құйылған бөшкелерді қолмен орналастырғанда олар екі қатардан аспауы, ал механизмдермен орналастырғанда ЖС - 5 қатардан, ал ТТС - 3 қатардан аспауы керек.

Қатарлар кеңдігі 2 бөшкеден артық болмауы керек. Бөшкелерді тасымалдау үшін бөшкелер арасындағы негізгі жол кеңдігі 1,8 м, қатарлар арасы 1 м кем емес
б о л у ы т и і с .

649. Сұйықтарды тек ақаусыз ыдыстарда сақтауға рұқсат етіледі. Төгілген сұйық шұғыл түрде сүртіліп алынуы қажет.

650. Мұнай өнімдерін ашық алаңдарда сақтау алаңы топырақ жолдарымен немесе биіктігі 0,5 м кем емес, отқа жанбайтын тұтас қабырғамен қоршалып, алаңға өту радиусы қалдырылады.

651. Алаң 0,2 м биіктікте орналасып, айналасы судан қорғау орларымен қ о р ш а л а д ы .

652. Топырақ жолды алаңда өлшемдері 25x15 м бөшкелерден тұратын 4 қатарға дейін орнатуға, қатарлар арасы 10 м кем емес, ал қатар мен топырақ арасы 5 м кем болмауы керек.

Қатарға орналасқан екі алаң ортасы 20 м кем болмауы қажет.

653. Алаң үстіне жанбайтын материалдардан бастырма орнатуға рұқсат б е р і л е д і .

654. Мұнай өнімдерін құйып алуға, сондай-ақ бума материалдар мен ыдыстарды жолмен қоршалған алаңдарда сақтауға рұқсат етілмейді.

3 параграф. Газды сақтау

655. Жанғыш газ толтырылған баллондарды сақтауға арналған қоймалар жеңіл ашылатын жабынды бір қабатты және шатырсыз болуы тиіс.

Газы бар баллондар сақталатын бөлмелердің терезелері ақ бояумен сырлануы немесе күннен қорғайтын материалмен жабылуы қажет.

Баллондарды ашық алаңды құрылымдарда сақтағанда, оларды жауын-шашын мен күннен қорғайтын құрылымдар жанбайтын материалдардан жасалуы керек.

656. Баллондарды сақтау орындарының айналасында 10 м қашықтыққа дейін қандай да болмасын жанғыш материалдар сақтауға және отқа байланысты жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

657. Топты баллондар қойылған қондырғы ғимараттардың ойығы жоқ қабырғаларға орнатуға рұқсат етіледі.

Баллондар орнатылған шкафтар мен будкалар, оларда жарылыс туғызатын қосындылар түзбеу үшін табиғи жолмен желдетілетін етіп құрылуы қажет.

658. Жанғыш газдары бар баллондар тотықтырғыш болып табылатын оттегі, сығылғын ауа, хлор, фтор және басқа да газдары бар баллондардан бөлек

с а қ т а л у ы

к е р е к .

659. Сұйытылған, сығыстырылған және ерітілген түрдегі газдарды сақтауға арналған баллондар қысым бойынша жұмыс істейтін ыдыстарды қауіпсіз орнату және пайдалану талаптарына сәйкес болуы қажет. Баллондардың үстіңгі қабаттары сол газға арналған түске боялады.

660. Оттегі бар баллондарды сақтау мен тасымалдау кезінде олар толтырылған торларға әр түрлі майлар мен май сіңген материалдар жақындатуға, жұқтыруға жол берілмейді.

Баллонды қолмен домалатқанда клапандарынан ұстауға болмайды.

661. Баллондарды жинау кезінде бір-біріне соғуға, қақпағын және баллонның өзін жерге құлатуға болмайды.

662. Газдар сақталатын орындарда ақаусыз жұмыс істейтін газ анализаторларын орнату қажет. Газ анализаторлары болмаған жағдайда объект басшысы үлгі алу мен бақылау тәртібін орнатуы қажет.

663. Баллондардан газ шығу жағдайы анықталғанда олар шұғыл түрде қоймадан шығарылуы қажет.

664. ЖГ сақталатын қоймаға табанында таға немесе металл шеге қағылған аяқ киім киген тұлғаларға кіруге рұқсат берілмейді.

665. Тежегіштері бар ЖГ баллондары тік түрінде құлап қалмайтындай етіп, арнаулы ұяларда, клеткаларда немесе басқа да түрдегі қондырғыларда сақталады.

Тежегіштері жоқ баллондар көлбеу жағдайда арнаулы ағаштар мен сөрелерде сақталады. Бұл жағдайда қатар биіктігі 1,5 м аспауы, клапандары бір жаққа қарата жабық күйде жиылуы қажет.

666. Газ қоймаларында басқа материалдар мен заттарды сақтауға рұқсат етілмейді.

667. ЖГ сақталатын қойма бөлмелері табиғи желдеткішпен жабдықталады.

27 тарау. Ауылшаруашылық өнімдерін сақтау

1 параграф. Жем-шөптерді сақтау

668. Жем-шөп қоры ферма ғимараттарынан бітеу жанбайтын қабырғалармен (қалқалармен) төзімділік шегі кемінде 0,75 с жабындарымен бөлінген қосымша (жапсарлас салынған) құрылыстарда сақталады.

669. Қосымша құрылыстардың (жапсарлас салынған) есіктері тек тыс бағытқа ашылуы қажет.

670. Шөп жинау орны топырақ белдікпен, сымды қорамен қоршалуы керек. Таразы шөп жинау орнының айналасында орнатылуы қажет.

Маялар (кебендер), бастырмалар, қатарлар электр желілерінен кемінде 15 м, жолдардан кемінде 20 м, үйлерден кемінде 50 м қашықтықта тартылуы қажет.

671. Орман алқаптарына жақын орналасқан шөп қоймалары ені 1 м кем болмайтын қазылған ор қоршауының аралығы кемінде 20м болуы керек.

672. Өндірістік-шаруашылық комплексінің аумағында орналасқан жем-шөп қоймасын арнайы бөлінген алаңға орналастыру қажет. Маялар (кебендер), мая жұптары, қатарлар жиылған алаңдар айналасы кеңдігі 4 м белдеу етіп жыртылады. Белдеу мен маялар (кебендер) арасы 15 м, жеке маялар мен белдеулер арасы 5 м кем болмау керек.

673. Бір мая орналасқан аудан - 150 м^2 , престелген шөп (сабан) орналасқан қатар ауданы - 500 м^2 аспауы керек.

674. Маялар (кебендер), қатарлар, бастырмалар арасындағы өртке қарсы қашықтық 20 м кем болмауы қажет. Қатарларды, бастырмаларды, маяларды (кебендерді) жұптап орналастырғанда маялар арасы 6 м, жұптар арасы 30 м кем болмауы керек.

675. Кварталдар (бір кварталда 20-ға дейін мая, қатарлар болады) арасы кемінде 100 м болуы қажет.

676. Маяларға бөлініп жиналған ылғалдылығы жоғары шөптерді конус кебендерде (шөмеледе) арасын кемінде 20 метрден сақтау қажет. Өздігінен жануға бейім тұратын ылғалдылығы жоғары маялар мен қатарларға металл құбырға қойылып, маялардың терең жеріне орналастырылған әдеттегі сынапты термометрдің көмегімен ұдайы температуралық бақылау жүргізу қажет.

677. Жем-шөп қоймаларында жұмыс істеуші тракторлар мен автокөліктер ұшқын сөндіргішпен жабдықталуы, ал автокөліктерде - бампердің астынан алдына қарай шығып тұруы қажет. Жем-шөп қоймаларында жұмыс істейтін тракторлар мен автокөліктер ұшқын өшіргішпен жабдықталуы, ал автокөліктердегі сөндіргіш бампердің алдына шығарылуы тиіс. Ұшқын өшіргіштері жоқ тракторлар мен көліктер қоймаға жұмыс істеуге жіберілмеуі керек. Қоймаға кірер алдында жүргізушілер ұшқын өшіргіштің жарамдылығын және нығыз бекітілуін тексерулері қажет.

678. Жұмыс істеп жатқан сүйретпелі тракторлар мен автокөліктер шығып тұрған құбырға, коллекторларға және сөндіргіштерге тиіп, тікелей жануды болдырмас үшін маяларға 3 м артық жақындауға болмайды.

679. Жем-шөпті арту кезінде машина сөндірулі болуы қажет. Машинаға қоймадан шығуға автокөлік пен шөп (сабан) жинау орнын мұқият тексергеннен кейін барып рұқсат беріледі.

680. Жем-шөп қоймасында өрт шыққан жағдайда кем дегенде 50 м^3 кем емес су қоры болуы қажет.

2 параграф. Астық сақтау

681. Егін жинау науқаны алдында астық сақтайтын және кептіретін қоймалардың пайдалануға дайындығын тексеру қажет. Анықталған ақаулықтар астық кептіру мен қабылдауға дейін жойылады.

682. Астық сақтайтын қоймаларды оқшау тұрған ғимараттарда орналастыру қажет. Олардың қақпалары сыртқа қарай ашылуы және кедергісіз жұмыс істеуі қажет.

683. Астықты үйіп сақтағанда астықтың төбесі құрылыс төбесіне, электр сымдарына, жарықтандыру шамдарына кемінде 0,5 м қашықтықта жетпеуі қажет.

Ойықтар арқылы астықты тасымалдау орындарында, өртке қарсы тосқауылдарда оттан қорғағыш құрылғылар орнату қажет.

684. Мыналарға:

- 1) астықпен бірге басқа материалдар мен құрал-жабдықтарды бірге сақтауға;
- 2) қоймалардың іштерінде қолданылатын астық тазалау, басқа да машиналарда іштен жану қозғалтқыштарын қолдануға;
- 3) қойманың екі жақ қақпасы жабық тұрғанда жылжымалы механизмдермен жұмыс істеуге;
- 4) қатты отынмен жұмыс істейтін кептіргіштерде ТТ және ТЖС жағуға, ал сұйық отынмен жұмыс істеу кезінде тұтандыру үшін шамшырақ қолдануға;
- 5) кептіргіштерде ақауы бар температура өлшеуіштері мен оттықтағы от сөніп қалғанда отынды беруді автоматты түрде тоқтататын қондырғысыз және электрлі тұтату жүйесімен немесе оларсыз жұмыс істеуге;
- 6) астықты транспортер лентасынан биік етіп үюге және лентаның транспортер тетіктерімен үйкелуіне жол беруге тыйым салынады.

685. Кептіргіш жұмыс істеп тұрғанда астық температурасын бақылауды үлгіні әр 2 сағат сайын алу арқылы жүзеге асырылады.

Арту-түсіру механизмдерін шаң-тозаң мен астықтан тазарту жұмыстары бір тәуліктен кейін жүргізіледі.

686. Жылжымалы кептіру агрегаты астық қоймасының ғимаратынан 10 м кем қашықтықта орнатылады.

Кептіргіштердің от жану жүйелерінен ұшқын шықпауы тиіс. Түтін шығу құбырлары ұшқын сөндіргішпен жабдықталып, олардың жанғыш құрылыстардан өтер тұстары отқа төзімді материалдармен оралып, сылануы қажет.

687. Астықты қойма ішін желдеткенде желдеткіштер жанғыш қабырғалардан кемінде 2,5 м аулақ орнатылуы тиіс. Ауа шығарғыштар отқа төзімді материалдардан жасалады.

688. Кептіргіштегі механизмнің мойынтіректері мен басқа да бөліктерін

пайдалану нұсқаулығына сәйкес майлау қажет.

689. Астықты кептіру кезінде қызмет етуші тұлғалар кептіру бөлмелерінде болып, оның жұмысына бақылау жүргізіп тұруы қажет.

28 тарау. Орман материалдарын сақтау

1 параграф. Жалпы талаптар

690. Көлемі 10000 м^3 артық ағаш сақтау қоймаларында ағаш сақтау талаптары ағаш қоймаларының жобалық нормаларына сәйкес болуы қажет.

691. Көлемі 10000 м^3 кем болған жағдайда, өрт қауіпсіздігін сақтау мәселесі өртке қарсы қызметі органдарымен қатарларды сақтау, орналастыру, олардың көлемі, өрттен сақтау арақашықтығы мен аралық қатынас жолдары, сондай-ақ қатарлармен көрші нысандар қашықтығы келісілуі тиіс.

692. Қатарлар арасындағы өрт қауіпсіздігі аралықтарына ағаш және басқа да құрал-жабдықтарды қоюға болмайды.

693. Қатарларға арналған алаңдар құрғақ шөптерден, жанғыш қоқыстардан тазартылып, құм, топырақ қалыңдығы 15 см кем болмастай етіп төселуі қажет.

694. Қатарлардың әрбір қоймасы үшін өрт шыққан жағдайда қатарларды артып әкету, техниканы, баланс қорларын және басқа да мүмкіндіктерді пайдалануды ескере отырып, өрт сөндіру жөніндегі іс-шаралардың жоспары жасалуы қажет. Әр жыл сайын көктем-жазғы өрт шығу қаупі бар маусым басталар алдында кәсіпорынның барлық аусымдары мен өрт сөндіру қызметкерлерін қатыстыра отырып, өрттен сақтау шаралары жөнінде жоспар ж а с а л ы н а д ы .

695. Қоймаларда өрт сөндіру кезінде алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қатар өртті жедел сөндіру жөніндегі шұғыл жоспарға сәйкес бекеттер құрылып, олар қажетті мөлшердегі құралдармен жабдықталуы қажет.

696. Қоймаларда ағаш материалдарын сақтаумен байланысы жоқ жұмыстарды атқаруға рұқсат берілмейді.

Ағаш материалдарды сақтау қоймалары өртке қарсы қызметімен келісе және қоймалардан белгілі қашықтықта өрт қауіпсіздігін ескере отырып салынады. Олардың жұмысшылары үшін тынығу үйлері болуы қажет.

697. Бұл ғимараттарды жылыту үшін тек зауытта дайындалған электр жылыту құралдары пайдаланылады.

698. Іштен жану қозғалтқыштарымен жұмыс істейтін шығырларды көлденең дөңгелек ағаштар қатарынан кемінде 15 м қашықтыққа орнатылады.

Шығыр айналасы ағаш сынықтары мен қабығынан, қоқымнан таза болуы

710. Көмір мен торф жинайтын алаңдарды жасағанда, оларды жауын-шашын мен топырақ құрамы сулары көміп, шайып кетпеуін ескеру қажет.

7 1 1 . М ы н а л а р ғ а :

1) жаңа қазылып алынған көмірді, өндірілгеніне бір айдан асқан көмір үйіндісіне қоса жинауға;

2) қоймаға жану қаупі анық байқалатын көмір мен торф қабылдауға;

3) жанып жатқан көмір мен торфты транспортирмен тасымалдауға және теміржол вагонына немесе бункерге артуға;

4) көмір мен торф қатарларын жылу жүйелері үстіне (бу құбырлары, ыстық су мен ыстық ауа құбырлары), сондай-ақ, электркабелі мен газ құбырлары өткен алаңдарда жинауға тыйым салынады.

712. Көмірдің әртүрлі маркаларын, шымтезек (торф) түрлері (кесек және кесінді), өз түр-түрімен бөлек қатарларда жиналуы қажет.

Көмірдің әртүрлі маркалары жеке қатарларда жиналуы тиіс.

713. Көмір үйіндісіне және оны сақтау кезінде оған ағаштың, матаның, қағаздың, пішеннің, торфтың, өзге де жанғыш заттар қалдықтары араласуына ж о л б е р і л м е й д і .

Қатты отындар (көмір, сланец, торф) қоймаға келіп түсу ретімен қатарларға, мүмкіндігінше қысқа мерзімде жиналуы қажет.

Вагоннан түсірілген отын ұйымдаспаған түрде екі күннен артық жиналмай ж а т у ы н а ж о л б е р і л м е й д і .

Қатарларға тиісті регламентті орындау және механизмдер мен өрт сөндіру машиналары өтуі үшін, қатар етегімен қоршауға дейінгі аралық немесе кран жолдары ірге тастарына дейінгі аралық - 3 м кем емес, ал автожол бордюрі мен рельс шетіне дейінгі аралық - кемі 2 м болуы қажет.

Жүру жолдарына қатты отынды тастауға немесе оларды механизмдермен б ө г е у г е б о л м а й д ы .

714. Қоймада еңістерге темір бақылау құбырлары мен термометрлерді орналастыру жолымен немесе басқа да қауіпсіз әдіспен қатарлардағы көмірдің температурасын жүйелі түрде бақылау жүргізілуі қажет.

Температурасы 60°C асқан тұстардағы көмір мен торф нығыздалып, немесе ыстық нүктедегі отын алынып, өзге де қалыпты температураға келтіру жағдайлары жасалады. Жоғары температурадағы қатарлар ең алдымен қ о л д а н ы л у ғ а б е р і л у і к е р е к .

715. Көмір қатарда жиналып тұрғанда оны сумен суытуға немесе өшіруге жол берілмейді. Жанған көмір бөлігін сумен сөндіруге, оны қатардан бөлектеп алған с о ң ғ а н а б о л а д ы .

716. Қатардағы кесек торф тұтанғанда оны сумен немесе ылғал торф

массасымен сөндіреді, одан соң қатардың от алған тұсын залалсыздандырады. Тұтанған кеспе торфты сөндіріп, оның орнына ылғал торф массасын салып н ы ғ ы з д а й д ы .

717. Өздігінен тұтанған көмір мен торфты сөндіргеннен кейін қатарға қайта қ о с у ғ а б о л м а й д ы .

718. Өндірістік ғимараттардың бірінші қабаттарында немесе жертөледе орналасқан көмір сақтау бөлмелері өртке қарсы кедергілермен (қабырғалар және қалқандар) бөлінуі тиіс.

14-БӨЛІМ. АВТОКӨЛІКТЕРГЕ ЖАНАР-ЖАҒАР МАЙ ҚҰЮ КЕШЕНДЕРІ МЕН БЕКЕТТЕРІ

30-тарау. Жалпы ереже

719. Бөлімде көлік құралдарына май құюға арналған автокөліктерге жанар-жағар май құю бекеттерін (бұдан әрі - АЖС) пайдалану, сондай-ақ жөндеу және регламенттелген жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары б е л г і л е н е д і .

720. АЖС пайдалану онда жұмыс істейтін штаттық қызметкерлер саны әдетте , екі адамнан кем болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

721. Осы бөлімнің негізінде АЖС иелері мыналарды қамтитын өрт қауіпсіздігі шараларын қамтамасыз ету талаптарын әзірлеуі қажет:

1) мұнай өнімдерін қабылдау тәртібі, оларды сақтау мен тұтынушыларға б е р у д і ң ш а р т т а р ы ;

2) аумақты ұстау тәртібі;

3) өрттің пайда болу мүмкіндігі бар арнайы өртке қарсы іс-шаралар;

4) өрт сөндіру құралдарын қолданудың, қозғалысқа қосудың және өрт шыққанда өртке қарсы қызметті шақырудың ережесі;

5) май сүртілген материалдар мен май сіңген құмдарды алып тастау мен сақтаудың, жинаудың тәртібі, арнайы киімді сақтау, бөлмелерді жинастыру және технологиялық жабдықтарды тазалау;

6) өрт және өрт қаупі бар жағдайлар болғанда өртке қарсы қызметі бөлімшелері келгенге дейінгі АЖС тұлғаларының әрекеті мен міндеті;

7) АЖС басқа да өзіндік ерекшеліктері.

722. Талаптар бөлімінде "өрт және өрт қаупі бар жағдайлар болғанда АЖС тұлғаларының әрекеті мен міндеті" бөлімінде міндетті түрде АЖС жұмысшыларының мынадай іс-қимылдары көрсетілуі қажет:

1) АЖС өрт қаупі бар жағдайлар болғанда техникалық жүйенің электр қорегін сөндіру (аварияға және өртке қарсы қорғаныстың электр жүйесінен басқа

), АЖС пайдалануды тоқтату және оның аумағын көліктерден, адамдардан босату, сонымен бір мезгілде өрт қауіпті жағдайды жою;

2) 4 м² кіші алаңда отын төгілген кезде тез арада отын ағып жатқан орынды бекітіп, қауіпті жағдайды жоюға кірісу;

3) 4 м² үлкен алаңда отын төгілген кезде тез арада барлық алаңға ауа-механикалық көбікті төгу, төгілген көбіктің қабатын отын апаттық резервуарға толық құйылып болғанша 0,05 м кем емес қалыңдықта ұстап тұру;

4) автоцистернаға (бұдан әрі - АЦ) жақын жерде отын төгілгенде АЦ қозғалтқышын өшіру және оны АЖС аумағынан (егер бұл адамдар өміріне қауіп төндірмейтін болса) тек төгілген отын жаңа бастағанда немесе өрт қаупін жою үшін төгілген отын үстіне себілген ластанған құм алынғаннан кейін барып жүзеге асырылады. Отын АЦ маңынан алысырақ төгілсе, бензин төгілген жерден кем дегенде 6 м және дизельдік отын төгілген жерден 3 м қашықтықтан айналып, АЖС аумағынан тезірек алынуы қажет;

5) АЦ жабдықтары жанғанда сөндіру үшін әрқайсысы көлемі 50 л кем емес ұнтақты өрт сөндіргіш көмегімен өрт сөндіруге, ал отын жанғанда әрқайсысы көлемі 100 л кем емес ауа-көбіктік өрт сөндіргіштермен кірісу қажет;

6) АЖС өрт шыққан жағдайда тез арада өртке қарсы қызметке хабарлап, сонымен бір уақытта аумақты келушілер мен көліктерден босату шараларын қабылдау және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен өрт сөндіруге кірісу қажет.

723. АЖС барлық жұмысшылары және АЦ жүргізушілері өртке қарсы нұсқаулықтан (алғашқы және екінші және өрт-техникалық минимумы бойынша сабақтар) тұратын арнайы өртке қарсы дайындықтан өтулері керек.

31-тарау. АЖС бөлмелерін, ғимараттарын, құрылыстарын және аумағын ұстауға қойылатын талаптар

724. АЖС аумағы тегістелген және көріктендірілген болуы, әрдайым жанғыш қоқыстардан және төгілген мұнай өнімдерінен таза болуы қажет.

725. Ғимараттар мен құрылыстар арасындағы өртке қарсы бөліктерді әр түрлі заттар мен материалдар қоятын орын ретінде пайдалануға, көлікті құралдарын орналастыруға болмайды.

726. АЖС аумағындағы көліктер қозғалысы бір жақты болуы қажет. Бұған арналған жеке кіру және шығу жолдары болуы қажет.

727. АЖС аумағына кірер жерде оның аумағы бойынша көлік қозғалысы көрсетілген кесте және талаптар ілінетін стенд, жүргізушілер мен жолаушылар үшін регламенттеуші қауіпсіздік шаралары ілінуі қажет.

728. АЖС аумағы бойынша өтетін өткелдер, су көздеріне барар подъездер мен алғашқы өрт сөндіру құралдарына барар жолдар үнемі бос болуы қажет. Ал

қысқы уақытта қардан тазартылып тұруы керек.

729. Сүртуге пайдаланылған материалдарды және мұнай өнімдері сіңген құмды жинау үшін тиісті жазуы бар, ұшқын қауіпсіз етіп орындалған, қақпағы тығыз жабылатын металды жәшіктер орнату қажет. Жәшіктер ашық ауада қоқыс жинайтын аумақтарда орнатылуы тиіс. Мұнай өнімдерімен сіңірілген құм салынған жәшіктер АЖС аумағынан кемінде аптасына бір рет шығарылып т а с т а л у ы т и і с .

730. АЖС аумағында темекі шегуге тыйым салынады. АЖС жүргізушілерге және жолаушыларға қызмет көрсететін ғимараттар мен бөлмелерде темекі шегу үшін арнайы жабдықталған орындар бөлінуі мүмкін.

731. АЖС барлық бөлмелерінің кіретін есіктерінде, сондай-ақ сыртқы қ ұ р ы л ғ ы л а р д а :

- 1) жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша бөлмелердің санаты;
- 2) ЭҚЕ бойынша жарылыс немесе өрт шығу қаупі бар аймақтардың класы;
- 3) өрт қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаның аты-жөні, тегі;
- 4) өртке қарсы қызметін шақыру телефондарының номерлері көрсетілген ж а з у л а р і л і н у і т и і с .

732. АЖС үшін көрінетін жерлерге:

- 1) өрт қауіпсіздігі шаралары жөніндегі нұсқаулар;
- 2) бөлмелер, эвакуациялық есіктер, өрт сөндіру құралдары мен дабылының орналасқан жері көрсетілген ғимарат жоспарлары ілінуі тиіс.

733. АЖС аумағынан жанып жатқан көлік құралдарын шұғыл түрде көшіруге арналған ұзындығы кемінде 3 м болатын қатты сүйрейтін (буксирлік) штангамен А Ж С ж а б д ы қ т а л у ы қ а ж е т .

734. АЖС қатарында темекі шегуге және ашық отты пайдалануға, жолаушылар көлігінің қозғалысының реттеуші белгілері бар өрт қауіпсіздігі және жол белгілерімен қамтамасыз етілуі керек.

735. АЖС аумағында оның тұлғалары үшін мынадай қызметтік және тұрмыстық ғимараттарды (бөлмелерді) орналастыруға болады: операторлық, әкімшілік, тамақ ішу орындарын, күзету қызметін, сондай-ақ санитарлық тораптар, арнайы киімге арналған қоймалар, құрал-саймандар, қосалқы бөлшектер, аспаптар мен жабдықтар. Бұлармен қоса, жолаушыларға, жүргізушілерге және олардың көліктеріне жер асты резервуарлы сервистік қызмет көрсететін ғимараттар (орындар) орналастыруға болады.

Жолаушылар мен жүргізушілерге сервистік қызмет көрсетуге бөлінген орындарда тауары сәйкес келетін дүкен, кафе және санитарлық тораптарды, көлік құралдарын сервистік қызмет көрсетуге арналған ТҚК бекеттерін және көлік жуу орындарын орналастыруға болады.

7 3 6 . Бір ғ и м а р а т қ а :

1) көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету ғимараты мен жолаушылар мен жүргізушілерге сервистік қызмет көрсететін ғимаратты;

2) тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтар сату қарастырылған дүкен ғимараты мен қоғамдық тамақтану ғимаратын біріктіруге болмайды.

737. АЖС ғимараты, орталық жылу жүйесімен жабдықталуы қажет.

АЖС бөлмелерінде өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін зауытта дайындалған майлы электрлік жылытқыштарды жанғыш құрылымдар мен материалдарға дейінгі тиісті арақашықты сақтай отырып, орнатуға болады. Жылытқыш құралдар мен түрлі құбыр өткізгіштерге жанғыш материалдарды (арнайы киімдерді, сүрткіш материалдарды) жинауға, сондай-ақ жылытқыш құралдарда киімдер мен аяқ-киімдерді кептіруге жол берілмейді.

АЖС ғимараттарының аумағында ашық отты пайдалана отырып, жылу беру қондырғылары мен құрылғыларды қолдануға жол берілмейді.

738. Қызмет көрсетуші тұлғалардың арнайы киімдері металл шкафтарда ілулі күйде сақталуы тиіс.

739. АЖС оттың бұдан әрі ұшқындауына мүмкіндік беретін егістік немесе далалық алқаптарға жақын орналасқан жағдайда алқап пен АЖС шегінде ені кемінде 4 метр болатын айдау жұмысы жүргізілуі қажет.

32-тарау. Техникалық жабдықтарды пайдалануға қойылатын талаптар

740. АЖС техникалық жабдықтары:

1) жобалық, техникалық-пайдалану (бұдан әрі - ТПҚ) құжаттарымен және техникалық шарттармен (бұдан әрі - ТШ) сәйкес болуы тиіс;

2) бақылау мен реттеудің жарамды құралдары болуы тиіс;

3) герметикалық болуы тиіс.

741. Техникалық жабдықтарды:

1) отынның аққан кезде;

2) бақылау мен реттеу құралдарының тексеру мерзімінің өтіп кетуі, іске қосылмауы, жарамсыздығы және ол болмаған кезде;

3) кез келген жарамсыздық кезінде пайдалануға тыйым салынады.

742. Техникалық жабдықтарға АЖС өрт қауіптілік дәрежесін арттыратын құрылыстық өзгеріс енгізуге тыйым салынады.

743. ООҚ бекітіліп, технологиялық жабдықтың өрт қауіпсіздік жұмыстарын қамтамасыз ететін нақты белгіленген шекті-рұқсат етілетін көрсеткіштер (қысым, температура, концентрация, құю деңгейі) болуы қажет.

Берілген мөлшердің ең болмаса бір көрсеткіші болмаған жағдайда автоматты түрде алдын алу белгісі (жарықтық және дыбыстық) беріледі.

744. Аварияға және өртке қарсы қорғаныстың жұмыс істеу жүйесінің көрсеткішін АЖС технологиялық жүйесін дайындаушы-зауыттардың келісімінсіз өзгертуге болмайды.

745. Негізгі және қосалқы технологиялық жабдықтар статистикалық электрден қорғалуы қажет.

746. Отынды сақтауға арналған резервуарлар 90 пайыз толған кезде автоматты сигналдың (жарықтық және дыбыстық) берілуін қамтамасыз етіп, толып кетуді болдырмайтын жүйемен жабдықталуы тиіс, ал толу дәрежесі 95 пайызға жеткенде резервуардың автоматты тоқтауы 5 секундтан аспауы тиіс.

747. Атмосферадан отынды және оның буын бөліп тұратын фланецтердің, патрубклардың, штуцерлердің және соған ұқсас заттардың қақпақтары мен бекітпелері арматурамен жанасу орындарында мұнай өнімдеріне және қоршаған ортаның әсеріне төзімді материалдардан орындалған ұшқын шығармайтын төсемдермен жабдықталуы және саңылаусыз (герметикалық) жабық болуы қажет.

Пайдалану кезінде ашып-жабу қажеттігі қарастырылған қақпақтар мен бекітпелер ұшқын шығармайтын қауіпсіз етіп жасалады.

748. Отынды сақтауға арналған резервуарлар деаэрация желілерімен жабдықталуы тиіс.

Деаэрация желісінің құбырлары жылдың кез келген мезгілінде жұмысқа қабілеттілікті сақтайтын от тосқауылымен және тыныс алу клапандарымен жабдықталуы тиіс.

33-тарау. Жөндеу және регламенттеу жұмыстары

749. Жанатын ауа-бу қоспалары жиналатын аумақтардағы жұмыстар арнайы белгіленген алаңдарда, ұшқын шығармайтын қауіпсіз аспаптармен және ұшқын тудыруға қабілетсіз киімдер мен аяқ киімдерде жүргізіледі.

750. Пайдаланылған резервуарларды алаңда тасымалдау, орналастыру, жылжыту, оларға жөндеу жұмыстарын жүргізу тек қана босатылған, сумен буланып немесе жылытылған сумен жуылған және инертті газбен үрленген, сондай-ақ газды дабыл бергіш құралдарының көмегімен отын буының бар-жоқтығына тексеруден өткен сыйымдылықтарға ғана рұқсат етіледі.

Отын буының концентрациясы резервуарлардағы будың төменгі концентрациясының (РБТК) 20 % аспауы тиіс.

751. Автокөліктерге жанар-жағар май станцияларындағы технологиялық құралдардың ауа өткізгіштігін (резервуардың қабырға аралық кеңістігін, резервуардың ішкі кеңістігін, құбыр жүйелерін және) пневматикалық сынақтан өткізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін инертті газ (азот,

көмірқышқыл газы) пайдалану қажет. Құралдардың герметикалық емес екендігі анықталған жағдайда АЖС жұмысы тез арада, кемшіліктер толық жойылған уақытқа дейін тоқтатылуы қажет.

752. Резервуарлардың барлық түрінің ішінде қатты бөлігін (шлагманы) іске қосып тауар астындағы суды құрту жабық тәсілмен жүргізілуі тиіс. Осы мақсатта қолданылатын жабдықтар ұшқын шығармайтын материалдардан және бензин мен дизельді отындармен жұмыс істеуге арналған болуы тиіс. Қол сорғыштарын пайдаланып, жабық сыйымдылыққа қоқыстарды төгу кезінде сыйымдылықтағы сұйықтықтың ашық бетінің аумағы мүмкіндігінше кіші болуы тиіс. Қоқысқа арналған сыйымдылықты резервуарға жапсарлас жатқан аумақтағы зат тиегішке орнату және ондағы статистикалық зарядтарды жермен байланыстыру қажет. Қоқыстан тазарту жұмыстары кезінде бұл операцияға қатысы жоқ барлық люктер және штуцерлер жабық болуы тиіс.

Қоқыстан тазарту жұмыстарын жүргізіп болғаннан кейін қоқысты тез арада АЖС аумағынан шығарып тастау қажет.

753. От бөгейіш немесе онымен жабдықталған тыныс алу клапаны құбырдың шыға берісіндегі деаэрация жүйесінде бұл құбырды бекітетін арматураның герметикалық жаппасынсыз шешуге рұқсат берілмейді. От бөгейіштің түрі, дұрыс жұмыс жасау жағдайлары оның пайдалану ауданының климаттық жағдайына сәйкес келуі тиіс.

754. Құрылымның технологиялық жүйесінде отын буының рециркуляция жолы болған кезде көлік құралының отын бағынан резервуарға отын буының рециркуляциясын жүргізу үшін деаэрация құбыр жүйелерін жабуға рұқсат етілмейді.

755. Автокөліктерді толтыру кешенінің (бұдан әрі - АТК) (АЖС) құралдарына ТҚК, белгіленген жұмыстарды жүргізу, саймандарына және сақтандыру құралдарына метрологиялық сынақ жүргізу осы жұмыстардың кестесіне сәйкес қатаң түрде жүргізілуі тиіс. Техника-экономикалық көрсеткіштерде белгіленген жұмыстар көлемі көрсетілмеген жағдайда технологиялық құралдарға жасалынатын жұмыс өндірісіне жол берілмейді. Ондай жұмыстарды жөндеу шеберханаларында жүргізу қажет.

756. АТК (АЖС) аумағында, ғимараттарында, құрылыстарында, бөлмелерінде, технологиялық жүйелерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін объект басшысы рұқсат нарядын рәсімдейді.

34-тарау. Отын қабылдау және беру жабдықтарын пайдалануға қойылатын талаптар

757. Отынмен толтыру тек қана жабық әдіспен орындалуы қажет. Отын буларының ашық қоршаған кеңістікке, резервуарларда құбырларымен қатар немесе АЦ тыныс алу клапаны арқылы шығатын деаэрацияға жол бермеу қажет.

758. Резервуарларды АЦ отынмен толтыру алдында резервуардағы отын деңгейін өлшеу және аварияға қарсы жүйелердің жарамдылығына көз жеткізу қажет. Резервуарды толтыру процесін АЖС қызметкерлері және АЦ жүргізушісі б а қ ы л а й д ы .

759. АЖС резервуарларында отын түрін (бензин-жанар-жағар май) ауыстыру кезінде оның алдында болған өнімнен толық тазартылуы керек және жердегі резервуардың корпусында сақталынып отырған отын түріне тиісті өзгерістер енгізілген маңдайша ілінуі қажет.

760. Технологиялық жүйеде техникалық жағдайлар және техника-экономикалық көрсеткіштер қарастырылған жағдайда көп камералы резервуарларда бір уақытта бензиннің және дизельдік отынның бірге сақталынуына рұқсат етіледі.

761. АЖС аумағына АЦ отынмен кірген кезде өзге көліктер мен бөгде тұлғалар болмауы қажет. АЖС аумағында бір уақытта екі АЦ артық тұруына жол б е р і л м е й д і .

762. АЖС резервуарларды толтыру операциялары түбі қақпақпен жабдықталмаған АЦ мынадай тәртіппен жүргізілуі тиіс:

1) АЦ арналған жанар-жағар май құю алаңында әрқайсысының көлемі 100 л кем емес екі жылжымалы ауа-көбікті өрт сөндіргіштері орнатылады;

2) АЦ үшін жанар-жағар май құю алаңындағы ласталған мұнай өнімдерімен атмосфералық жауын-шашын жіберу тартпасын жауып, авариялық резервуарға төгілген отынды жіберетін құбырды ашу қажет;

3) АЦ статикалық тоқтардан қорғау үшін жермен байланыстырып, АЖС резервуарларын отынмен толтыру операциясына кірісу қажет.

Автопоездың әр цистернасы одан мұнай өнімдерін толық төгіп болғанға дейін әрқайсысы жеке-жеке жермен байланыстырылады.

763. Иілгіш байланыстырушы мыс сым үнемі АЦ корпусына жалғанып, құрылғының соңында байланыстырушы құрылғыға жалғастыру үшін (қысқыш, бұрандама ұштығы) болуы қажет.

764. АЖС көлік құралдарына жанар-жағар май құю кезінде мынадай ережелер сақталуы қажет:

1) мотоциклдер мен мотороллерлер өшірілген қозғалтқышпен келуі қажет, оларды қосу және тоқтату колонкалардан 15 м қашықтықта жүргізіледі, автокөліктер өз жүрісімен келеді;

2) қозғалтқышты от алдырғанға дейін мұнай өнімдерімен ласталған автокөліктердің, мотоциклдердің және мотороллердің бөліктерін жүргізушілер

немесе АЖС қызмет көрсетушілері құрғақ етіп сүртуі қажет;

3) жерге төгілген мұнай өнімдерін құммен жабу қажет, ал былғанған құмды және майланған сүрту материалдарын ұшқын шықпайтын, қауіпсіз етіп жасалған тығыз қақпақпен жабылатын металды жәшіктерге жинап, жұмыс соңында АЖС аумағынан шығарып тастау қажет;

4) жанар-жағармай құятын орындарда тұрған және кезекте тұрған, оның артынан келе жатқан автокөлік арасындағы қашықтық 1 м кем болмауы тиіс.

7 6 5 . А Ж С :

1) қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған көлік құралдарына жанар-жағар май құюға ;

2) белгіленген тәртіппен қолданылатын келісілген және бекітілген технологиялық жүйеге ТЭК мен ТШ қарастырылмаған жағдайда жер астындағы резервуарлар үстінен көлік құралдарының жүріп өтуіне;

3) қауіптілік пен атмосфералық разряд қауіптілігі төнген жағдайда резервуарларды жанар-жағар маймен толтыруға және тұтынушыларға жанар - жағар май беруге ;

4) бензинді қабылдау, сақтау немесе беру бойынша операциялар жүргізіліп жатқан АЖС аумағына ұшқын сөндіргіштермен жабдықталмаған тракторлардың кіруіне ;

5) АЖС құралдарына, ғимараттары мен құрылыстарына тікелей жөндеу жұмыстарымен байланысы жоқ жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

6) көлік құралдарының жолаушылармен кіруіне (есік саны төртеуден кем емес жеңіл автокөліктерді қоспағанда);

7) жарылғыш заттар, сұйытылған және сығылыстырылған жанғыш газдар, ТТС және ЖС, тез жанғыш материалдар, улы және радиоактивті заттар және басқа да қауіпті бұйымдар мен материалдар артылған көлік құралдарының кіруіне ;

8) ішкі жану қозғалтқышы мұнай өнімдерімен ластанған автокөліктерге жол берілмейді.

35-тарау. Жылжымалы АЖС қойылатын талаптар

766. Жылжымалы автожанар-жағармай құю станцияларын (бұдан әрі - ЖАЖС) орнату жері өртке қарсы қызметі органдармен келісе отырып, арнайы бөлінген алаңға орналастыру қажет.

767. Арнайы бөлінген алаңға орнатылған ЖАЖС пайдалану алдында:

1) станциялардың герметикалығын ООҚ және көзбен шолып тексеру;

2) жермен байланыстыратын сымдарды алаңның жермен байланыстыру қондырғысына жалғау ;

3) көлік құралының отын бағының астына қоятын табандықтар даярлау қажет ;

4) қашықтығы 1 м етіп көлік құралдарының келуін шектейтін кедергілер б е к і т у ;

5) ескерту белгісін және ақпарат қалқанын орнату қажет.

768. ЖАЖС есебінде отын құюға арналған автокөліктерді және бұл мақсатқа қатысы жоқ бейімделмеген техникаларды пайдалануға рұқсат етілмейді.

36-тарау. Электр жабдықтарын пайдалануға қойылатын талаптар

769. АЖС электр құралдарымен қамтамасыз ету осы жұмыс түрін жүргізуге лицензиясы бар арнайы ұйымдарға рұқсат етіледі.

770. Электр желілеріндегі және электр аппаратурасындағы барлық ақаулар тез арада жөндеуден өткізіледі. Жарамсыз, ақауы бар электр желілері және электр аппаратураларын өрт қауіпсіз жағдайға келтірілгенге дейін өшіріп қою қ а ж е т .

771. Электр қозғалтқыштары, шамдар, электр сымдары, кабель сымдары және тарату қондырғылары әрдайым шаңнан, жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтықтардан тазартып отыру қажет.

772. Электр жабдықтары ЭҚЕ бойынша жарылыс қаупі бар аймақтың класына сәйкес таңдап алынады. Мемлекеттік бақылау ұйымының жазбаша қорытындысы жоқ немесе дайындаушы-зауыттың жарылыс қауіпін көрсететін белгісі қойылмаған электр құрал-жабдықтарын жарылыс қауіпі бар аймақтарда п а й д а л а н у ғ а ж о л б е р і л м е й д і .

773. Жанатын ауа-бу қоспаларының түзілуі мүмкін деген аймақтарда:

1) жермен байланыстыру кезіндегі (нөлдендіру) қорғанысы, қызметін шектейтін қондырғылары жарамсыз болған жағдайда, сырты (қабығы) жарамсыз болған кезінде электр қондырғыларын жұмысқа қосуға;

2) ток жүргізетін бөліктердегі кернеу алынбаған кезде сыртын ашуға;

3) қорғаныс аппараттары автоматикалық түрде өшірілген жағдайда өшірілгендігінің себеп-салдарын анықтамастан электр қондырғыларын қосуға;

4) қысқа тұйықталу және ток мөлшерінің көбейюіне қарсы қорғаныссыз электр қондырғыларын қосуға жол берілмейді.

774. Жөндеу және регламенттік жұмыстар үшін қолданылатын жылжымалы және тасымалды электр қабылдағыштарға иілгіш кабелдер мен механикалық әсерге және мұнай өнімдеріне тұрақты қабығында мыстан жасалған бауы бар с ы м м е н қ о л д а н ы л а д ы .

775. Жарылыс қауіпті аймақтардағы бөлмелерге, ашық технологиялық

алаңдарда, аппаратураларда немесе басқа құралдарда уақытша жарықтандыру үшін тұрақты электрлік жарық жоқ кезде жарылыстан қорғап орындалған аккумуляторлы шамдарды қолдану қажет.

Тасымалды шырақтар жарамды және ЭҚЕ талаптарына жауап беруі керек.

776. Жылжымалы электр шамдары қолдануға жарамды күйде болуы және электр қондырғылары ережесінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

777. АЖС қауіпсіздік жүйесінде қолданылып отырған электр құрал-жабдықтары жұмыстан бос уақытта тоқтатылуы тиіс.

778. Жабық шамдарда ток көздерін және лампаларын ауыстыруды шамдарға қызмет көрсету жүктелген жұмысшылар жүргізуі тиіс.

779. Электр аппаратуралары мен тораптарындағы қысқа тұйықталуларды, ұшқынды, кабельдер мен сымдар изоляциясының жануын, басқарудың автоматтық жүйесінен бас тартқызуды болдыруы мүмкін жарамсыздықтар тез арада жоюлы тиіс.

780. Электр құрал-жабдықтарына жөндеу жұмыстарын жүргізу қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізілуі қажет.

Найзағайдан қорғаушы қондырғыны сынау мен тексеру, сондай-ақ, жүргізілген регламентті және жөндеу жұмыстары арнайы журналға тіркелуі тиіс.

37-тарау. Байланыс және өрт сөндіру құралдары

781. АЖС өрт бола қалған жағдайда өртке қарсы қызметті тез арада шақыру үшін телефон немесе радио байланыспен, сондай-ақ дауыс зорайтқыш байланысының жүйесімен жабдықталуы қажет.

782. АЖС өндірістік және қоғамдық ғимараты осы Ереженің алғашқы өрт сөндіру құралдарының қажетті санын анықтауға (2-қосымша) және IV топтағы объектілер мен көлік құралдарына арналған алғашқы өрт сөндіру құралдары тиістілігінің нормаларына (3-қосымша) сәйкес өрт сөндіргіштермен, олардың өрт сөндіретін қабілетіне, алаңына өрт класына байланысты жабдықталуы тиіс.

783. Резервуарлар арматурасы мен электр пульттарының жануын сөндіру үшін көмірқышқылды немесе ұнтақты қолға лайықты өрт сөндіргіштер қарастырылуы тиіс.

784. АЖС сыйымдылығы 100 литрден кем емес жылжымалы ауа-көбіктік өрт сөндіргішпен қамтамасыз етілуі тиіс.

785. Бұдан басқа, АЖС жылжымалы алғашқы өрт сөндіру құралдарымен төмендегі есепте жабдықталуы тиіс:

1) төртеуге дейін отын үлестіруші колонкасы бар май құятын жайларда құю техникасының жануын сөндіруге арналған 2 жылжымалы ұнтақты өрт сөндіргіш (сыйымдылығы әр қайсынында 50 л кем емес), 1 ауа-көбіктік (сыйымдылығы - 10

л кем емес) және 1 ұнтақты (сыйымдылығы - 5 л кем емес) өрт сөндіргіш;

2) төрттен сегізге дейін отын үлестіруші колонкалары бар май құю орындарында құю техникасының жануын сөндіруге арналған - 2 жылжымалы ұнтақты өрт сөндіргіш (сыйымдылығы әр қайсынында 50 л кем емес), 2 ауа-көбіктік (сыйымдылығы - 10 л кем емес) және 2 ұнтақты (сыйымдылығы - 5 л кем емес) өрт сөндіргіш. Өрт сөндіргіштерді орналастыру май құю орындарында қ а р а с т ы р ы л а д ы ;

3) АЦ арналған әрбір май құю алаңы үшін - АЦ жануын сөндіру үшін 2 жылжымалы ұнтақты өрт сөндіргіш (сыйымдылығы әр қайсысында 50 л кем емес). АЖС мұндай құю техникаларының жануын өшіретін өрт сөндіргіштер бар болса, АЦ сөндіруге арналған қосымша өрт сөндіргіштерді қарастырудың қажеті ж о қ .

786. Жылжымалы май құю бекеттерін сыйымдылығы 10 литр бір ауа-көбікті және сыйымдылығы 5 литр бір ұнтақты өрт сөндіргішпен жабдыкталуы тиіс.

787. Өрт сөндіргіштерді орналастыру көрсеткіш сілтемелерге сай белгіленуі қажет.

15-бөлім. Діни құрылыстардағы өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

788. Ашық оты бар шамдар, шам астына қойғыштарды және басқа да қондырғыларды жанбайтын негіздерге орнату қажет. Олардың құлауын болдырмау үшін еденге берік бекіту қажет.

789. Жылыту құралдарын пайдалану кезінде осы Ережелердің талаптары орындалуы тиіс. Діни құрылыстарда пешпен жылыту әр жылыту мерзімінің алдында пайдалануға жарамдылығына акт түзу арқылы тексеруден өткізілуі тиіс.

790. Пештерге от жағу бақылаудың астында жүргізілуі тиіс және мәдени құрылыстарда адамдар көптеп жиналатын іс-шаралардың басталуына дейін бітуі қ а ж е т .

791. ЖС (лампада, шамдар) металдан жасалған шкафтарда сақталуы тиіс. Бөлмеде 5 л аспайтын ЖС сақтауға ғана рұқсат етіледі.

792. ЖС лампадаларға және шамдарға құю жабық сынбайтын сыйымдылықтан, жанбайтын материалдан жасалған ыдыстың ішінде жүргізілуі т и і с .

ЖС лампадаларға және шамдарға құюды ашық от жоқ кезде ғана, ал егер қосылған электр жылыту құралдары бар болса олардан 1 м ары арақашықтықта жү р г і з у қ а ж е т .

793. ЖС қоры лампадалар және шамдар үшін молель залында металды

ыдыста сақталуы және тәуліктік қажеттіліктен аспауы қажет.

794. Келушілердің қатысуымен салт-дәстүр жасалынып жатқан уақытта мәдени құрылыстарда отпен байланысты жұмыстардың жүргізілуіне тыйым салынды.

795. Діни құрылыстардың ғимараттары өрт туралы адамдарды хабарландыратын жүйелермен қамтамасыз етілуі тиіс.

796. Барлық діни мекемелер нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес қажетті эвакуациялық жолдар санымен қамтамасыз етілуі тиіс. Шығу жолдарының саны мен ені адамдарды құтқару қауіпсіздігінің есебіне сәйкес болуы тиіс.

797. Діни мекемелерде құдайға құлшылық етіп жатқан кезде:

1) эвакуациялық шығу есіктерін құлыппен жабуға;

2) терезелерге темір торлар орнатуға;

3) терезелерді ағашпен бекітуге;

4) мекемеге келуші адамдар санының белгіленген нормадан асуына жол берілмейді.

16-бөлім. Сауда павильондары мен дүңгіршектер

38-тарау. Жалпы талаптар

798. Алаңы 20 м^2 дейінгі бір қабатты павильондар мен сауда киоскілері жайларының отқа төзімділік дәрежесі регламенттенбейді.

799. Сауда павильондарындағы қабаттардың алаңы, қабаттардың саны және отқа төзімділік дәрежесі қолданыстағы құрылыстық нормалар мен ережелерге сәйкес анықталады.

800. Жанғыш сұйықтықтарды және газдарды сатуға арналған павильондар мен дүңгіршектер жеке немесе аналогиялық тауарлар сататын дүңгіршектер тобында тұрып, отқа төзімділіктің I, II, IIIa дәрежесін орындауы тиіс.

801. Ғимаратта адамдар бар кездерде пайдаланылатын есіктерде орнатылған ішкі ілмектер оңай ашылатын болуы тиіс.

802. Елді мекендерде орналасқан дүңгіршектерде бу, су және электрлік (сәйкестік сертификаты бар май радиаторларын, жылытқыш панельдерді қолданумен) жылыту жүйелерін қолдануға болады.

803. Елді мекендерден тыс жерлерде орнатылған дүңгіршектерде нормативтік-техникалық құжаттардың талабына сай пеш жағуға рұқсат беріледі.

804. Дүңгіршектердің электр жабдықтары ЭҚЕ талаптарына сай болуы тиіс.

805. Қыздырғыш лампалары бар электр шырақтары қорғағыш қалпақтармен, ал люменесцентті лампалары бары - стартерсіз пайдаланылуы тиіс.

806. Павильон мен киоскілердің электр желілерін тоқтатуға арналған қондырғылар жанбайтын негізде орнатылуы тиіс.

807. Дүңгіршектер мен павильондарды автоматты өртке қарсы дыбыстық және жарықтық сигнал енгізілген сигнализациямен жабдыкталуы тиіс.

808. Әрбір дүңгіршекте осы Ереженің 2 және 3 қосымшасының нормасына сәйкес алғашқы өрт сөндіру құралдары болуы тиіс.

39-тарау. Павильондар мен дүңгіршектерді орналастыру

809. Белгіленген аумақта дүңгіршектерді, сондай-ақ алаңы 20 м^2 дейінгі бір қабатты павильондарды, топтарды қоса орналастыруға рұқсат беріледі. Бір топта олардың отқа төзімділік дәрежесіне қарамастан 10 құрылысқа дейін орналастыруға болады.

Топта олардың арасы мөлшерленбейді.

810. Тармақта көрсетілген топтар арақашықтығы алаңы 20 м^2 көп павильондар мен дүңгіршектердің арасы, сондай-ақ жанғыш газдар мен сұйықтықтар (ауданына қарамастан) сатуға арналған павильондар мен дүңгіршектер арасы осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес болуы керек.

Дүңгіршектер мен павильондар тобында отқа төзімділіктің әр түрлі деңгейіндегі арақашықтық топтардан көрші ғимаратқа дейін отқа төзімділігі аз дәрежелі құрылыс бойынша қолданылады.

811. Тармақта көрсетілген топтар мен жеке тұрған дүңгіршектер (павильондар) арақашықтығы тұрғындық, қоғамдық және көмекші өнеркәсіптік және өндірістік ғимараттарға дейін болады. Сондай-ақ алаңы 20 м^2 көп сауда павильондар арасы қалалар мен ауылдық мекендердің құрылысы мен жоспары жөніндегі нормаға сай қолданылуы тиіс.

812. Жанғыш қалдықтарды жинау орнын дүңгіршектер мен павильондардан 15 метрден кем емес қашықтықта орналастыру қажет.

813. Орайтын материалдар мен заттарды сақтауға арналған ғимараттар 5 м^2 аспайтын алаңда қарастырылуы тиіс.

17-бөлім. Құрылыстық-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

40-тарау. Жалпы ережелер

814. Бұл бөлім құрылыс, жанарту, кеңейту, жөндеу жұмыстарын жүргізу, жобалау, құрылыс алаңдарында (бұдан әрі - құрылыс) уақытша бөлмелермен

құрылыстардың, сондай-ақ отты жұмыс өндірістерінде ведомстволық бағыныстылығына қарамастан объектілерде өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптарын белгілейді.

41-тарау. Құрылыстар, ғимараттар мен бөлмелердің аумағын ұстау

815. Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін құрылыс, өртке қарсы алаңдарындағы барлық құрылыс және құрылымдар бұзылып алынады.

Аталған құрылымдар сақталып қалғанда, өртке қарсы іс-шаралары ұйымдастырылады.

816. Құрылыс алаңында орналасқан өндірістік, қоймалық және қосалқы үйлер мен құрылымдар тиісті тәртіппен бекітілген бас жобаға, осы Ережеге және жобалау нормаларына сәйкес болуы қажет.

Құрылыс алаңында қолданыстағы нормаларға, ережелер мен бас жоспарға сәйкес келмейтін құрылыстарды салуға тыйым салынады.

817. Ауданы 5 га асатын құрылыс алаңына қарама-қарсы жақтан кіретін кемінде екі жол болуы керек. Жылдың қай мезгілінде болса да өрт сөндіргіш машиналар кедергісіз өтетіндей етіп, жол үстіне төсеніш төселуі қажет. Кіру қақпаларының кеңдігі кемінде 4 м болуы керек.

Құрылыс алаңына кірер тұста нысанды өрттен қорғау жоспары, негізгі және қосалқы құрылыстар, су көздері орналасқан жер жоспары, кіру, жақындау, шығу жолдары көрсетілген белгі орнатылуы (ілінуі) қажет.

818. Барлық салынып жатқан және пайдаланудағы (оның ішінде уақытшаларына да), құрылыс материалдарын, конструкциялар мен қондырғыларға баратын жолдар кедергісіз болуы тиіс. Салынып жатқан үйлерге барар жолдар негізгі құрылыс жұмыстары басталғанша салынуы тиіс. Жолдар үйдің екі жағынан кеңдігі 18 м, ал үйдің барлық жағынан кеңдігі 100 м болуы тиіс. Жолдың шеті мен үй қабырғасына дейінгі аралық 25 м артпауы тиіс.

819. Ғимараттар мен өртке қарсы су көздеріне, сондай-ақ өрт сөндіру құралдары мен жабдықтарына барар жолдар мен подъездер барлық уақытта бос болуы тиіс. Материалдарды, жабдықтарды жинау және машина тұрағына арналған жайларының арасындағы өртке қарсы арнайы бөлініп қойылған жерлерді пайдалануға тыйым салынады.

Теміржол арқылы өтетін барлық жолдар, өткелдер және подъездер жарамды жағдайда болуы және өрт сөндіру автокөліктерінің кедергісіз өтуімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Құбырлар немесе кабелдерді орнату кезінде жолдың арғы бетінде өткелдер, көпірлер немесе уақытша жол орнату қажет. Жүргізіліп жатқан жөндеу

жұмыстары немесе жолдардың уақытша жабылуы туралы бас мердігер жақын арадағы өрт сөндіру бөліміне тез арада хабарлауы қажет.

820. Жанғыш заттар орналасатын алаңдар, сондай-ақ өндіріс, қойма, жанғыш және ауыр жанғыш материалдар жиналатын алаңдар құрғақ шөптен, жаңқа мен қ а б ы қ т а р д а н т а з а л а н а д ы .

821. Ашық алаңдарда жанғыш құрылыс материалдарын /ағаш, толь, рубероид / жанғыш конструкциялар мен бұйымдарды, құралдар мен жанғыш материалдарға оралған заттарды жинағанда, қатарлар ауданы 100 м кв. аспауы тиіс. Қатарлар мен оларды үйлерге, құрылыстарға дейінгі аралығы 24 м кем б о л м а у ы т и і с .

822. Жеке блок-контейнерлік және тұрмыстық вагондарды топтарға бөліп орнатқанда, топта 10-нан аспауы тиіс. Топ арасының және олар мен басқа құрылыстардың арасы 18 м кем болмауы тиіс.

823. Мемлекеттік өрт бақылау органдарымен келісе отырып, салынып жатқан құрылыс маңында уақытша шеберханалар мен қоймаларды (жанғыш заттар, қымбат және құнды материалдардан, жанғыш материалдарға оралған заттардан, өндіріс орындары мен жанғыш материалдар өңдейтін шеберханалардан басқа) осы Ережелерді сақтай отырып орналастыруға болады. Әкімшілік, тұрмыстық мақсаттағы үйлерді, I тұрпатты қоршаулары мен III тұрпатты жаппалары бар, салынып жатқан үй бөліктерінде орналастыруға болады.

Уақытша қоймалар мен шеберханаларды, әкімшілік-тұрмыстық бағыттағы үй-жайларды, салынып жатқан үйлердің жанғыш полимер жылытқыштары болса, сондай-ақ негізгі құрылыстары қорғалмаған болса, орналастыруға болмайды.

824. Сөндірілмеген әкті, жеке тұрған, жабулы жайларда сақтайды. Бұл үйлердің едені жерден 0,2 м биік болуы қажет. Сөндірілмеген әктің сақталатын жеріне су мен ылғалды тигізуге болмайды.

Өк сөндіру шұңқыры сақтау орнынан кемінде 5 м, өзге нысандардан 15 м қ а ш ы қ т ы қ т а б о л у ы т и і с .

825. Қайта жаңарту, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, күрделі жөндеуден өткізу, құрылыс жүріп жатқан нысанды кезегімен пайдалануға тапсыру кезінде, құрылыс жүріп жатқан бөліктер уақытша өртке қарсы қалқаның 1-ші және жаппаның 3-ші үлгісімен бөлінуі тиіс. Бұл жағдайда үйде адамдарды эвакуация жасау талаптары бұзылмауы тиіс.

826. Сыртқы су құбырының торабын салу және өрт гидранттарын қондыру, сондай-ақ, өрт суаттарының және басқа да су көздерінің құрылысын жүргізу негізгі құрылыс жұмыстарының басында оларды өрт сөндіру үшін қолдануға болатындай есеппен жүргізілуі тиіс.

827. Сумен қамтамасыз ету көздерінің негізгі құрылысы жұмысын аяқтамаған жағдайда уақытша өртке қарсы су құбырларын немесе резервуарлар салуы қажет.

828. Тұрғызылып жатқан ғимараттар, уақытша құрылыстар өрт қауіпсіздік техникасы бойынша біліктілік куәлігіне берілетін талонда (7-қосымша) көрсетілген нормаға сәйкес алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс.

829. Жобада қарастырылған ішкі өртке қарсы су құбырлары мен өрт сөндірудің автоматты жүйесі объектінің салынуымен бірге монтаждалуы тиіс. Өртке қарсы су құбыры бөлім жұмыстары басталғанда, ал өрт сөндіру мен сигнализацияның автоматты жүйесі іске қосылатын жұмыстар (кабельдік құрылыстарда - кабельді төсегенге дейін) басталғанда жүргізілуі тиіс.

830. Жобада қарастырылған өрт деполары құрылыстың бірінші кезегінде салынуы тиіс. Депоны басқа қажеттілікке қолдануға болмайды.

831. Негізгі құрылыстар мен құрылыстық базалардың құрылысын бастамай тұрып, өртке қарсы қызметтің немесе ерікті өртке қарсы құрылымға және өрт техникасына арнайы жылытылған жайлар бөлінуі тиіс.

42-тарау. Құрылыстық-монтаждау жұмыстарының өндірісі

832. Үш қабаттан артық биіктіктегі үйлерді салғанда саты басқыштарын клеткалармен қоса орнату қажет.

833. Сатылы торларда ағаш басқыштарды қолдануға тек екі қабатты биіктікке дейінгі үйлерде рұқсат етіледі.

834. Құрылыс кезінде жанғыш материалдармен зақымданудан қорғау үшін жанбайтын сатыларды жауып қоюға болады.

835. Жобада көрсетілген өрт сөндіру сатылары мен шатыр шеті қоршаулары негізгі құрылыстар бітісімен орнатылуы тиіс.

Үйді салу барысында пайдаланылатын тағандар жобалау нормалары мен өрт қауіпсіздігі талаптарына, эвакуацияға лайықталған болуы қажет. Тағандар мен опалубалар отқа төзімді заттар сіңірілген болуы қажет.

836. Үй сыртына орнатылған тағандар мен опалубаларға отқа төзімді затты сіңіру жаз кезінде жүргізіледі.

Құрылыс тағандарының периметрінде әрбір 40 м сайын бір сатыдан, бірақ барлық үй тағандары екі сатыдан (баспалдақтан) кем болмауы тиіс. Тағандардың тақтай төсеніштерін жұмыс аяқталысымен құрылыс қоқысынан, қардан, қатқан мұздан тазартып, қажет болса құм себіледі.

Орман құрылымдарын жанғыш материалдармен жабуға (жылытуға) жол берілмейді.

837. Биік құрылыстарды жүргізу кезінде (түтін мұржалары, мұнара, бөгет (платина), сүрлеу мұнарасы) құрылыс жұмысының барлық кезеңі үшін адамдарды

эвакуациялау үшін кемінде екі саты орнатылады.

838. Жанғыш және ауыр жанғыш материалдардан жасалған опалубкаларды бір мезгілде үш қабаттан артық орнатуға болмайды.

839. Ғимарат пен құрылыстың ішінде ашық отпен жұмыс істегенде жанғыш заттармен, өзге материалдармен бір мезгілде жұмыс жүргізуге рұқсат етілмейді.

840. Металл конструкцияларды оттан қорғау шаралары, үйді көтеру жұмыстарымен қатар атқарылады.

841. Салынып жатқан үйлерде жанғыш материалдар болғанда (сыртқы және ішкі қабырғалар жалғасқан жерлерді, қабат аралық жаппаларды, инженерлік құрылыс өткен тұстарды, т.б. герметизациялау) олар өрт шыға қалған жағдайда оттың үй тесіктері арқылы таратылмау шаралары қарастырылады.

Үйлер мен құрылымдардың тесіктерін уақытша герметизациялауға отқа төзімді материалдар пайдаланылады.

842. Еден салу кезінде пайдаланылатын қосалқы құрылымдар мен өзге де жұмыстарға отқа төзімді немесе ауыр жанғыш материалдар пайдаланылады.

843. Жанғыш конструкциялы жұмыстарды монтаждау кезінде объектіде өртке жауапты адамның рұқсат нарядына қолы қойылып берілгеннен кейін жүргізіледі.

Жұмыс жүргізіліп жатқан жерлерге: "Отқа қауіпті - тез тұтанғыш жылытқыштар!" - деген көрсеткіштер ілінеді.

844. Жанғыш жылытқыштарды, гидроизоляциялық кілемді, қорғаныш шағал қабатын төсеу, қоршау конструкцияларын монтаждау (жанғыш жылытқыштарды қолдана отырып) жұмыстары 500 м^2 , ал жануы қиын жылытқыштар 1000 м^2 артық болмауы қажет.

845. Өндірістік ғимараттарды жабуда жанатын жабынды темір бетонды плиткаларды пайдалану кезінде кем дегенде 30 мм цементті-құмды қоспадан стяжка, плиталар арасында тораптар салынуы қажет.

846. Жұмыс жүргізіліп жатқан жердегі жылытқыштар мен рулондар мөлшері бір ауысым кезінде пайдалану мөлшерінен артық болмауы қажет.

847. Үлкен алаңды ғимараттардың жабынында жанғыш жабынды ұзындығы бойынша 50 м сайын (қаңқаның ұзындығы бойына 80м және одан астам) ені кемінде 6 м болатын керамзиттік гравиядан немесе жанбайтын басқа материалдардан жасалған өртке қарсы белдікпен бөлінуі тиіс.

848. Жанғыш және жануы қиын жылытқыштарды салынып жатқан үйден тыс арнайы алаңда, салынып жатқан қойма, үй, құрылымынан кемінде 18 м қашықтықта орналасуы қажет.

Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін пайдаланылмай қалған жанғыш және ауыр жанатын жылытқыштарды, рулондар мен монтаждалмаған панелдерді үй

жаппалары мен өртке қарсы пайдаланылатын алаңдарда қалдыруға болмайды.

849. Мұздатқыштар ғимараттар мен аналогиялық ғимараттарда құрылыстық-монтаждық жұмыстарды өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз етілген бөліктер бойынша жүргізген дұрыс.

850. Жылыту қабатын бітірісімен ол жерден барлық қалдықтарды жиып алып, жобада көрсетілгендей оттан қорғайтын жабу қабатын төсеу қажет. Өндіріс процесі кезінде қорғалмай қалған жанғыш жылытқыш ауданы 500 м^2 және қиын жанатын болған кезде 1000 м^2 артық болмауы қажет.

851. Өртке қарсы жасалған белдіктерді орналастыру кезінде мұздатқыш камераларда жылытқыштардың жанбайтын материалдардан жасалған қоршаушы құрылысқа тығыз орналастырылуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Өртке қарсы белдіктерде, аймақтарда аяқталмаған тесіктер қалдыруға болмайды. Келесі бөлікте жылу изоляциясын орнатуға тек бұрынғы өртке қарсы белдікке тексеру жүргізілген соң барып рұқсат беріледі.

852. Жанғыш немесе ауыр жанғыш жылытқыштар панелдерінің жақтаулары зақымдана қалса, оны механикалық жолмен (болттар) жедел жөндеу шаралары жасалуы тиіс.

853. Полимерлі жылытқыштары бар панелдерді, полимерлік жылытқыштарды төсеу, жабу монтаждау жұмыстарынан бұрын, жобада көрсетілген шатырларға, қоршаулар мен шығу жолдары (сатылы торлардан, сыртқы шығу жолдарынан) жасалып бітуі тиіс. Үй төбесіне шығу жолдарына өрт жөнінде хабарлау үшін телефон немесе өзге байланыс түрі орнатылады.

854. Шатыр төбесі ауданы 1000 м^2 астам болған жағдайда, онда жанғыш немесе ауыр жанғыш полимерлі жылытқыштар қолданылса, онда уақытша су құбырын орнату көзделуі тиіс. Өрт крандарының ара қашықтығы, әр қайсысы екі шашу көзі болып 5 л/с кем болмауы тиіс.

855. Үй төбесіне гидро және бу изоляциясын жүргізгенде, панелдерді монтаждағанда (жанғыш, ауыр жанғыш материалдармен) электрденекері, өзге де отпен істелетін жұмыстарды атқаруға болмайды.

Отпен істелетін жұмыстардың барлығы жанғыш, ауыр жанғыш материалдарды монтаждауға дейін істеуі тиіс.

856. Бу изоляциясын төсегенде оның қабырғаларына битум мастикасын құйып желімдеуге, битум мастикасының қабатын қалыңдатуға жобада көрсетілмесе, жол берілмейді.

857. Рулонды материалдарды балқыту агрегаттарын жабу жұмыстарына тек темір бетон плиталарын және отқа төзімді жабуларда ғана пайдалануға болады.

858. Агрегаттарға үй төбесінде май құю тек өрт сөндіргіш құм салынған

жәшік қойылған тұста ғана рұқсат етіледі. Үй төбесінде агрегаттарға құятын май немесе майдан босатылған ыдыстарды сақтауға болмайды.

43-тарау. Мастикалармен, битумдармен, полимерлермен және басқа да жанғыш заттармен және материалдармен жұмыс істеу кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары

859. Жанғыш заттармен жұмыс істейтін (бояу құрамын дайындау мен оны өнімге тозаңдату) жайларда өрт жарылыс қаупі бар булар пайда болғанда оны сорып айдайтын желдеткішпен қамтамасыз етуі тиіс.

Қауіпсіз жұмыс жүргізуге арналған ауа ауысымының еселігі есепке сәйкес жұмыс өндірісінің жобасымен анықталады.

860. Жанғыш заттармен жұмыс істегенде оның мөлшері ауысым қажетінен артпауы қажет. Жанғыш сұйықтары бар ыдыстар тек жұмыс кезінде ашылып, жұмыс аяғында жабулы күйде қоймаға өткізілуі тиіс.

Жанғыш сұйықтар ыдысы арнаулы орында үйлерден тыс жерлерде сақталуы тиіс.

861. Жанғыш заттардың қалдығы арнайы жабық сыйымдылыққа жиналып, арнайы бөлінген орындарға апарылуы тиіс.

862. Жанғыш бояуларды еденге бүркуге тек табиғи жарық көзі бар кезде бұл жұмысты жүргізуге жауапты тұлғаның бақылауымен 100 м² аспайтын ауданды қамти отыра, рұқсат етіледі. Жұмысты есіктен ең аулақ қашық тұстан бастау қажет. Ал дәліздер бөлмелерді бояп болғаннан кейін боялады.

863. Элексидті смолаларды, желімдерді, мастикаларды, оның ішінде синтетикалық смолалар негізіндегі лакты бояуларды және плиталар мен рулонды синтетикалық полимерлі материалдарды жапсыру жұмыстары барлық құрылыс-монтаж, санитарлы-техникалық жұмыстары аяқталғаннан кейін үй-жайларды боямас бұрын жүргізіледі.

864. Жанғыш материалдармен жұмыс істегенде ұшқын шығармайтын материалдардан (алюминий, мыс, пластмасса, қола) жасалған аспаптар қолданылады. Жұмыста қолданылған аспаптарды ашық жерде немесе жақсы желдетілген бөлмелерде жуады.

865. Жанғыш заттармен және материалдармен (құрамында өртке қарсы заттар бар рулондық, плиталық, эпоксидті смоламен, мастикамен) жұмыс істеуге, өрт-техникалық минимум бойынша оқудан және жұмыс бастар алдында өрт қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулықтан өткен тұлғалар жіберіледі.

Жанғыш заттар мен жұмыс істейтін жайлар әр 100 м² жерге екі өрт сөндіргіш пен киізбен қамтамасыз етуі тиіс.

866. Өртке қауіпті заттармен және полимерлі материалдармен жұмыс істеуге

құрылыстың өртке қарсы жағдайына жауап беретін тұлғаның жазбаша рұқсатымен және тек өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар орындалғаннан кейін рұқсат етіледі.

867. Изоляциялық және битумдық мастикаларды жылыту және қайнату қақпағы тығыз жабылатын жанбайтын материалдардан жасалған жарамды арнайы қазандарда жүзеге асырылады. Қазандықтарды толтыру олардың сыйымдылығының 3/4 бөлігінен көп болмауы тиіс. Қазанды толтыратын құрал қ ұ р ғ а қ б о л у ы қ а ж е т .

Битум қайнату қондырғысын шатырда орналастыруға тыйым салынады.

868. Битумдық қазанды ашық ауада орналастыру кезінде олардың үстіне жанбайтын материалдан жасалған шатыр орнату қажет. Қазан айналасында өртке қарсы құралдардың жинағы (өрт сөндіргіш, күрек, құрғақ құм) болуы тиіс. Битум мен мастикті қайнатуға арналған орындардың биіктігін кемінде 0,3 м белдікпен қоршайды. Қазанның от жағатын тесіктерін жанбайтын материалдардан жасалған күн қағарлармен жабдықтайды. Битумдық қоспа қайнап жатқан қазанды қараусыз қалдыруға болмайды.

869. Қазандарды топ бойынша орнатуға болады, топтағы қазан саны 3-тен аспауы тиіс. Қазан топтарының арасы 9 метрден кем болмауы тиіс. Битум мен массаны қайнату, қыздыру арнайы алаңдарда болып, мынандай қашықтықтарда о р н а т ы л а д ы :

1) IIIб, IV, Iva, V деңгейдегі отқа төзімді үйлер мен құрылыстардан 10 м кем е м е с ;

2) III, IIIa деңгейдегі отқа төзімді үйлер мен құрылыстардан 10 м кем емес;

3) I, II деңгейдегі отқа төзімді үйлер мен құрылыстардан 10 м кем емес.

870. Қазандағы масса от жағу бөліміне ағып түспеу үшін оның ернеуі қарсы жағынан 5-6 см биіктеу етіп орнатылады. Қазанның қақпағы отқа жанбайтын материалдан б о л у ы қ а ж е т .

871. Жұмыс аяқтала салысымен қазанның от жағатын бөлігі сөндіріліп, су с е б і л е д і .

872. Жылжымалы қазандар газбен жұмыс істегенде газы бар екі баллон (артық емес) отқа жанбайтын шкафтарға орнатылып, қазаннан кемінде 20 м а л ы с қ а қ о ы л а д ы .

873. Аталған шкафтар үнемі құлыптаулы тұруы тиіс.

874. Битумды ғимарат ішінде қыздырғанда электр қыздырғышы бар бактарды қолданады. Жылыту үшін ашық отты құралдарды пайдалануға болмайды.

875. Битум мастикасымен жұмыс істеу кезінде:

1) ыстық битум мастикасын жұмыс орнына қиылған конус пішінді, жалпақ жағы табанында болатын, аузы берік жабылатын, арнайы металл ыдыстармен механикаландырылған тәсілмен жеткізу қажет. Ыдыстың қақпағы түсіп кеткенде

ашылудан сақтайтын ілгіш тетікпен қамтамасыз етілген болуы тиіс. Массаны ашық ыдыспен тасымалдауға рұқсат етілмейді;

2) болат құбырлармен көлбеу бағытта тасымалдау үшін сорғыштар қолданылады. Бұл жағдайда массаның ағуына жол берілмеуі тиіс. Тік бағытта битумды термошыдамды түтіктермен айдау қажет.

876. Шланг пен темір түтіктің жалғасқан жеріне ұзындығы 40-50 см сақтандыру қапшығы (брезенттен және басқа да материалдардан) кигізіледі.

877. Ыдыс толған соң құбырдағы қалдық масса сорылып алынады.

878. Қайнатылған битумды араластыру кезінде ерітінді құю (бензин, скипидар) қажет. Араластыру тек ағаш араластырғышпен ғана жүзеге асырылады.

879. Битум массасын дайындаған кезде ерітінділерді қыздыруға радиусы 50 м ашық отты пайдалануға рұқсат етілмейді.

44-тарау. Дәнекерлеу және басқа да отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары

1 параграф. Жалпы ережелер

880. Ашық отты қолдануға байланысты дәнекерлеу және басқа да отты жұмыстар осы бөлімнің талаптарына, сондай-ақ тиісті нормативтік құжаттар мен мемлекеттік стандартқа сәйкес орындалады.

881. Дәнекерлеу және басқа да отты жұмыстар орны:

1) үнемі осы мақсат үшін арнайы жабдықталып, ұйымдастырылған цехтарда, шеберханаларда және ашық алаңдарда;

2) уақытша, отқа байланысты жұмыстар тікелей құрылып немесе қайта жаңартылып жатқан ғимараттарда, тұрғын үйлерде және басқа құрылыстарда, жабдықтарды жөндеу мақсатындағы кәсіпорындар немесе құрылысты монтаждау аумақтарында болуы мүмкін.

882. Отқа байланысты жұмыстардың 10 бекеттен көп (дәнекерлеу, кесу шеберханалары) орнын ұйымдастыру кезінде электр-газбен қамтамасыз ету орталығында қарастырылуы тиіс.

883. 10 аспайтын бекеттері бар дәнекерлеу шеберханаларының әрбір бекетіне арналған жанғыш газбен және оттегімен толтырылған бір-бір артық баллондары болуы тиіс. Артық баллондар жанбайтын материалды қалқандармен қоршалуы немесе арнайы орында сақталуы тиіс.

884. Үнемі дәнекерлеу жұмысы жүргізілетін орындардың едендері жанбайтын материалдардан жасалған болуы тиіс. Детальдарды алдын-ала

қыздырмай дәнекерлейтін жайларда жанбайтын негізді ағаш едендерді орнатуға
б о л а д ы .

885. Дәнекерлеу және басқа да отты жұмыстарды жүргізуге белгіленген тәртіппен техникалық минимумнан өткен және өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша сынақ тапсырып, өрт қауіпсіздігі техникасы бойынша біліктілік куәлігіне берілетін арнайы талон (8-қосымша) бойынша тапсырылған тұлғалар
ж і б е р і л е д і .

886. Арнайы шеберханалар мен ашық алаңдарда отты жұмыстардың тұрақты орны кәсіпорындар (ұйым) басшыларының бұйрығымен анықталады.

887. Уақытша электр дәнекерлеу және басқа да отты жұмыстардың тұрақты орны нысанның өрт қауіпсіздігіне жауап беруші тұлғасының жазбаша рұқсатымен, рұқсат үлгісі отқа байланысты жұмыстарды жүргізуге берілетін рұқсат қағазы (9-қосымша) бойынша анықталады.

888. Отты жұмыстарды жазбаша рұқсатсыз жүргізу өртке қауіпсіз орындарда және құрылыс алаңдарында, тек Ережені жақсы білетін және өрт-техникалық минимум бағдарламасын жақсы меңгерген жоғары білікті мамандарға рұқсат
е т і л е д і .

889. Отқа байланысты жұмыстарды уақытша жүргізуге рұқсат тек жұмыс ауысымына беріледі. Бір жұмыс қатарынан бірнеше күнге немесе ауысымға жалғасатын болса, объект әкімшілігінен қайта рұқсат алу талап етілмейді.

Мұндай жағдайларда әрбір келесі жұмыс ауысымына, берілген жұмыс орнын қайта тексергеннен кейін, алдында берілген рұқсат әкімшілікпен расталады. Отқа байланысты жұмыстардың жүргізілуіне уақытылы бақылау жүргізу мақсатында осы жұмыстарды жүргізуге рұқсат құрылыс әкімшілігінен объектінің салалық өртке қарсы қызметіне, ал егер болмаған жағдайда ерікті өртке қарсы құрамаға
б е р і л у і т и і с .

Отқа байланысты жұмыстарға кірісуге шаралар орындалғаннан кейін барып
р ұ қ с а т б е р і л е д і .

890. Отпен жұмыс істейтін үй-жайлар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс (от сөндіргіш, құмы бар жәшік, күрек, суы бар шелек т.б.). Объектілерде ішкі өртке қарсы су құбырларынан отты жұмыстарды жүргізу орнына өрт сөндіру крандарынан өрт сөндіргіш оқпанды жеңдер салынуы тиіс. Отты жұмыстармен айналысатын барлық жұмысшылар алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалана білуі тиіс.

891. Отты жұмыстарға жауап беруші тұлға жұмыс орнында өрт сөндіру құралдарының болуын тексеруге міндетті.

892. Отпен тұрақты жұмыс істеу үшін өртке, өрт жарылу қаупі бар бөлмелерді пайдалануға рұқсат етілмейді.

893. Отпен жұмыс істейтін технологиялық жабдықтарды өрт пен жарылу

қауіпінен сақтау үшін:

- 1) оларды өрт жарылу қауіпі бар заттардан арылту;
- 2) жұмыс істеп тұрған коммуникацияларды тоқтату (жұмыс жүргізуге қатысы бар коммуникациялардан басқа);
- 3) алдын ала жуу, тазалау, булау, желдету, жұту және флегматизация жұмыстарын атқаруы қажет.

894. Технологиялық жабдықтың ішкі құрылысын булағанда будың температурасы жанғыш будың (газдың) тұтану температурасының 80% мөлшерінен аспауы тиіс.

895. Технологиялық жабдықтарды жуғанда ондағы бу (газ) тұтануынан төмен температурада немесе электростатикалық тәртіпте жуу қажет.

896. Отпен жұмыс істейтін үй-жайларды, жабдықтар мен коммуникацияларды тазалау әдістері онда жарылыс қауіпі бар булы-тозанды қосылыстар мен от көздерін түзбейтін болуы тиіс.

897. Металдардың қызған бөлшектері қосалқы бөлмелерге, көршілес қабаттарға т.б. түсіп кетпеу мақсатында барлық бақылау, технологиялық және басқа да люктер (кішкене люктер), желдеткіштік, монтаждау ойықтары мен тесіктер, жаппалардағы, үй аралық қалқалардағы т.б. отқа жанбайтын материалдармен жабылуы тиіс.

898. Отпен жұмыс істейтін жерлердің барлығы осы Ереженің 10-қосымшасында көрсетілген радиуста отқа қауіпті заттар мен материалдардан тазартылуы тиіс.

899. Көрсетілген радиус аймағындағы құрылыстар, еден төсеніштері, қабырға әрлері, сондай-ақ жабдықтың бөліктері мен изоляциясы - жанғыш материалдардан жасалған асбест кенептерден және басқа да заттардан ұшқын түсуден қорғалуы, қажет болса сумен бүркелуі тиіс.

900. От жұмысы жүргізіліп жатқан орынды көршілес үй-жаймен жалғастыратын барлық есіктері, соның ішінде тамбур-шлюздер есіктері нығыз жабылуы тиіс. Терезелер жыл маусымына, бөлмедегі температураға, жұмыс уақытының ұзақтығына байланысты жұмыстың қауіптілігіне сәйкес мүмкіндігінше ашық болуы тиіс.

901. ТТС және ЖС мен ЖГ жинақталу қауіпі бар ғимараттар отпен жұмыс жүргізу алдында желдетілуі тиіс.

902. Дәнекерлеу және кесу жұмыстары жүргізілетін үйлер мен жайлардағы - құрылыстарына отқа қауіпті материалдар қолданылған - жанбайтын материалмен жасалған қоршаумен қоршалуы тиіс. Қоршау материалының биіктігі 1,8 м кем емес, ал қоршау мен еден арасындағы саңлау 5 см артық болмауы тиіс. Жұмыс кезінде қызған бөлшектердің ұшып шашырауынан сақтану үшін саңлау көздері 1,0x1,0 мм металл тормен бітелуі тиіс.

903. Отқа байланысты жұмысты бастаудың алдында және жұмыс кезінде технологиялық жабдық пен қауіпті аймақтағы бу, газ, ауа құрамы үнемі бақылауда болуы қажет.

Егер де қауіпті аймақ пен технологиялық жабдықта жанғыш заттар құрамы артып, флегматизаторлар құрамы төмендеп, жарылыс қаупі деңгейіне жуықтаған жағдайда, отпен жұмыс істеу тоқтатылуы тиіс.

904. Отпен жұмыс істеу жұмыстары жүргізіліп жатқан жерде люктер мен технологиялық жабдықтардың қақпақтарын ашуға, өнімді түсіруге, артуға, құйып алуға, ашық люктер арқылы салуға, егер олар өрт шығуына, жарылыс болуына - газдану мен шаң-тозаңданудан қауіп тудырса, жұмысқа рұқсат етілмейді.

905. Жұмыс кезіндегі үзілісте жұмыс уақыты аяқталысымен дәнекерлеу аппараты ток көзінен, ал шлангілер жанғыш сұйықтар мен газдардан ағытылуы, дәнекерлеу лампаларындағы қысым толық шығарылуы тиіс.

906. Жұмыс аяғында барлық аппараттар мен жабдықтар арнайы орынға жинастырылып қойылуы қажет.

907. Отпен жұмыс кезінде:

- 1) аппаратта ақау болғанда жұмыс бастауға;
- 2) отқа жанғыш бояулармен сырланған құрылыстар мен бұйымдарды дәнекерлеуге;
- 3) жұмыс киімінде майлардың, бензиннің, керосиннің жанғыш заттардың дақтары болса;
- 4) дәнекерлеу кабиналарында киімді, ТТС және ЖС және өзге де жанғыш заттарды сақтауға;
- 5) дербес жұмысқа оқушыларды, мамандығы жөнінде куәлігі мен өрт қауіпсіздік талоны жоқ жұмысшыларды жіберуге;
- 6) электр сымдарының сығылған, сұйытылған, қысылған газдары бар баллондармен үйкелісуіне;
- 7) жанғыш және улы заттарға толы электр кернеуіне қосулы аппараттармен және коммуникациялармен жұмыс істеуге;
- 8) отпен байланысты жұмыстарды шатырдағы гидроизоляциялы, бунзоляциялы қондырғылармен, жанғыш және ауыр жанғыш панельдерді монтаждаумен, еден төсеніштері мен бөлмелерді әрлеу (жанғыш заттар мен желімдерді, лактарды т.б.) монтаждап, бір мезгілде істеуге;
- 9) электр дәнекерлеушімен және газ дәнекерлеушімен (газ кескіш) бір мезгілде жабық сыйымдылық пен бөлмелердің ішінде жұмыс істеуге жол берілмейді.

908. Үй бөліктерінің жеңіл металл құрылыстардан, жанғыш және ауыр жанғыш жылытқыштар толтырылған бөліктерде отпен байланысты жұмыстарға

р ұ қ с а т

е т і л м е й д і .

909. Мұздатқыштардағы электр дәнекерлеу жұмыстары қабырғалары қалың (сылақ, бетонды және армобетонды сылақтар) және өртке қарсы қойылатын белдіктері бар, жанғыш материалдардан босатылған касералар мен бөліктерде ғ а н а жү р г і з і л у і ти і с .

910. Қоғамдық және тұрғындық ғимараттарда түбегейлі жөндеу және жаңарту жұмыстары кезінде отты жұмыстарды ұшқын мен жануға қарсы шаралар қабылданғаннан кейін жү р г і з у қажет.

911. Өндірістің тоқтаусыз жұмыс істейтін цехтарында түбегейлі жөндеу, жаңарту және отты жұмыстарды жүргізгенде кәсіпорын әкімшілігі осы кезеңге өрт қауіпсіздік ережесі талаптарын күшейту жоспарын жасауға міндетті.

912. Көптеген өрт қауіпті, отты жұмыстар, сондай-ақ биікте жұмыс істеген кезде өрт бекеттерін тұ р ғызу қажет.

Биікте жұмыс істейтін жұмысшыларда электродты тұқылдарды жинауға арналған металл қораптар болуы тиіс.

6 баллдан жоғары жел тұрғанда биікте жұмыс істеуге жол берілмейді.

913. Өрт қауіпсіздігіне жауапты объект жетекшісі немесе басқа қызметтік тұлға отты жұмыстар аяқталған соң орнына 3-5 сағат ішінде тексеру жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

45-тарау. Электрлік дәнекерлеу жұмыстары

914. Дәнекерлеу сымдары изоляциясыз немесе бүлінген изоляциялы, сондай-ақ, стандартты емес қорғану аппаратын қолдануға рұқсат етілмейді.

915. Дәнекерлеу сымдарын өзара престоу, дәнекерлеу немесе арнаулы қысқыштармен жалғастыру қажет. Электр сымдарын дәнекер тұтқасына және дәнекер аппаратына мыс тетіктер (шайбалы) арқылы жалғастыру қажет.

916. Дәнекерлеу аппаратына, бөлу қолғапшасы өзге қондырғыларға, дәнекерлеу орнына жалғанатын сымдар сенімді түрде оқшауланып, қажетті жағдайларда жоғары температурадан, механикалық зақымданудан, химиялық ә с е р д е н қ о р ғ а л у ы ти і с .

917. Электр дәнекерлеу кабельдері (сымдары) оттегі жүретін түтіктерден 0,5 м, ацетилен жүретін түтіктерден кемінде 1 м қашықтықта болуы тиіс.

Дәнекерленетін бұйымнан дәнекерлеу тоғына кері тасымалдаушы ретінде болат немесе алюминий шиналар (сымдар), дәнекерлеу плитасы, сөрелер немесе дәнекерлеуші бұйымның өзі, егер көлденең кесіндісі сәйкес келсе қызмет ете а л а д ы .

918. Кері тасымалдаушы ретінде пайдаланылатын заттар өзара болаттармен, қысқашпен т.б. жалғастырылады.

919. Өрт және жарылу қаупі күшті жағдайларда, кері тасымалдаушы зат ретінде, дәл электр қуаты тура келетін кабель сияқты жақсы изоляцияланған кабельді пайдалану қажет.

920. Кері тасымалдаушы зат ретінде ішкі теміржолдарды, жермен жалғастыру немесе бейтраптандыру тораптарын сондай-ақ үйлердің металл құрылыстары мен технологиялық жабдықтарды, коммуникацияларды пайдалануға рұқсат етілмейді.

921. Ашық ауада орнатылған дәнекерлеу генераторлары мен трансформаторлары, сондай-ақ оларға көмекші құралдар мен аппараттар ылғалға қарсы изоляциямен жабық түрде орындалуы және жанбайтын материалдардан жасалған шатыр астында орнатылуы тиіс.

922. Қолмен дәнекерлейтін электр дәнекерінің тұтқасы электродты жылдам ауыстыру мен нығыз қысып тұруды, сондай-ақ дәнекерлеуші затпен қысқа тұйықталмауды, қолдан түсе қалған жағдайда жабысып қалмауды қамтамасыз етуі тиіс.

923. Қолмен дәнекерлеуге арналған электр ұстағыш құрылымы берік ұстағышпен және жылдам ауыстырылатын электродтармен қамтамасыз етілуі қажет, сондай-ақ жұмыс барысында уақытша үзіліс кезінде немесе олардың металл заттардың үстіне түсуін болдырмау қажет. Дәнекерлеуші тұтқаның сабы отқа төзімді, диэлектрлі және жылу өткізбейтін материал болуы тиіс.

924. Дәнекерлеу кезінде қайталанатын электродтар зауытта жасалған, жұмыс кезіндегі тоқ номиналына сәйкес келуі тиіс.

Дәнекерлеу барысындағы электродтар қалдықтарын жұмыс орнындағы темір жәшіктерге жинақтау қажет.

925. Электр дәнекерлеу агрегаты жұмыс кезінде жермен жалғастырылуы тиіс. Негізгі дәнекерлеу қондырғысынан басқа, дәнекерлеу трансформаторының екінші орамына келетін тасымалдау сымын да жермен жалғастыру қажет.

926. Агрегат пен жүргізіп жіберу механизмін күн сайын жұмыстан кейін тазалап тұру қажет. ТҚК мен жоспарлы жөндеу жұмыстары тиісті кесте бойынша атқарылуы тиіс.

927. Атомды-суттекті дәнекерлеу қондырғыларында доғаны қоректендіру бөлек трансформатордан жүргізіледі. Доғаны тікелей бөлу қорабынан кез келген үлгідегі реттегіш арқылы қоректендіруге жол берілмейді.

928. Атомды-суттекті дәнекерлеуде ысытқышта тізбек үзіле қалған жағдайда кернеуді ағытып тастаудың автоматты тетігі орнатылуы тиіс.

929. Тізбекке қосылған ысытқышты қараусыз тастауға болмайды.

930. Өрт жарылыс қаупі бар аймақтарда электрмен дәнекерлеу жұмыстары кезінде:

1) тұрақты тоқ көздерін пайдалану қажет немесе айнымалы тоқты

пайдаланғанда олардың құрылысында импульсті генераторлары - электрод пен дәнекерленуші зат арасындағы кернеуді доғаның қайталана қозуы кезінде көтеретін ("разряд" типіндегі тоқ көзі) болуы қажет;

2) П-II класындағы өртке қауіпті жағдайларды қиын тұстардағы шаң-тозаңды кетіру үшін 1 м^2 алаңға 1 л есебінен дайындалған көбіктенгіш ерітіндімен ж у ы л у ы қ а ж е т ;

3) тігінен және төбедегі дәнекер жұмыстары диаметрі 4 мм үлкен емес электродтармен атқарылады. Бұл жағдайда қайталанылған тоқ қуаты төменгі көлбеу жағдайдан 20 пайыз кем болуы тиіс;

4) электр қондырғысын іске қосу алдында дәнекерлеу тұтқасында электрод болмауына көз жеткізу қажет.

46-тарау. Газбен дәнекерлеу жұмыстары

931. Тасымалдық ацетилендік генераторларды пайдалануға рұқсатты объект ә к і м ш і л і г і б е р е д і .

932. Жылжымалы ацетилен генераторларын ашық алаңдарда орнату қажет. Оларды уақытша жақсы желдетілетін жайларда қолдануға жол беріледі.

933. Ацетилен генераторларын отпен жұмыс істейтін жерден 10 м қашықтықта, сондай-ақ ауа сорушы компрессорлар мен желдеткіштерден 10 м қ а ш ы қ т ы қ т а б о л у ы т и і с .

934. Ацетилен генераторлары орнатылған жерлерге "Бөгде адамдарға кіруге болмайды!", "Отқа қауіпті!", "Темекі шегуге болмайды!", "От алып өтуге болмайды!" - деген аншлаптар (плакаттар) ілінуі тиіс.

935. Жылжымалы генератордағы кальций карбиді жұмыс соңында зиянсыздандырылады. Генератордан алынған әк балшығы осындай мақсатқа арналған ыдысқа немесе әк балшығына арналған бункерге, шұңқырға тасталады.

936. Әр балшығына арналған ашық шұңқырлар шарбақпен қоршалып қойылады, ал жабық шұңқырлар ауа сору желдеткішімен және әкету тесіктерімен ж а б д ы қ т а л а д ы .

937. Әк балшығы тасталған жерде радиусы 10 м аймақта темекі шегуге, от жағуға рұқсат берілмейді. Ол жөнінде арнайы ескерту ілінуі тиіс.

938. Аппарат ниппельдерінен газ тасымалдайтын шлангілер ысытқыштарға, кескіштерге, редукторларға сенімді түрде жалғанып, қамытпен қысылуы немесе екі жерінен күйдірілген (тоқыма) сыммен байлануы тиіс.

Су ысырмалары никкельдеріне шлангілер тығыз кигізілгенімен қамытпен б е к і т і л м е й д і .

939. Кальций карбиді құрғақ желдетілетін жайларда сақталуы тиіс.

Кальций карбидін жертөлелер мен су түсетін төмен жерлерде сақтауға рұқсат

е т і л м е й д і .

Механикаландырылған қоймаларда кальций карбидінің барабандарын тігінен үш қабат етіп жинайды, ал механикасы жоқ қоймаларда көлденеңінен екі қатардан және тігінен екі қатардан артық жинауға рұқсат берілмейді. Барабандар қатарының аралығына қалыңдығы 40-50 м тақтай төселеді.

Қатарларға жиналған кальций карбиді барабандарының аралық жолы 1,5 м кем болмауы тиіс .

940. Ацетилен қондырғылары бар жайларда, егер кальций карбидін сақтайтын орын болмаса, 200 кг дейінгі кальций карбидін сақтауға болады. Бұл жағдайда тек бір барабан ғана ашылуы тиіс.

941. Ашылған кальций карбиді бар барабандарды су тиюден сақтау қажет.

942. Кальций карбидін сақтайтын, ашатын орындарда темекі шегуге, ашық отты пайдалануға, ұшқын шығаратын құралдарды қолдануға болмайды.

943. Газы бар баллондарды сақтау мен тасымалдау барысында оларға бұрамалы қалпақтар кигізіледі. Баллондарды тасымалдау кезінде олар соққыланбауы тиіс. Дәнекерлеу жұмыстары орнына баллондар арнайы арба, зембіл, шанамен жеткізіледі.

944. Газ толтырылған баллондарды сақтау кезінде "қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды пайдаланудың қауіпсіздік және орнату ережесі" басшылыққа алынуы тиіс. Газы бар баллондар сақталу, тасымалдау және жұмыс кезінде күн және өзге де жылу көздерінен қорғалуы қажет.

945. Ғимараттарға орнатылған, сақтауға қойылған баллондар жылу аспаптары мен пештерден кемінде 10 м, ал ашық от көздерінен кемінде 5 м қашық болуы қажет .

Рампалы (топты) баллондар ысытқыштан (көлденеңінен) кемінде 10 метр, ал оттегі немесе ЖГ бар жеке баллондардан кемінде 5 метр қашық болуы қажет.

Бір ғимараттың ішінде оттегі, ЖГ баллондарын, кальций карбидін, бояулар мен майларды сақтауға рұқсат етілмейді.

946. Дәнекерлеу шеберханасында бесеуден аспайтын оттегі және бес ацетиленді қосалқы баллондар болуы керек.

947. Бос оттегі ЖГ баллондарымен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралары толы баллондармен жұмыс істегендей болуы қажет.

948. Газбен пісіру және газбен кесу кезінде:

1) қатып қалған ацетилен генераторларын, құбырларды, бұрамаларды, редукторларды және өзге де дәнекерлеу аппараттарының бөлшектерін ашық отпен, қызған затпен жылытуға;

2) оттегі баллондарын, редукторларды және өзге де дәнекерлеу аппараттарының бөлшектерін әртүрлі майларға, май киімге, май сіңген шүберекке тиюіне жол берілмейді;

3) бір су ысырмасынан (затвор) шығатын түтікпен екі дәнекершінің жұмыс істетеуіне ;

4) өте ірі кальций карбидін генераторға салуға, салу үшін металл заттар мен сымды пайдалануға, сондай-ақ карбид ұнтағымен жұмыс істеуге;

5) кальций карбидін су болған себетке немесе газ жинағышта су бар кезде салуға, сондай-ақ генераторда "сулы карбид" бар кезде карбид себетін салуға;

6) ЖС арналған шлангыны оттегімен үрлеуге, керісінше, оттегі бар шлангыны ЖС үрлеуге, сондай-ақ жұмыс кезінде олардың шлангыларын өзара ауыстыруға ;

7) ұзындығы 30 м асатын, ал монтаждау кезінде 40 м асатын шлангілермен жұмыс істеуге ;

8) газ жүретін шлангілерді бұрауға, сындыруға, қысуға;

9) газ жинағышында ацетилен бар кезде генераторды тасымалдауға;

10) ацетилен генераторының газ қысымын арттыруға, сондай-ақ, қысымды арттыру үшін кальций карбиді мөлшерін артық салуға, арнайы рұқсат етілмейді;

11) кальций карбиді бар барабанды мыс аспаппен ашуға, сондай-ақ ацетилен аппаратын дәнекерлеу үшін мысты пайдалануға, әсіресе оның ацетиленмен жұғысуы мүмкін жағдайда жол берілмейді.

47-тарау. Сұйық жанғыштар қолданылатын отпен байланысты жұмыстар

1 параграф. Металл кесу

949. Бензинмен, керосинмен кесу жұмыстарын орындау кезінде де жұмыс орны электр дәнекерімен жұмыс істегендей етіп ұйымдастырылады. ТТС және ЖС төгілуіне жол бермеуге және оларды дұрыс сақтауға, тәртібін ұстауға, ыдыстағы сұйықтың жұмсалуына ерекше назар аударылады.

950. Бензинмен және керосинмен кесу орындарындағы отын қоры бір ауысым қажетінен аспауы керек. Отын сынбайтын, дұрыс формадағы, аузы тығыз жабылатын ыдыста, отпен жұмыс істеу орнынан кемінде 10 м қашықтықта сақталады .

951. Бензинмен, керосинмен кесу агрегаттарына пайдаланылатын отын ешқандай қоспасыз, суы жоқ таза болуы тиіс. Жұмыс бағын, оның көлемінің 3/4 бөлігінен толтыруға болмайды .

952. Отын бағы ақаусыз және герметикалы болуы тиіс. 5 атм. қысымда сынақтан өтпеген, отын ағызатын, ақауы бар сорғыш пен манометрлі отын бағын пайдалануға болмайды .

953. Жұмысты бастаудан бұрын бензо-керосин кескіштің шлангілерінің

бүтіндігін, ниппельдермен жалғану тұсын, бұрандалардың ақаусыз тұсын тексеру қ а ж е т .

954. Кескіштің тозаңдатқышын жұмыс орнында ТТС және ЖС құйып жылытуға р ұ қ с а т е ті л м е й ді .

955. Отын багы оттегі бар баллоннан және от көзінен 5 м қашықтықта, жұмыс орнынан 3 м қашықтықта болуы керек. Осының өзінде отын багына жұмыс кезінде ұшқын шашырамайтындай орнатылуы қажет.

956. Бензинмен, керосинмен кесу жұмыстарын жүргізу кезінде:

- 1) отыны бар бакта кескіш оттегі қысымынан артық қысым ұстауға;
- 2) кескіштің буландырғышын қатты қыздыруға, сондай-ақ кескішті жұмыс кезінде басын жоғары ұстап, ілуге;
- 3) кескішке оттегімен отын беруші шлангілерді қысуға, сындыруға, бұрауға;
- 4) кескішке оттегі беретін шлангіні отын беретін шлангі ретінде пайдалануға жол берілмейді.

2 параграф. Дәнекерлеу жұмыстары

957. Дәнекерлеушімен жұмыс істегенде жұмыс орны жанғыш материалдардан таза және 5 м қашықта болуы керек, жанғыш материалдар қоршалып немесе көбіктендіргішпен, сумен бүркелуі қажет.

958. Дәнекерлеу шамдары толық ақаусыз болып, айына бір рет герметикалық жағдайы тексеріліп, нәтижесі арнайы журналға жазылуы қажет. Одан басқа жылына бір рет оларды гидросынақтан өткізу қажет.

959. Әрбір дәнекер шамының зауыттың гидросынақтан өткізілгені жөніндегі құжаты және рұқсат етілетін қысым мөлшері белгілі болуы қажет. Сақтандыру клапандары тиісті қысымға реттеліп, манометрлері ақаусыз жағдайда болуы қ а ж е т .

960. Дәнекерлеу шамдарына май құю мен оларды іске қосу арнайы орындарда ат қ а р ы л у ы қ а ж е т .

961. Дәнекерлеу шамдарына жалын шашылмау үшін құйылатын отын бөтен қоспалар мен судан тазартылады.

962. Дәнекерлеу шамы жарылып кетпеу үшін:

- 1) керосинмен жұмыс істейтін лампаларға бензин немесе бензин мен керосин қ о с п а с ы н қ о л д а н у ға ;
- 2) шамды ауамен толтырғанда құжатында көрсетілген қысымнан артық қ ы с ы м б е р у ға ;
- 3) шамға оның ыдысының 3/4 бөлігінен артық отын құюға;

- 4) шам суымай тұрып, ауа винтін немесе отын құю қақпағын ашуға;
5) ашық от қасында шамды жөндеуге немесе оған отын құюға (оның ішінде жанған сіріңке мен темекі жақындатуға) жол берілмейді.

48-тарау. Бөлмелерге жылу беру және кептіру қондырғыларын орнату және пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары

1 параграф. Жалпы талаптар

963. Бірыңғай жедел құрастырмалы (жедел жылжымалы) ғимараттарды жылыту үшін тек бу және май калориферлері және зауыттан шығарылған электр жылытқыштары пайдаланылады.

964. Су киімдер мен аяқ киімдерді кептіру тек орталықтан бу арқылы жылытылатын арнайы бөлмелерде немесе су калориферлерін пайдалану арқылы кептірілуі тиіс.

965. Кептіру құралдарын тамбурларда және басқа да шығу жолдарына орнатуға тыйым салынады.

966. Металл құрылысты полимерлі жылытқыштар орнатылған үйлерде құрылыс жұмыстары жүріп жатқан кезде ауа немесе сумен жылыту жүйелерін пайдалануға болады, олардың от жағылатын бөлігі үйден тыс кемінде 18 м қашықтықта, өртке қарсы қабырғадан сырт орналасуы тиіс.

Жылу құбыры мен қоршау құрылысына дейінгі аралық 100 метрден кем болмауы тиіс.

967. Жылу бөлмелерінде ашық от жағуға, ашық отты пайдалануға, электр калориферлерін, газ жылытқыштарын, инфрақызыл сәулелі жылытқыштарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

2 параграф. Бөлмелерді инфрақызыл сәуленің газды жылытқыштарымен кептіру кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары

968. Инфрақызыл сәулелі жылжымалы және тұрақты қондырғылар газ беруі тоқталысымен сөнетін автосөндіргішпен қамтамасыз етілуі тиіс.

969. Инфрақызыл сәулелі газ ысытқыштарды пайдалану мен монтаждауға арнайы бағдарлама бойынша газ ісі жөніндегі техникалық минимумнан өткен және газ жұмыстарына жіберілу құқын растайтын квалификациялық куәлігі бар тұлға жіберіледі.

970. Еденге орнатылатын инфрақызыл сәуле шашқыш газ ысытқыштары

арнайы нық тұратын тұрақтарға орнатылуы тиіс. Газы бар баллон қондырғы мен өзге аспаптардан 1,5 м, электр счетчигі, электр түймелері өзге аспаптардан 1 м қ а ш ы қ т ы қ т а о р н а л а с у ы т и і с .

Ысытқыштар мен жанғыш заттар арасы 1 м, ауыр жанатын заттар 0,7 м, жанбайтын заттар арасы 0,4 м болуы тиіс.

Сұйытылған газдағы қондырғыны монтаждау кезінде шлангілердің ұзындығы жұмыстың ыңғайлылығын қамтамасыз ететіндей қысқа болуы тиіс. Кептіру орны мен жалғастыру желісінің арасы 30 м аспауы тиіс. Газ торабынан қондырғы алысырақ болғанда болат құбырдан уақытша газ құбырын салу қажет.

Иілгіш шлангілер жалғасудың герметикалығын қамтамасыз ететін болттардың қамыттардың және гайкалардың көмегімен редуктор мен құбырға ж а л ғ а с т ы р ы л у ы т и і с .

971. Инфрақызыл сәуле шашатын ысытқыштар жұмыс істеп тұрған жерде жанғыш және ауыр жанғыш заттарды сақтауға және жұмыс істеуге болмайды.

972. Инфрақызыл сәулелі ысытқыштарды пайдаланғанда:

1) жұмыс істеп тұрған қондырғыны қараусыз қалдыруға;
2) керамикасы зақымдалған және ашық жалын шығаратын ысытқыштарды п а й д а л а н у ғ а ;

3) егер бөлмеде газдың иісі шықса қондырғыны пайдалануға;
4) ысытқыштар сәулесін жанғыш материалдарға, газы бар баллондарға, газ құбырларына, электр сымдарына бағыттауға болмайды;

5) газды қондырғыларды қатты отын пайдаланатын жылытқыштармен бір уақытта пайдалануға жол берілмейді.

973. Ашық алаңдарда жұмыс істегенде (жұмыс орындарын жылытқанда, су киімдерді кептіргенде) тек желге тұрақты ысытқыштарды пайдалану қажет.

3 параграф. Сұйық және газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін жылу генераторларын пайдалану мен монтаждау кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары

974. Ауа қыздырғыш қондырғылар салынып жатқан үйден кемінде 5 м қ а ш ы қ т ы қ т а б о л у ы қ а ж е т .

Отын құятын ыдыс көлемі 200 литрден артық болмай, қондырғыдан кем дегенде 10 м, салынып жатқан үйден 20 м қашық болуы тиіс. Ауа жылытқышқа жанар май мен металл түтік арқылы берілуі тиіс. Май жеткізуші түтіктер арматурасы мен қосылғыштары тек зауытта жасалған болып, олар май т а м ы з б а у ы т и і с .

Өрт немесе апат болған жағдайда пайдалану үшін май ыдысы жанына бұрама о р н а т у қ а ж е т .

975. Газбен жұмыс істейтін қондырғыларды монтаждау мен пайдалану кезінде мынадай талаптар:

1) жылу шығаратын қондырғылар, зауыттың құжаты бар, стандартты ысытқыштар орнатылуы;

2) ысытқыштар жалыны үздіксіз тұрақты болып, оларды азайтып-көбейту тәртібі дұрыс болуы тиіс;

3) жылу шығару қондырғысы орнатылған үй-жайдың ауа ауысу реті қалыпты ауысудан үш есе жоғары болуы қажет.

976. Жылу шығарғыш қондырғыларды пайдаланған кезде:

1) отын тасымалдау түтіктері герметикалық бекітілмеген, жылу шығару форсункасы нығыз орнатылмаған, жану қалдықтарын бөлмеген тарататын ақаулы түтік шығарғыштары бар, ақаулы электр қозғалтқыштары мен жүргізу механизмі, сондай-ақ жылу қорғағышы жоқ электр қозғалтқышы мен басқа да ақаулары болса;

2) ретке келтірілмеген форсункамен жұмыс істеуге (отын қалыпты жанбаса);

3) отын түтіктерін резина, поливинилхлорлы муфталармен жалғауға;

4) агрегат пен отын багы жанына жанғыш қоршау орнатуға;

5) отын құбырларын ашық отпен қыздыруға;

6) қысқа мерзімге тоқтаған соң жылу шығарғыш агрегатты ауа үрлетпей қосуға;

7) жанғыш қоспаны көру тесігі арқылы жағуға;

8) шамдардың электродтарын жұмыс істеп тұрғанда реттеуге;

9) жылу шығарғыштың ауа сорғыш коллекторында қорғаныштары болмаса, жұмысқа қосуға жол берілмейді.

4 параграф. Электркалиферлерді монтаждау және пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары

977. Электрокалиферлер пайдалануға және монтаждауға тек заводта жасалғаны, жарамды сигнализациялы және тосқауылды, желдеткіш жұмыс істемегенде қыздырғыш элементтерге электр энергиясының берілуін болдырмайтын, электр және жылу қорғанысы қарастырылған күйде беріледі.

978. Электркалиферді монтаждау, жұмысқа дайындау, іске қосу дайындаушы зауыт төлқұжатында көрсетілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

979. Электр калорифері мен желдеткіші арасына жұмсақ қыстырма қоюға рұқсат етілмейді.

980. Электркалиферлерін пайдалану кезінде:

1) дабыл қаққышты немесе тосқауылды сөндіруге;

2) электркалиферден шығарда ауа температурасын жоғарылату

дайындаушы-зауыттың белгілеуімен іске асады;

3) желдеткіш жұмыс істемей тұрғанда электркалиферді қосуға (тосқауылды әр іске қосар алдында тексереді);

4) электркалиферде немесе оның маңында киім кептіруге немесе басқа да жанғыш материалдарды;

5) жұмыс істеп тұрған электркалифер орнатылған бөлмеде жанғыш заттар мен материалдарды сақтауға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасындағы

Өрт қауіпсіздігі ережесіне

(20-2005 ҚР ӨҚЕ негізгі талаптары)

1-қосымша

Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқауларға қойылатын талаптар

Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулар ғимараттардың, құрылыстардың, технологиялық процестердің, технологиялық және өндірістік жабдықтардың қауіптілік белгілерін ескере отырып, өрт қауіпсіздігі ережесі, нормативтік-техникалық, нормативтік және басқа да өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтитын құжаттардың негізінде әзірленуі қажет.

1. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқауларда мынадай мәселелер:

1) аумақтардың, ғимараттар мен бөлмелердің, оның ішінде эвакуациялық жолдарды ұстау тәртібі;

2) технологиялық процестерді жүргізу, жабдықтарды пайдалану, өрт қаупі бар жұмыстарды атқару кезіндегі өрт қауіпсіздігін оқып-үйрену жөніндегі шаралары;

3) жарылыс өрт қаупі және өрт қаупі бар заттар мен материалдарды сақтау және тасымалдау нормалары мен тәртібі;

4) темекі шегу орындары, ашық отты пайдалану және отты жұмыстарды жүргізу;

5) жанғыш заттар мен материалдарды жинау, сақтау және жою тәртібі, арнайы киімдерді ұстау және сақтау;

6) бақылау-өлшеу құралдарының (манометрлер, термометрлер) ауытқуларынан өрт немесе жарылыс туғызатын шекті көрсеткіштері қамтылуы қажет.

2. Өрт кезіндегі міндеттер мен әрекеттер, оның ішінде:

1) өртке қарсы қызметі бөлімшелерін шақырудың жүйесі;

2) технологиялық жабдықтардың авариялық тоқтау тәртібі;

3) желдеткіштер мен электр жабдықтары сөндіру тәртібі;

4) өрт сөндіру құралдары мен өрт автоматикасы қондырғыларын қолдану е р е ж е с і ;

5) адамдарды, жанғыш заттар мен материалды құндылықтарды көшіру тәртібі ;

6) кәсіпорынның (бөлімшелердің) барлық бөлмелерін тексеру және өрт жарылыс қауіпсіздігі жағдайына келтіру.

Қазақстан Республикасындағы

Өрт қауіпсіздігі ережесіне

(20-2005 ҚР ӨҚЕ негізгі талаптары)

2-қосымша

Алғашқы өрт сөндіру құралдарының қажетті санын анықтау

1. Қажетті өрт сөндіру құралдары мен олардың түрлерін анықтау кезінде жанғыш бұйымдардың өрт қауіпсіздік және физико-химиялық қасиетін, олардың өрт сөндіретін заттарға қатысын, сондай-ақ, өндірістік ғимарат алаңын, ашық алаңдар мен қондырғыларды есепке алу қажет.

2. Заттардың тұтануы кезінде кішігірім от ошақтарын өшіруге арналған көлемі 1х1 метрден кем емес киіз, жүн маталар және асбестік кенеп. ТТС және ЖГ сақтау мен қолдану орындарында кенептердің көлемі ұлғаюы мүмкін ($2 \times 1,5; 2 \times 2$ м) .

3. 1174-2003 ҚР СТ сәйкес су сақтауға арналған бөшкелердің көлемі $0,2 \text{ м}^3$ кем болмауы және шелектері болуға тиіс. Құмға арналған жәшіктер көлемі $0,5; 1,0$ және 3 м^3 , сонымен бірге сүйір күректермен болуы қажет.

4. Өртке қарсы қабырға құрылысына кіретін құмға арналған сыйымдылық кеңдігі $0,1 \text{ м}^3$ кем болмауы тиіс. Жәшік құрылысы құмның оңай шығуын және оған қалдықтардың түспеуін қамтамасыз етілуі қажет.

5. Технологиялық жабдықтарды өрт сөндіргіштермен толықтыру техникалық жабдықтардың осы жабдықтарға қойылатын талаптарына (паспорттарына) немесе тиісті өрт қауіпсіздігі ережесіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

6. Шетелдік жабдықтарды өрт сөндіргіштермен толықтыру оны жеткізудің келісімінің шарттарына сәйкес жүргізіледі.

7. Өрт сөндіргіштердің қажетті санының есебі мен таңдау үлгісі олардың өрт сөндіру қабілеттілігіне, шекті алаңына қорғалатын ғимараттағы жанғыш заттар мен материалдардың өрт класына байланысты 1 және 2 кестеде берілген мәлімет негізінде жүргізілуі ұсынылады:

А класы - қатты заттардың, негізінен бұзылуға әкеліп соғатын органикалық

заттардың жануы (ағаш, текстиль, қағаз);

В класы - жанғыш сұйықтықтардың немесе балқитын қатты заттардың жануы ;

С класы - газдардың жануы ;

Д класы - металдар мен қорытпалардың жануы ;

Е класы - электр қондырғыларының жануына байланысты өрттер.

Өрт сөндіргіш үлгілерін таңдау (жылжымалы немесе қол өрт сөндіргіші) өрт ошақтарының көлеміне байланысты.

Айтарлықтай көлемде болса, жылжымалы өрт сөндіргіш түрін таңдаған д ұ р ы с .

8. Өрт сөндіргішті пайдалану температурасының мөлшеріне сәйкес таңдағанда ғимараттар мен құрылыстарды пайдаланудың климаттық жағдайын е с к е р у қ а ж е т .

9. Егер біріккен өрт ошақтары болса, онда өрт сөндіргішті таңдау мүмкіндігі жан-жақты көп қолданылатынына беріледі.

10. Әр түрлі санаттағы ғимараттың көлемді алаңы үшін өрт сөндіргіштің 1 және 2 кестелерде берілген үлгілерінің біреуін ("++" немесе "+" белгісінің алдындағы) қ а р а с т ы р у қ а ж е т .

